Музыка жетекшісінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы №13«Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балдырған» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023оқу жылы.

№	ҰІӘ тақырыбы	ҰІӘ мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Қуыршақ Әйгерімнің барабаны	Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру.	1	06.09
2	«Әжемнің әні	Балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдауда зейіні мен есте сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту.	1	13.09
3	Сылдырмақтар сылдырлап	Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты ойната білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру.	1	20.09
4	Айгөлектей дөңгелеп	Балаларды еліміздің Әнұранын тыңдауда ерекше эмоциялық сезімде қабылдауға және әннің сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	1	28.09
5	Ару күз	Балалардың жаңбыр туралы әнді тыңдауға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, ілесе айта білу дағдыларын жетілдіру; күз кереметтерімен таныстыру.	1	04.10
6	Күз сыйлаған топ-топ	Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.	1	11.10

7	Көңілді тоқаштар	Балалардың дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету;әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогқа ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру.	1 18.10
9	Жайсаң күз	Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру.	1 01.11
10	Пойыз	Балалардың әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін дамыту; музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1 08.11
11	Кірпі	Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру.	1 15.11
12	Ормандағы бауырсақ	Балалардың мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсіне білуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу.	1 22.11
13	Аппақ қар	Балаларда музыка тыңдай отырып, шат-шадыман көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғаққа сай қимылдар жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің кереметтерімен таныстыру.	1 29.11
14	Елтаңбасы елімнің	Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	1 06.12
15	Әсем шырша	Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдап, ілесе айта білуге және жаттығулар жасай білуге үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; жаңа жылдың әсерлі кереметтерімен таныстыру.	1 13.12
16	Аяз ата сыйлығы	Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	1 20.12
17	Көңілді қыс	Балаларда музыка тыңдай отырып, шат-шадыман көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғаққа сай қимылдар жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің кереметтерімен таныстыру.	27.12
18	Көңілді пойыз	Балалардың әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін дамыту;	10.01

		музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.		
19	Әжемізде қонақта	Балаларда музыканы тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезіміне үйрету; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына машықтандыру; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру; қоршаған орта туралы түсінік беру.	1	17.01
20	Желбірейді жалауша	Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	1	24.01
21	Қошақан	Балаларда музыканы тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезіміне үйрету; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына машықтандыру; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру; қоршаған орта туралы түсінік беру.		31.01
22	Ұшқыш	Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.		07.02
23	Электроника әлемі	Балаларда әуенді есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; техника туралы мағлұмат беру.	1	14.02
24	Домалайды доп	Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1	21.02
25	Көңілді торғай	Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, орындай білуге үйрету; хорда айнала жүріп, өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылық тудыру; көктем және құстар туралы түсінік беру.	1	28.02
26	Таза бұлақ	Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.	1	07.03
27	Наурыз – жыл басы	Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып,әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең	1	14,03

		айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.		
28	Ғарыштағы ғажайыптар	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру.	1	04.04
29	Жер-ана, кең дала!	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету	1	11.04
30	Жасыл желек	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі ағаштар туралы түсінік беру.	1	18.04
31	Әлди-әлди, бөпешім!	Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	1	25.04
32	жайлауда	Балаларда музыканы тыңдата отырып, қызығушылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету;		02.05

		көңілді музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасауда шығармашылыққа баулу; көжектің ерекшелігімен таныстыру.		
33	Көктем гүлі	Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.		16.05
34	Көңілді барабан	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру.	1	23.05
35	Кел билейік	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету.		30.05
			36 сағат	

«Көгершін» ортаңғы топқа арналған Музыка оқу іс әрекетінің перспективалық жоспары 22-23 оқу жылы

Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты мен міндеттері	Репертуарлар
Бақшаға келемін	7.09 14.09	Балабақша туралы әңгімелеу. Бірініңартынан біріжүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету.Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкағадеген құштарлығынарттыру.	**Музыка тыңдау:** «Сәби қуанышы»Е. Хасанғалиев. **Ән айту:** «Топ-топ, балақан»М. Арынбаев, А. Асылбек. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Достастық» беларус халық әуені, Р. Рустамов. «Кел, балақан» К. Қуатбаев, А. Асылбек.

Менің добым	1 21.09	Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдейқарқында әнсалуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен біргеби қозғалыстарының қарапайым элементтерінорындауға үйрету.	**Музыка тыңдау**: «Құлыншақ»Қ. Шілдебаев, И. Сапарбай. **Ән айту:** «Доп» Б. Қыдырбек, А. Асылбек. «Топ-топ, балақан» М. Арынбаев, А. Асылбек (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жүгіреміз» Г. Фрид. «Доптармен жаттығулар»А. Жилинский (тәрбиешінің көрсетуімен). «Өз түсіңді тап» ойыны Г. Омаров.

Біздің қуыршақ	2 28.09 5.10	Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыптыұстауға, әдептілікке тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау:** «Кір қуыршақ»И. Нүсіпбаев, Ж. Қашқынов. **Ән айту:** «Көңілді қуыршақтар» Г. Жотаева. «Доп» Б. Қыдырбек, А. Асылбек (қайталау.) **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Балдырғандар маршы» К. Қуатбаев. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан). **«**Кел, балақан» К. Қуатбаев, А. Асылбек.
Бұл қай кезде болады?	2 12.10 19.10	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердіңмазмұны мен көңіл күйін қабылдау; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.	**Музыка тыңдау:** «Күз - жомарт»Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы. **Ән айту:** «Күз келді» А. Досмағамбетова. «Көңілді қуыршақтар» Г. Жотаева (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Күзгі жапырақтар биі» (Вальс) А. Аренский. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан) (қайталау); «Жапырақтардың түсін ажырат» (педагогтіңтаңдауы бойынша).

Көңілді жаңбыр	1 26.10	Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау,есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдейқарқында ән салуға баулу; музыканың би сипатын игеру.	**Музыка тыңдау:** «Күз» С. Кибирова. **Ән айту:** «Жау, жаңбыр» Т. Сарыбаева,А. Асылбек. «Күз келді» А. Досмағамбетова (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Қолшатырлар биі» (музыка жетекшісінің таңдауымен). «Күзгі жапырақтар биі» (Вальс)А. Аренский (қайталау). «Күн мен жаңбыр» **(**Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).
Торғайлар	2 02.11 09.11	Балаларға күз мезгіліндегі құстардыңіс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.	**Музыка тыңдау: «**Құстар жем шоқиды»Е. Тиличеева. **Ән айту:** «Торғай» А. Райымқұлова. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Қолшатырлар биі» (қайталау). «Мысық пен торғайлар» ойыны. «Құстар» Л. Банников.
Қызыл, жасыл, көк шар	1 16.11	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларшулы аспаптары бубен, сылдырмақ дыбысталуы динамикасын ажыратуғаүйрету.	**Музыка тыңдау:** «Қуанамын» М. Ержанов,өңдеген А. Исакова. **Ән айту:** «Шар» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдрашев. «Торғай» А. Райымқұлова (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Марш» М. Раухвергер. «Кішкентай би» Н. Александрова. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны.

Сылдырмақтар әуені	2 23.11 30.11	Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары жәнетөмен дыбыстауды ажыратуға баулу; аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға,ажырата білуге үйретуді жалғастыру.	**Музыка тыңдау: «**Сылдырмақ»Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. **Ән айту:** «Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай. «Шар» Ж. Әбдірашев, Б. Дәлденбаев (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кішкентай би» Н. Александрова (қайталау)**;** «Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбаев.
Мерекелік ән мен би	2 7.12 14.12	Шығарманы соңына дейін тыңдауға,пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады; бірдейқарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күйсыйлау.	**Музыка тыңдау:** «Шашу» Е. Брусиловский. **Ән айту:** «Мерекелік ән мен би»Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. « Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Марш» М. Робер. «Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбай.
Шыршамызға арнаймыз	2 21.12 28.12	Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердіңорындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделудағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту.	**Музыка тыңдау**: «Жаңа жыл» Қ. Шілдебаев. **Ән айту:** «Арша» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жаңа жыл» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ақшақарлар» биі (Вальс) П. Чайковский «Қар лақтыру» («Балалар полькасы»)А. Жилинский

Аққала	2 4.01 11,01	Көңілді сипаттағы әннің мазмұны менкөңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдейқарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.	**Музыка тыңдау**: «Ақша қар»К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов. **Ән айту:** «Аққала» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Арша» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай (қайталау) **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Полька» В. Косенко. «Ақшақарлар биі» (Вальс) П. Чайковский (үйретуді жалғастыру). «Сиқырлы таяқша» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).
Қысқы әуен	2 18.01 25.01	Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айтуқабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенменбірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	**Музыка тыңдау:** «Шырша» Ж. Мұхамеджанов. **Ән айту. «**Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Аққала» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Полька» Б. Сметана (қайталау). «Ақшақарлар биі» (Вальс) П. Чайковский (қайталау). «Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы») А. Жилинский.
Қоянда қонақта	2 01.02 8.02	Көңілді сипаттағы аспапта орындалғанпьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл- қозғалысын би қимылдарында көрсетебілу.	**Ән тыңдау.** «Қояндар» Е. Тиличеева. **Ән айту:** «Ақ қоян» Б. Аманжол, Н. Жанаев. «Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Қояндар биі» Ж. Оффенбах. «Қояндар мен аю» («Қояндар маршы»)А. Райымқұлова.

Ақ тиін	2 15.02 22.02	Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге,музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарынорындауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.	**Музыка тыңдау:** «Полька» Б. Сметана. **Ән айту:** «Ақ тиін» Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Көңілді би» Ө. Байділдаев. «Кім епті?» Н. Ладухин.
Көңілді достар	1 01.03	Түрлі қарқындағы аспапта орындалғанпьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.	**Музыка тыңдау:** «Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю, «Түлкі») Д. Ботбаев, А. Асылбек.**Ән айту:** «Ақ тиін» Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев. «Ақ қоян» Б. Аманжол, Н. Жанаев (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Балдырғандар маршы» К. Қуатбаев. **«**Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы»)А. Райымқұлова.
Ақ әжем	1 15.03	Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеуменәнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	**Музыка тыңдау**: «Әй-әй бөпем»(халық әні, Қ. Шілдебаев). **Ән айту:** «Ақ әжем» К. Қуатбаев, О. Әубәкіров. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Биге шақыру» А. Тоқсанбаев. «Тайтұяқ пен асатаяқ» А. Райымқұлова, А. Асылбек.
Наурыз-думан	2 29.03	Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету;ойын арқылы музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасынажыратуға баулу.	**Музыка тыңдау:** «Бауырсақ»Ә. Бейсеуов, Н. Арынова. **Ән айту:** «Наурыз» А. Досмағамбетова,орыс тіліне ауд. В. Франк. «Көктем» К. Қуатбаев, А. Асылбек (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**

			«Хош келдің, төрлет, наурызым!» әні (үнтаспада)Б. Бейсенова.
Шуақты көктем	2 05.04	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; үнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі биқимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және	**Музыка тыңдау:** Үнтаспадан құстардың дауысынтыңдау. **Ән айту: «**Көктем» К. Қуатбаев, А. Асылбек. «Мерекеңмен, анашым» Б. Қыдырбек,И. Сапарбай. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Марш» Е. Брусиловский. «Гүлдермен би» Т. Вилькорейская (қайталау).
Әдемі көбелек	1 12.04	Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеугеүйрету.	**Музыка тыңдау: «**Вальс» (үнтаспадан музыка жетекшісінің таңдауымен). **Ән айту:** «Көктем» К. Қуатбаев, А. Асылбек. «Наурыз» А. Досмағамбетова. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Көбелек»М. Жәутіков («Билеп үйренейік» жинағынан). «Гүлдермен би» Т. Вилькорейская (қайталау). **«**Гүлзардағы көбелектер» (музыкасы педагогтің таңдауымен).
Не қалай дыбыстайды?	1 19.04	Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге,хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының	**Музыка тыңдау:** «Төлдерді шақыру»Д. Ботбаев, А. Асылбек. **Ән айту:** «Төлдер» Б. Ғизатов, Е. Өмірбеков. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Төрттаған» Б. Дәлденбай. **«**Төлдердің анасын тап» («Муз-дидактикалық

Аспаптар әлемі	1 26.04	Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуғаүйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды танысби қимылдарын орындауға үйрету.	**Музыка тыңдау:** «Барабан» Г. Левкодимов. **Ән айту:** «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев,Н. Әлімқұлов. «Төлдер» Б. Ғизатов, Е. Өмірбеков (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Марш» Е. Брусиловский. «Кімнің жүгіргісі келеді?» Л. Вишкарева. «Музыкалық аспаптар дүкені» **(«**Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан).
Кәне, қызық ойын бар	1 03.05	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкессүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу, көңіл күй, шаттық сезімін ояту.	**Музыка тыңдау:** «Мәшине» К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев. **Ән айту:** «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халықәуені, сөзін жазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай). «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Бөбектер биі» К. Қуатбаев. «Жай және жылдам» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек.
Көңілді би	1 17.05	Музыкалық шығарманы эмоцияменқабылдап, еске сақтауға; ән айту барысында шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптасаотырып би қимылдарын орындауға баулу.	**Музыка тыңдау:** «Илигай» халық әні, өңдегенБ. Дәлденбай. **Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» А. Айтуова. «Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова(қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кел, билейік» Ө. Байділдаев («Билеп үйренейік» жинағынан). «Түсті шашақпен би» А. Жилинский (қайталау). **«**Пойыз» К. Қуатбаев, Ж. Смақов.

Ғажайып сылдырмақтар	1 24.05	Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігінеқарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.	**Музыка тыңдау:** «Латыш халық әні»А. Жилинский. **Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» А. Айтуова.Таныс әндерді еске түсіру, қайталау. «Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова. «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кел, билейік» Ө. Байділдаев («Билеп үйренейік» жинағынан). **«**Балалар биі» А. Майкапар.
Қуыршақ Айжанмен билейміз	1 31.05	Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұнымен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға, әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынынөзгерте отырып мәнерлі билеуге дағдыландыру.	**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» Ж. Тұрсынбаев,Е. Өтетілеуұлы. **Ән айту:** «Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова. «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, сөзінжазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай) қайталау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Түсті шашақпен би» А. Жилинский. «Бөбектер биі» К. Қуатбаев (қайталау). **«**Жай және жылдам»
Барлығы	36		

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 7**.09.2022**
14.09.2022 ж
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: Бақшаға келемін

Мақсаты: Балабақша туралы түсінік беру, әңгімелеу. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды;
түсінеді: әннің сипатын сезінеді;

қолданады: ересектермен бірге ән салады.

Көрнекіліктер: балабақша өмірі туралы суреттер, нота хрестоматиясы

Сөздік жұмыс: ойнақы – көңілді

Билингвальді компонент: балабақша – детский сад

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.
Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналуды ұсынады.

Қанша бала, қанша қыз, Бір
шоқ гүлміз баршамыз!Ойын-
күлкі ордасы
Біздің балабақшамыз!

– Балалар, өлеңде не туралы жазылған?
2. Негізгі кезең
– Біз балабақшада не істейміз?
– Балабақша сендерге ұнай ма?
Сұрақ арқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау.
Музыка тыңдау: *«Сәби қуанышы» (Е. Хасанғалиев)*

– Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.
Ән айту. *«Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек)*

Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰОҚ-та жалғастыру.
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Достастық» беларус халық әуені*

Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Педагогтердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету.

Муз-дидактикалық ойын: «Кел, балақан» (К. Қуатбаев)

Ән-ойын мәтініне сай жай және қатты шапалақтау, аяқ топылдату арқылы динамикалық реңкті ажыратуға үйрету.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия.

– Қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
– Балабақшадағы достарың туралы не айта аласыңдар? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Күні: 21.09.2022ж

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Менің добым

Мақсаты: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: би әуендеріне сәйкес қарапайым қимылдар орындайды;
түсінеді: таныс әндерді біледі;

қолданады: сипатын сезініп, бірдей қарқында ән салады.
Көрнекіліктер: бала саны бойынша доптар, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: ширақ

Билингвальді компонент: доп – мяч

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды көңілді қарсы алады. Шеңбер бойымен музыкаға ілесіп жеңіл жүгіруді ұсынады. *«Жүгіреміз» музыкасы.*

2. Негізгі кезең

Шаршамайсың, шалдықпайсың, доп, қалай?
Секіресің, секеңдейсің тоқтамай.
Асыққанда арықтан да аттайсың,
Бірақ түссең, батпайсың. *(Р. Тышқанбаев)*

Балаларға доптар таратылады.

Музыка тыңдау: *«Құлыншақ» (Қ. Шілдебаев, И. Сапарбай)*

Әнді тыңдап, сипатына, екпініне мән беруге, мазмұнын түсінуге үйрету. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын ояту.

Ән айту: *«Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек).* Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.

«Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек) әнін қайталау, еске түсіру.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Доптармен жаттығулар» (Г. Фрид)* (тәрбиешінің көрсетуімен). Ырғақты сезіне, допты қолдана көрсетілген би қимылдарын қайталау.

«Өз түсіңді тап» ойыны.

Шарты: 3 топқа бөлініп, 3 түрлі шарлар немесе ленталар ұстайды. Ортаға шарлардың түстеріне сәйкес түске боялған құрсаулар қойылады. Музыка ойналғанда балалар жеңіл жүгіреді, аяқталғанда әрқайсысы шарларының түстеріне сәйкес құрсауға жиналуы қажет.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

Доп «секіреді», «домалайды», «жүгіреді» қимылдарын пысықтау, таныс әндерді ескетүсіру. Қорытындылау, мадақтау.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Күні: 28.09..2022 ж
05.10.2022 ж

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Біздің қуыршақ

Мақсаты: Қуыршақ ойыншығы арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Сабырлы сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге, ересектермен бірге ән салуға үйрету.
Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:
жасайды: ырғақты сезіне би қимылдарын қайталайды;
түсінеді: әндердің сипатын, мазмұнын және көңіл күйін түсінеді;
қолданады: ересектермен қосыла ән орындайды.
Көрнекіліктер: қуыршақтар, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: ойыншық, қуыршақ

Билингвальді компонент: қуыршақ – кукла

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Балдырғандар маршы» ойналып, балалар педагогтің көрсетуімен әуенді қимыл-қозғалыстарды бірге қайталайды.
Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқты нық басып жүруге, серіппелі қозғалыс жасау, айналу т.б. қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.

2. Негізгі кезең

Балалардың назарын үстел үстіндегі қуыршаққа аударады.

Жуын, жуын, жуынсақ,
Қандай жақсы, қуыршақ!
Әйтпегенде, бөпешім,
Кірлеп кеткен екенсің.
Қазір аппақ баласың,
Қуанады анашың. *(М. Жаманбалинов)*

***Музыка тыңдау**. «Кір қуыршақ» (И. Нүсіпбаев, Ж. Қашқынов)*

Әннің мазмұнын, сипатын түсіндіру. Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.
***Ән айту:** «Көңілді қуыршақтар» (Г. Жотаева)*

Әнді орындап беріп, әуенін ересектермен бірге қосыла айтуға үйрету.
«Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек) әнін еске түсіру, қайталау.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Көңілді қуыршақтар биі»*
(«Билеп үйренейік» жинағынан).

Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын орындауға үйрену. Әуеннің көңілді сипатына сай ширақ қимылдауын, мәнерлі билеуін қадағалау.
Кел, балақан» (К. Қуатбаев, А. Асылбек)

Ән-ойынды еске түсіру, пысықтау.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
Педагог оқу қызметіне белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Күні: 12.10.2022 ж
19.10.2022 ж

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Бұл қай кезде болады?

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: әуенге сәйкес қарапайым би қимылдарын орындайды;

түсінеді: әннің көңіл күйін қабылдайды;

қолданады: аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады.

Көрнекіліктер: түрлі түсті жапырақтар; түрлі түсті құрсаулар, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: күз мезгілі, атырап

Билингвальді компонент: күз – осень, жапырақ – листья

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; суреттер көрсету арқылы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.

2. Негізгі кезең

Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз
Дүкендерге түседі.
Алма, алша, жүзім, өрікБәрі
уылжып піседі.
Айтыңдаршы, балақандар,Бұл
қай кезде болады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Музыка тыңдау: *«Күз – жомарт» (Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы*)

Түрлі сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін тыңдау.

Ән айту: *«Күз келді» (А. Досмағамбетова)* әнін педагог орындап, әннің мазмұны, сипаты туралы түсіндіреді. Екінші рет орындап, ән әуеніне «ля-ля» буынымен қосыла айтуды

ұсынады. Келесі ҰОҚ *«Көңілді қуыршақтар» (Г. Жотаева)* – таныс әнді қайталау.

Алтын сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ Күзгі
бақта күлімдеп, Көз тартады
атырап!

Балаларды жапырақтармен билеуге шақырады.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:

«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский)

Балаларға түрлі түсті жапырақтар таратылады. Әуен ырғағына сәйкес би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады.
«Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан).

Педагог таныс би қимылдарының элементтерін қайталауды ұсынады.***«Жапырақтардың түсін ажырат» қимылды ойыны*** (сары, қызыл, жасыл, қызғылтсары).
Әуен ойналып, әртүрлі түстегі жапырақтарды сол түске сәйкес қойылған құрсауларға ептілікпен, шапшаңдықпен жинау. Әуені музыка жетекшісінің таңдауымен.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
– Күзде балалар қандай киімдер киеді?
– Жапырақтардың түстері қандай болады?
– Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен?
Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ бекіту.
«Күзгі жапырақтар» атты ұжымдық жұмыс жасау тапсырылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 26.10.2022 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Көңілді жаңбыр

Мақсаты: Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; би әуенін сипатына сай игеру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: би әуенінің сипатын сезінеді;

түсінеді: пьесаны тыңдап, еске сақтайды;

қолданады: таныс әндерді бір қарқында орындайды.

Көрнекіліктер: «Күн мен жаңбыр» үлестірмелі текшелер, қолшатырлар, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: қолшатыр

Билингвальді компонент: жаңбыр – дождь

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Педагог балаларды күзгі жапырақтармен қарсы алып, билеуді ұсынады.
«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский) би қимылдарын қайталау.

2. Негізгі кезең
Бұлттар, бұлттар, аусаңшы
Күркіреп, дүркіреп.

Бұлттар, бұлттар, жаусаңшы,
Сіркіреп, бүркіреп!

Музыка тыңдау: *«Күз» (С. Кибирова*)

Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету.

Ән айту*: «Жау, жаңбыр» (Т. Сарыбаева, А. Асылбек)*

Әннің сипатын түсіндіріп, бірге қосыла орындауға үйрету. Әннің мазмұны туралы түсінікберу. *«Күз келді» (А. Досмағамбетова)* әнін қайталау, еске түсіру.

«Күзгі жапырақтар» атты ұжымдық жұмысты бірге тамашалау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Үнтаспада «жаңбыр» дыбысы естіліп, педагогбалаларға кішкентай қолшатыр үлестіреді.

Қолшатырды ашайық,
Жаңбырдан біз қашайық!

«Қолшатырлар биі». Әуен ырғағына сай би қимылдарын көрсетеді, қайталатады.

«Күн мен жаңбыр» (Музыкалық-дидактикалық ойындар жинағынан).

Шығарманың әртүрлі сипатын ажыратуға, көңіл күйін сезіне білуге баулу.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Жаңа ән не туралы екен?
– Қолшатыр не үшін қажет?
– Тамшылардың дыбысы қандай?
Балаларды мадақтау.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 02.11.2022 ж
09.11.2022 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Торғайлар

Мақсаты: Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: музыка ырғағымен қозғалып, қарапайым қимылдарды орындайды;
түсінеді: әртүрлі сипаттағы пьесаларды тыңдайды;

қолданады: музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.

Көрнекіліктер: торғай суреті немесе ойыншық торғай; торғайлар және мысық атрибуттары, ойынға арналған жіп, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: торғай, ұя

Билингвальді компонент: торғай – воробей

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді ұсынады.

Нық басып келеміз!Бір,
екі, үш!
Көңілді жүреміз!Бір,
екі, үш!

2. Негізгі кезең

Балалар, мұнда келіңдер,
Қызықты көріңдер!
Торғай ұшып келіпті,
Үй үстіне қоныпты. *(Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).*

Шиқ-шиқ етіп дыбыстайды,
Ешбір құстан қалыспайды.
Тұмсығымен жер шоқып,
Тары, бидай тереді.

Музыка тыңдау: *«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева).*

Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды.
Ән айту: «*Торғай» (А. Райымқұлова)* әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте

балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биін» қайталау, әуенге ілесе жапырақтарды жоғары көтере тербеле қозғалуын, еске сақтауға үйрету.

«*Мысық пен торғайлар» ойыны* (*«Құстар» Л. Банников)* әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп:

Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды,
Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды.
Мияу-мияу... –

деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

Шиқ-шиқ еткен торғайды
Қорғамасақ болмайды.
Қамқорлыққа алайық, Ұясына
салайық.

– Балалар, топта тәрбиешімен бірге торғайға ұя жасап берейік.

Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 16.11.2022 ж

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Қызыл, жасыл, көк шар

Мақсаты: Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажыратабілуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: би қимылдарының қарапайым элементтерін қайталайды;
түсінеді: шығарманың мазмұны мен сипатын, көңіл күйін түсінеді;
қолданады: әнді сипатына сәйкес орындайды.
Көрнекіліктер: әртүрлі шарлар, құрсаулар, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: шар, құрсау

Билингвальді компонент: қызыл – красный, көк – синий, жасыл – зеленый

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу.
Марш (М. Раухвергер) ойналып, шеңбер бойымен жүріп, марш екпінімен тізені көтере адымдай басу.

Балалар санына сай түрлі түсті шарларды дайындау, тарату. Шармен музыка жетекшісінің таңдауымен әуенге би қимылдарын көрсету.

2. Негізгі кезең

Кімде қандай түсті шар?
Қызыл, сары, көк шар,
Қолымызда көп шар
Әуеде қалқиды,
Әніміз шалқиды.

Музыка тыңдау:

– Балалар, сендер шармен ойнағанда қуандыңдар ма? Олай болса, мына әуенді бірге тыңдап көрейік.

«Қуанамын» (М. Ержанов, өңдеген А. Исакова).

Әннің көңіл күйі мен сипатына балалардың көңілін аудару.
Ән айту: *«Шар» (Б. Дәлденбаев, Ж. Әбдірашев).*

Әнді орындап, көңілді, ойнақы орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше ретқайталап, үйрету. Балаларға ән мазмұнына сәйкес би қимылдарын жасауды ұсыну.
«Әуеде қалқиды» деген жерде шарларын қалықтата бұлғауы керек.
«Торғай» (А. Райымқұлова) әнін қайталау, еске түсіру.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Кішкентай би» (Н. Александрова).*

Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуға үйрету.
Өткен ҰОҚ-де үйренген таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің сипатына сай біргеқосыла, дауысқа күш түсірмей, мазмұнын түсіне орындауға үйрету.
«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны («Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан)
Балалар музыкалық аспаптардың дауыстарын ажыратады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Әннің көңіл күйі қандай?
– Кімге қандай музыкалық аспап ұнады?
Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 22.11.2022 ж
30.11.2022 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Сылдырмақтар әуені

Мақсаты: Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстарды ажыратуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретудіжалғастыру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: әуен ырғағына, ән мәтініне сай сылдырмақпен би қимылдарын жасайды;
түсінеді: балалар аспабының дыбысталуын ажыратады;
қолданады: аспаптың сүйемелдеуімен бір қарқында таныс әндерді айтады.
Көрнекіліктер: бала саны бойынша сылдырмақтар.

Сөздік жұмыс: сылдыр-сылдыр

Билингвальді компонент: сылдырмақ – погремушка

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасыпайналу қимылдарын жасау.

2. Негізгі кезең

Қолымызда сылдырмақ,
Сылдыр-сылдыр етеді.
Аяғымыз топылдап,
Өзі билеп кетеді.

Ән айту: *«Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай)*

Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнге қосады. *«Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)*

Музыка тыңдау: *«Сылдырмақ» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек)*

Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдау, дыбыс биіктігін ажыратуға үйрету.Әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Кішкентай би» (Н. Александрова (қайталау).*

Ырғақты сезіне, мәнерлі, өзара қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруге үйрету. ***«****Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай).*

Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Ән қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Күні: 7.12.2022 ж
14.12.2022 ж

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Мерекелік ән мен би

Мақсаты: Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге үйрету. Бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге дағдыландыру. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: марш сипатын сезіне, жалаушалармен би қимылдарын орындайды;
түсінеді: пьесаның көңілді мазмұнын түсінеді;

қолданады: таныс әндерді бір қарқында айтады.

Көрнекіліктер: бала санына сай жалаушалар, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: жалауша, көкпеңбек

Билингвальді компонент: жалауша – флажок

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады. Педагогтің таңдауымен таныс әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, жеңіл жүгіруін қадағалайды.

2. Негізгі кезең

Балаларға мерекелік күндер туралы түсіндіру. Мереке күнінің басқа күндерден айырмашылығын, адамдардың ән салып, би билеп, қуанышты көңіл күйде болатындығын әңгімелеу.

Көңілді, көңілді
Әндерді шырқаймыз.
Көгілдір, көгілдір
Туларды бұлғаймыз!

Музыка тыңдау: *«Шашу» (Е. Брусиловский).*

Пьесаны соңына дейін тыңдап, еске сақтайды, эмоциялық көңіл күй танытуларын байқау.

Ән айту**:** *«Мерекелік ән мен би» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек).*

Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталату. Ән айту ережелерін еске салу. Келесі ҰОҚ-де таныс әндерді қайталап еске түсіру.
«Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай) әндерін қайталау. Бірін-бірі тыңдай отырып, бірдей қарқында айтуға үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Марш» (М. Робер).*

Жалаушалар ұстап, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканыңсипатын игере мәнерлі орындауға үйрету.
«Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай).

Әуенді тыңдап, ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.
Ойынды еске сақтап, белсене қатысуға баулу.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Мерекеде көңіл күй қандай болады?
– Жалауларды қалай бұлғаймыз?
– Әннің сипаты қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 21.12.2022 ж
28.12.2022 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Шыршамызға арнаймыз

Мақсаты: Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенімен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: вальс әуеніне қарапайым би қимылдарын орындайды;
түсінеді: әннің сипатын сезінеді;

қолданады: аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады.

Көрнекіліктер: ойыншық шырша, «ақшақарлар» – қар әшекейлері; «қарлар» және қорапшалар, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: шырша, арша

Билингвальді компонент: шырша – елка

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Үнтаспада *«Жаңа жыл» (Б. Бейсенова)* әні орындалып, балаларды қарсы алу.
Көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.

Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Қайырмасында бір орында тұрып, қол шапалақтайды.
2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету.

2. Негізгі кезең
Қыс мезгілі туралы, табиғаттағы ерекшеліктерді түсіндіру. Шыршаның суретін немесе кішкентай шыршаны көрсету. Жаңа жыл меркесі туралы әңгімелеу.

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы, Көз
тоймайды қараса.

***Музыка тыңдау**: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев)*

Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету.
Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу.
***Ән айту:** «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай)*

Әнді орындап беру. Мазмұны туралы сұрап, көңілді, ширақ орындалатынын түсіндіру.
Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету.
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:
«Ақшақарлар» биі (Вальс П. Чайковский)

Балалар «ақшақарлар» – қар әшекейлерін ұстап, педагогтің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды.
«Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы» А. Жилинский)

Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағандашапшаңдықпен «қарларды» жинап, безендірілген қорапшаларға салу.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?
– Шыршаны қалай әсемдеп, сәндейміз?
– Бүгін қандай ән үйрендік?
Балалардың орындаған ән-би, ойын әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 04.01.2023 ж ж
11.01.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: әуен сипатына сай би қимылдарын орындайды;
түсінеді: әннің көңілді сипатын түсініп, көңіл күйін қабылдайды;
қолданады: таныс әндердің қарқынын, ырғағын сезініп айтады.
Көрнекіліктер: аққала суреті; «ақшақарлар», «қар» әшекейлері; «сиқырлы таяқша», нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: аққала, топ бала

Билингвальді компонент: аққала – снеговик

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка жетекшісі балалармен амандасады, қолдарына «ақшақарлар» – қар әшекейлерінберіп, таныс *«Ақшақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский)* қимылдарын үйретуді

жалғастырады.

2. Негізгі кезең
Жұмбақ: Сәбіз мұрын кімде бар,
Шелек киген басына,
Айтыңдаршы, балалар,
Сонымен ол кім екен? *(Аққала)*

Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген көрнекілік суреттер көрсету,әңгімелеу.
Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру.
Музыка тыңдау: *«Ақша қар» әні (К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов)*

Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, жоғары және төмен дыбыстардыажырата

білуге үйрету.
Ән айту: *«Аққала» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)*

Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Бір қалыпты қарқынмен ән сипатына сай орындауға баулу.
Таныс ән: *«Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай)* – қайталау, сөздерін пысықтау, еске түсіру.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Полька» (В. Косенко)*

Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады.
«Сиқырлы таяқша» ойыны. Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінше би қимылдарын жасайды. Әуен тоқтағанда, «сиқырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»-құрсауларға кіріп үлгеру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Балалар, қандай ойын ойнадық?
– Бүгінгі үйренген әніміз қалай аталады?
Ата-анасының көмегімен аққаланың суретін салып келуді ұсыну.
Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, көңілді қоштасып шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 18.01.2023 ж
25.01.2023 ж
Тақырыбы: Қысқы әуен

Мақсаты: Музыканы тыңдау, мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге әнсалуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды;
түсінеді: музыканың мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды;
қолданады: аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.
Көрнекіліктер: шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін суреттер, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: жаңа жыл

Билингвальді компонент: жаңа жыл – новый год

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі
«Полька» (Б. Сметана) әуені ойналып, балаларды көңілді қарсы алу.

Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, таныс би қимылдарын қайталау, қол ұстасып айналу, би қимылдарын бекіту.

2. Негізгі кезең
Балаларға демалып отыруды ұсынады. Шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін көрнекілік суреттерді көрсетіп, әңгімелеу.
Музыка тыңдау: «*Шырша» (Ж. Мұхамеджанов)*

Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.

Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Қызыл ала шапаны,
Сағындық Аязатаны!

Ән айту: *«Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)*

Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әнніңмазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету, ересектермен бірге қосыла айту.
Келесі ҰОҚ-де *«Аққала» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*

«Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) – таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Ақшақарлар» биі («Вальс» П. Чайковский)*
Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру.

«Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы» А. Жилинский)

Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағандашапшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қорапшаларға салу.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
– Аязата туралы не білесіңдер?
Орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 01.02.2023 ж
08.02.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Қоянда қонақта

Мақсаты: Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысынби

қимылдарында көрсете білу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді;
түсінеді: таныс әндер мен пьесаларды біледі;

қолданады: әннің кіріспесін тыңдап, әнді сипатына сай орындайды.
Көрнекіліктер: қысқы орман көрінісі, «паровоз» макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоянмен аю, аю үйшігі, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: паровоз, пойыз, «пш-пш», «пух-пух», «гу-гу-гу»
Билингвальді компонент: орман – лес, қоян – заяцҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды көңілді қарсы алу. Үнтаспада пойыз дауысы естіледі.

Пойызға біз барайық,
Вагоннан орын алайық, –

деп, «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.

2. Негізгі кезең

Ал паровоз бастайды,
Пыш-пыш, пух-пух, Ән
айтып біз қостайық.

Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі.

Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады.

– Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отырған аңды танисыңдар ма?

Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын
құлақ сақ қоян, Ақ қоян-
ау, ақ қоян, Жүйрік қоян,
сақ қоян.

– Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Қояндар биі» (Ж. Оффенбах)* ойналып, педагог балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді

ұсынады.

Музыка тыңдау: *«Қояндар» (Е. Тиличеева).* Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару.Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.

Ән айту: *«Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев)* екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анық айтуға үйрету. Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.

«Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев (қайталау).

«Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы» А. Райымқұлова).

Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аю шығады. Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Қоян қалай билейді екен?
– Сендерге қоянмен бірге болған ұнады ма?
«Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді.
«Пойыз» дауысы естіліп, бірінің соңынан бірі қатарласа жүреді.
Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 15.02.2023 ж
22.02.2023 ж
Тақырыбы: Ақ тиін

Мақсаты: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жұптаса ауыса отырып, би қимылдарын орындайды;
түсінеді: музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;

қолданады: музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады.

Көрнекіліктер: ойыншық тиін, құрсау, жаңғақтар, себеттер, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: тиін, жаңғақ

Билингвальді компонент: тиін – белка, жаңғақ – орех

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балаларды көңілді қарсы алады. Педагогтің таңдауымен балаларға таныс әуен ырғағымен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасауды ұсынады.

2. Негізгі кезең
Музыка тыңдау: *«Полька» Б. Сметана*)

Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, мұқият тыңдап, сипатын сезінуге үйрету.
Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді (тәрбиешінің қолында ойыншық тиін).
Педагог: Балалар, бізге қонаққа келген бұл не? Танисыңдар ма?
Тиін: Мен тиінмін, тиінмін,
Қысқа жылы киіндім.
Қоймам толы жаңғаққа,Іші
жылы үйімнің.
Тиін: Балалар, мен көңілді әуен әлемінен келдім. Маған көңілді ән айтып беріңдерші.
Ән айту: *«Ақ тиін» (Н. Жанаев, Ә. Бейсеуов)*

Музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында қосыла, ән сөздерін анық айтуға үйрету.
Әннің мазмұнына көңіл бөлу.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Көңілді би» (Ө. Байділдаев)*

Шығарманың 1-ші бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-ші бөлімінде өкшелерін алға қою, екі аяқты бірге қою. Би 2-3 рет қайталанады.

«Кім епті?» ойыны *(Н. Ладухин)*

Музыка ойналып, 2 топқа бөлінген балалар жаңғақты түсіріп алмай, «қоймаға» – себеттерге тасиды.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Балалар тиін қалай секіреді екен?
– Тиін қандай?
– Бүгін сендер тиінге жаңғақ жинауға көмектестіңдер. Би билеп, ән салып, көңіл көтердіңдер. Жарайсыңдар!
Тиінмен қоштасып, балаларды шығарып салады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 01.03.2023 ж
Тақырыбы: Көңілді достар
Мақсаты: Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, жануарлардың би қимылдарын ұқсата білуге, музыкалық аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.**Күтілетін нәтижелер:**
жасайды: жануарлардың қимылдарын ұқсатады;

түсінеді: музыкалық аспаптардың дыбысталу динамикасын ажыратады;
қолданады: әуеннің басталуы мен аяқталуын біліп, әнді бірге айтады.
Көрнекіліктер: орман көрінісі, аю, қоян, тиін, түлкі ойыншықтары, сылдырмақ, барабан аспаптары, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: барабан

Билингвальді компонент: достар – друзья

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу. «*Полька» («Түлкі» В. Косенко*)
Шеңбер боймен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, бір орында секіру, қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.

2. Негізгі кезең

Балаларға отырып демалуды ұсынып, ән тыңдауға шақырады.
***Музыка тыңдау*:** *«Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю, «Түлкі» Д. Ботбаев)*.
Жабайы аңдар туралы түсінік беру.

Ән айту: *«Ақ тиін» (Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев)*

Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып, сөздерінтаза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.

Келесі ҰОҚ-де таныс әндерді қайталау. *«Ақ қоян» (Б. Аманжол, Н. Жанаев)*
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Балдырғандар маршы»* (*К. Қуатбаев)*
Аяқтарын нық баса, тізелерін көтере шеңбер бойымен адымдай жүруге үйрету.
Ортаға ойыншық аюды ұстап, педагог шығады.

Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай.
Омартаны көргенде,
Бас қоямын ойланбай *(А. Асылбек)*

Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

Балалар амандасады.

Аю: Мен өз достарымды шақырайын! (Барабан соғады).
Балаларға барабан аспаптары таратылып беріледі.
Қоян (шығып): Сәлем, достар! Мен сендерге қонаққа келдім.

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.

Аю балаларға барабанды тағы соғып, ойнауды ұсынады. Көңілді әуен ойналып, ортаға түлкі шығады.
Түлкі:

Мен сұлу түлкімін, Жай
өтпес бір күнім,Ішінде
жүремін Айғай-шу,
күлкінің!

Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық!
«Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы» А. Райымқұлова)

Әуенге сай жануарлардың қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру. Балалардың ойынға белсене қатысуын бақылау.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Ертегі кейіпкерлерінің жүрісі қандай екен?
– Барабанның дауысы қалай шығады?
– Сылдырмақтың дауысы қандай?
Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ пысықтау.
– Балалар, аюға өте көңілді болды, рақмет. Аюмен қоштасып, шығарып салайық.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 15.03.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Ақ әжем

Мақсаты: Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: әуенге ілесе жұптаса отырып би қимылдарын орындайды;
түсінеді: музыкалық аспаптарды ажыратады, атайды;

қолданады: музыкалық сүйемелдеусіз ән салады.

Көрнекіліктер: бесік, қуыршақ, тайтұяқ, асатаяқ, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: бесік, бесікке бөлеу

Билингвальді компонент: әже – бабушка

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Үнтаспада күй (педагогтің таңдауымен) ойналып, балалар көңілді кіреді.
Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады.
Әуен қарқынының өзгеруіне байланысты бірінің артынан бірі жүріп, таныс биқимылдарын орындайды.

2. Негізгі кезең
Ортаға «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Бесікке салу дәстүрін көрсетуді ұсынады. Әже бесіктің пайдасы туралы әңгімелейді.Қуыршақты бесікке жатқызады, бесікке бөлеуді көрсетеді.
Әже: Әлди-әлди, бөпешім, Ақ
бесікке бөледім, Ай мен
күнге теңедім,Әлди-әлди,
жанарым,
Мақтанышы ананың.
Әлпештеген қарағым,
Таза болсын жан арың. *(А. Асылбек)*

***Музыка тыңдау**: «Әй-әй бөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев)*

Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу.
***Ән айту:** «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров)*

Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталатып, әуенмен қосыпүйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Биге шақыру» (А. Тоқсанбаев)*

Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады.
Аяқтарын топылдатады, жұптасып айналады.
«Тайтұяқ пен асатаяқ» ойыны (А. Райымқұлова, А. Асылбек)

Тайтұяқ пен асатаяқтың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бастаушы тағайындалады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 29.03.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Наурыз – думан

Мақсаты: Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындайды;
түсінеді: аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратады; **қолданады:**
әнді бірге бастап, бірге аяқталуына мән береді.
Көрнекіліктер: Наурыз мерекесін бейнелейтін суреттер, тайтұяқ пен асатаяқ аспаптары, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: наурыз

Билингвальді компонент: мереке – праздник

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Үнтаспадан *«Хош келдің, төрлет, Наурызым!»(Б. Бейсенова)* әні орындалады. Балалар ересектердің көмегімен екеуден қол ұстасып, шеңбер бойымен жүреді, қол шапалақтайды, бір орында тұрып тербеледі, айналады.
Жұптасып, би қимылдарын әуен ырғағымен қайталайды.

2. Негізгі кезең

Үнтаспада күй ойналып, залға бауырсақ алып әже кіреді. Балалармен амандасып, Наурыз мерекесімен құттықтайды. Наурыз мерекесі туралы сурет немесе слайд көрсетіліп, қысқаша әңгімелейді. Педагог әжеге рақмет айтып, мерекеде ән тыңдауды ұсынады.
Музыка тыңдау: *«Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов, Н. Арынова)*

Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен қабылдайды.

Наурыз келді, балақай,Ән
шырқайық, алақай!

Ән айту. «*Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк)*

Ән бірінші ересектердің орындауында айтылады. Екінші рет орындап, әннің мәтінін қайталатып, сөздерін анық айтуларын қадағалайды. Одан кейін мағынасы мен әуеніне сай қимылдар көрсетіледі. Балаларға таныс *«Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек)* әнін еске түсіріп, қайталауды ұсынады.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Би» (Л. Хамиди)* – жас ерекшеліктеріне сайұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін көрсетіп, билеуге үйрету.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

Наурыз – береке, Құтты
болсын мереке! Әрқашан,
әрқашан Мол болсын
дастарқан!

Әженің батасын тыңдап, балалар рақмет айтады. Педагог бүгінгі күннің ерекше көңілді болғанын, балалардың өте жақсы би билеп, ән айтқанын атап өтеді.
Әжемен қоштасып, шығарып салады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 05.04.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Шуақты көктем

Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысынтүсіндіру; үнтаспадан музыка тыңдау; вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: биге және ойындарға таныс би қимылдарын жасайды;
түсінеді: музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;

қолданады: әннің қарқынын, сипатын ажыратып, әуенімен айтады.
Қолданылатын көрнекі құралдар: көктем мезгілі және құстардың суреттері немесе слайд, биге қолданылатын гүлдер, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: көктем, шуақ

Билингвальді компонент: көктем – весна

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, таныс әуен ырғағымен *(«Марш» Е. Брусиловский)* ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады.

Біз адымдап жүреміз!Бір,
екі, үш!
Серуендеп келеміз!Бір,
екі, үш!
Балалардың қосылуын сұрайды.

2. Негізгі кезең
Суреттер көрсетіліп, көктем мезгілі туралы әңгімелеу.
– Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер!
Балалардың назарын алдын ала дайындалған гүлдерге аударады.
Көктем қандай тамаша!
Алуан гүлдер тұр тұнып,
Демалайық отырып, –
деп, демалуға отырады.
Музыка тыңдау: Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдау.

– Балалар, дауысты естіп тұрсыңдар ма?
– Құстар қалай дыбыстайды екен?
– Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін немесе слайд көрсету).
– Құстар қалай ұшады?
Ән айту: «*Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек)* әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға тәрбиеші мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.

«Мерекеңмен анашым» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) әнін қайталау, еске түсіру**.**

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:
Қандай қызық көктемде,Күн
шуағын төккенде, Гүл
терейік алуан,
Шығып алып бөктерге! –деп,
гүлдер алуды ұсынады.
«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады.

«Балалар мен жаңбыр» ойыны («Жаңбыр» Г. Абдрахманова, «Полька» П. Чайковский)

«Жаңбыр» жауғанда «тамшылар» таяқшаларын алып, педагог балаларды айнала жеңілжүгіреді. Балалар қолшатыр астына жасырынады.
Бәрі: Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк!
Болсын егін көп-көп!
Көңілді полька ойналады.
Күннің көзі ашылды, Алтын
нұры шашылды! –
деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Құстар қалай әндетеді екен?
– Гүлдер қандай түсті?
– Көктем мезгілі қандай?
– Сендерге әдемі көктем гүлдерін сыйлаймын.
Алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдер сыйлайды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 12.04.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Әдемі көбелек

Мақсаты: Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді;
түсінеді: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;
қолданады: музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.
Қолданылатын көрнекі құралдар: себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: көбелек, гүлзар

Билингвальді компонент: көбелек – бабочка

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. *«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская)* (қайталау). Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.

2. Негізгі кезең
Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.

Көктем қандай көрікті,
Балақайлар көріпті.
Дала гүлге толыпты, Көбелек
гүлге қоныпты! –

деп, көбелекті гүлдерге қондырады.
– Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.
Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен). Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады.
Ән айту: *«Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек)*

Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді.
«Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк) (қайталау).

– Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?
– Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Көбелек» (М. Жәутіков)* («Билеп үйренейік» жинағынан).

Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.
«Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).

Көбелек-ау, көбелек,
Ұшасың сен көлбеңдеп.
Қызыл, жасыл керемет
Гүлге қоншы, көбелек! –

деп балаларды ойынға шақырады. *«Вальс»* ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларынбақылайды. Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады». Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Қандай көбелектер бар екен?
Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 19.04.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Не қалай дыбыстайды?

Мақсаты: Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге, хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын көрсетеді;
түсінеді: музыканы тыңдап, сипаты мен ырғағын ажыратады;
қолданады: әнді бірге, хормен орындайды.

Көрнекіліктер: үй жануарларының суреттері, ойынға арналған текшелер; гүлдер; нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: лақ, бота

Билингвальді компонент: лақ – козленок

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі
Балаларға шеңбер бойымен бір-бірінің артынан, салт аттыдай, жеңіл секіре басып, «шабуды» ұсынады. *«Төрттаған» (Б. Дәлденбай)*

2. Негізгі кезең

Үй жануарларының суреттері көрсетіледі. Олардың төлдерінің атауын білуге үйрету. «Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы балаларға сұрақтар қояды.

Секеңдеген лағым, Лағым
менің, шұнағым,Лақ қалай
дыбыстайды?

Балаларға лақтың суретін көрсетіп, «лақ маңырайды» деп түсіндіреді.

Күзетші күшік Саққұлақ,Үй
күзетіп шапқылап, Дыбыс
шықса қаттырақ, Қалай,
қалай үреді?

Сұрақтар жалғасады.

Музыка тыңдау: *«Төлдерді шақыру» (Д. Ботбаев, А. Асылбек)*

Ересектердің орындауында әнді тыңдап, мәтіні бойынша әңгімелеу.***Ән айту:*** *«Төлдер» (Б. Ғизатов, Е. Өмірбеков)*

Әннің қандай сипатта, екпінде екенін сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету. Балаларға таныс әндерін еске түсіріп, қайталауды ұсынады. *«Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбеков), «Наурыз» (А. Досмағамбетова*)

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Көбелек» (М. Жәутіков)* («Билеп үйренейік» жинағынан)

Би қимылдарын қайталау, бірге қозғалып билеуге үйретуді жалғастыру.
«Төлдердің анасын тап» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).Үй жануарларының қимыл-қозғалысын, дыбыстауын көрсету.

Суретке қарап, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, текшедегі төлдің суретін енесінің суретінің қасына тауып қою. Мысалы:

Қара көзі мөлдіреп,
Жібек жүні үлбіреп,
Анасын іздеп келеді. Бұл
не?

Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салып береді.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Қандай төлдер бар екен?
– Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен?
– «Төлдер» әні қалай орындалды? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 26.04.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Аспаптар әлемі

Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды қолдана таныс би қимылдарын орындауға үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: таныс би қимылдарын бір-бірден және жұптаса билейді;
түсінеді: музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратады;
қолданады: әнді эмоциямен қабылдап орындайды.
Көрнекіліктер: барабан, бубен, сылдырмақ аспаптары, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: қоңырау

Билингвальді компонент: қоңырау – колокольчик

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі
«Марш» (Е. Брусиловский) әуенімен балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап,тізені көтере жүруін қадағалайды.

2. Негізгі кезең
Барабан аспабын көрсетіп, ойналу әдісімен таныстыру.
Балаларға барабан туралы шығарманы тыңдауды ұсынады.

Тара-рам, тара-рам,
Ойнайды барабан!

Музыка тыңдау: *«Барабан» (Г. Левкодимов*)

Шығарманы тыңдап, ырғағын шапалақпен көрсетуді ұсынады. Әуеннің сипатын, көңіл күйін сезініп ажырата білуге үйрету. Балалар пьесаны эмоциямен қабылдайды.

Қуыршақтар әдемі
Бәрімізде бар енді.
Бәрінен де бақшамыз
Ойыншықтар әлемі!

Ән айту: *«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов)* әнін орындап береді.

Әнді екінші рет орындап, балаларға ойыншық, қуыршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымию, қабақ түю т.б.) жасайды.
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Көбелек» (М. Жәутіков)* («Билеп үйренейік» жинағынан).

Бидің сипатына сәйкес мәнерлі билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттерінше билеуге мүмкіндік беру.

«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).
Музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ, бубен) дауыстарын ажырату.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?

– Дүкенде қандай аспаптар бар екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 3.05.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Кәне, қызық ойын бар

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптасаби қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңіл күй, шаттық сезімін ояту.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: музыка ырғағына сай жұптаса билейді;
түсінеді: шығарманы эмоциямен қабылдайды;

қолданады: әннің көңілді сипатына сай сүйемелдеумен ән айтады.
Қолданылатын көрнекі құралдар: мәшине, бағдаршам суреттері, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: бөбек

Билингвальді компонент: ойын – игра

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балаларды көңілді қарсы алады.
Кәне, кәне, тұрыңдар, Үлкен
шеңбер құрыңдар!Қанатты
кең жайыңдар!
«Көбелек» биін (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) қайталауды ұсынады.Би қимылдарын қайталау, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беру.

2. Негізгі кезең
Музыка тыңдау: *«Мәшине» (К. Қуатбаев, Т. Тұяқбаев)*

Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру.
Ән айту: *«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)*
Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау.

«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов)

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев*)

Балалар жұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппеліқимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады.

Кел, ойнайық, ойнайық, Қызыққа
бір тоймайық! –

деп ойынға шақырады.
«Жай және жылдам» ойыны (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек)

Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай жәнетез аяқ топылдату. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Кімге би билеген ұнады?
– Ал кімге ойын ұнады?
Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 17.05.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Көңілді би

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап, еске сақтауға; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырыпби қимылдарын орындау.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;
түсінеді: шығарманың сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салады;
қолданады: әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.
Көрнекіліктер: түсті шашақтар-«әшекейлер», ысқырық, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: пойыз, паровоз

Билингвальді компонент: көңілді – веселый

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі Балаларды
көңілді қарсы алады.Педагог:
Әшекейлер әдемі,
Бірге тербеледі.
Қолымызда жарқырап,

Сәнге бөленеді.
«Түсті шашақпен би» (А. Жилинский)

Педагогтің көрсетуімен би қайталанады. Әшекейлерді дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырғағымен билеуге үйрету.

2. Негізгі кезең
Музыка тыңдау: *«Илигай» (өңдеген Б. Дәлденбай)*

Сабырлы әуеннің сипаты мен көңіл күйін сезініп, қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.

Біз бақытты баламыз,
Шырқап әнге саламыз, –

деп, ән айтуды ұйымдастыру.
Ән айту: *«Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова*)

Педагог әнді айтып береді. Әннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Әннің қандай сипатта, екпінде орындалатынын сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуғаүйрету. Таныс әнді қайталау, еске сақтау. «*Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай)* (қайталау).

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Кел, билейік» (Ө. Байділдаев)* («Билеп үйренейік» жинағынан).

Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. Шығарманың 1-бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталанады.
«Пойыз» ән-ойыны (К. Қуатбаев, Ж. Смақов)

Пойызға біз барайық,
Отырып орын алайық! Ал
паровоз бастайды, Ән
айтып біз қостайық!Пыш-
пыш, пух-пух!

Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оған ысқырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдата жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «пшшш!» деген дыбыс беріп, «вагондар» тоқтайды.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
ҰОҚ-не қысқаша шолу жасау.
– Қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 24.05.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Ғажайып сылдырмақтар

Мақсаты: Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып, хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жұптаса би қимылдарын көрсетеді;

түсінеді: музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;

қолданады: музыкалық шығарманы эмоциямен орындайды.

Көрнекіліктер: сылдырмақтар, безендірілген қорап, нота хрестоматиясы.

Сөздік жұмыс: сылдыр-сылдыр, әні, сәні, әдемі

Билингвальді компонент: сылдырмақ – погремушка

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Үнтаспада көңілді ән (педагогтің таңдауымен) орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді. Балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жоспары

Білім саласы саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Күні: 31.05.2023 ж
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Қуыршақ Айжанмен билейміз

Мақсаты: Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға; әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте, жұптаса мәнерлі билеуге дағдыландыру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;
түсінеді: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;
қолданады: әнді бірге бастап, хормен айтады.
Көрнекіліктер: қуыршақ Айжан, түсті шашақтар-«әшекейлер», нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: жай-жай, тез-тез

Билингвальді компонент: би – танец

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі
«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев) жұп биін билеуді ұсынады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады. Ырғақты сезіне би қимылдарын бірге орындайды.

2. Негізгі кезең
Педагог қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады.

– Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, ән тыңдағысы келеді. Кәне, қуыршақ Айжанға *«Бес саусақ» санамағын* айтып берейікші.

Бір үйде біз нешеуміз?
Кел, санайық екеуміз. Бас
бармағым – әкем, Балаң
үйрек – анам, Ортан терек
– ағам,
Шылдыр шүмек – мен,
Кішкентай бөбек – сен!

– Қуыршақпен бірге бесік жырын тыңдаңдар, – деп ұсыныс жасайды.
Музыка тыңдау: «*Бесік жыры» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы)*

Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынын түсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуенімен ұйықтату.
- Балалар, енді Айжанға ән айтып берейік.

Ән айту: *«Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова)*

Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды.

«Кәне, қызық ойын бар» – таныс әнді қайталау, бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Түсті шашақпен би» (А. Жилинский).*

Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуен ауысқанда үлкейтеді.
«Жай және жылдам» ән-ойыны (Е. Хасанғалиев)

Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталату. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
- Қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма?
- Аяқтарын қалай топылдатады?
- Тез-тез қалай қол шапалақтайды екен?
Жауаптарына ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айжанмен қоштасып, шығарып салады.
Негізгі кезең

Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдап, есте сақтауға, сезіне білуге үйрету. Шығарманың қарқынын, көңіл күйін анықтауға баулу.***Музыка тыңдау:*** *«Латыш халық әні» (А. Жилинский)*

Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады.
– Мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады.
Педагог қораптан сылдырмақтарды алып көрсетеді.

Қызыл, жасыл сылдырмақ,
Үн қатады сылдырлап. *(Сылдырмақты алып, қозғап, ойнап көрсетеді)*

Сылдырмақты алайық,
Әсем әнге салайық!

Ән айту. *«Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова)*

Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғау. Әннің көңілді сипатын сезінеорындауға үйретуді жалғастыру.
Балалардың қалауынша таныс әндерді еске түсіру, қайталау.
«Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова),

«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов)

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: *«Кел, билейік» (Ө. Байділдаев)* («Билеп үйренейік» жинағынан)

Би қимылдарын ырғақпен сезіне орындауға, жұптаса отыра музыканың сипатын игере орындауға үйретуді жалғастыру.

Ортада әлі ойын бар, Қәне,
шыға қойыңдар! –

деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады.
«Балалар биі» (А. Майкапар) педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз беттерінше қимылдарды ауыстыра білуге үйретеді. Балаларға ойын соңында құрсауларға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

2. Қорытынды бөлім. Рефлексия
– Сылдырмақтың дауысы қандай?
– Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен? Үйренген әннің көңілді сипатта екенін түсіндіреді.Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ бекіту.

МУЗЫКА

Әдістемелік нұсқау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы бойынша екінші кіші топ (3-4
жас)педагогтеріне арналған

«Музыка» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің перспективалық жоспары 2022-2023 оқу жылы
«Байшешек» ересек топқа арналған

	тақырыбы	мақсаты	сағат саны	
1	«Кел билейік»	**Мақсаты:**Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. **Көрнекілік:** Ұлтық көйлекпен билеп жүрген қыздың суреті. **Сөздік жұмыс:**Жалығу, жабығу.	2	06.09 08.09
2	Жау, жау, жаңбыр	Балаларды әнді тыңдай отырып,мағынасын түсіне білуге үйрету, жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру	1	13.09
3	Тату доспыз бәріміз	Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту және әр ұлттардың әндері мен билері туралы қысқаша мәлімет беру.	1	15.09
4	Ата ананы тыңдаймыз	Балалардыата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету	1	20.09
5	Балабақшам өз үйім	Мақсаты:балаларды достыққа бірлікке татулыққа шақыру	1	22.09
6	Күн дидарлы Қазақстан	Балалардыңән айтуғақызығушылықтарын арттыру; жай жәнекөңілді әндерді ажырата білуге үйрету.	1	27.09
7	«Әуенді сандықша»	**Мақсаты:** Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету. **Көрнекілік:** Ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар. **Сөздік жұмыс:** Сандықша, полька, вальс, марш.	3	29.09

8	Көңілді жаңбыр	Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету	1	04.10 06.10
9	«Күзгі орман»	**Мақсаты:** Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. **Көрнекілік:** қуыршақтар, Аю, Тиін, Түлкі, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн. **Сөздік жұмыс:** саңырауқұлақ теремiз, күз келді.	2	11.10 13.10
10	«Біздің Алматы»	**Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. **Көрнекілік:** «Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті. **Сөздік жұмыс:** Алматы, Алатау, көлік, троллейбус.	2	18.10 20.10
11	Қызыл жасыл көк шар	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабыл дауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балалар шулы аспап тары бубен, сылдырмақдыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету	1	27.10
12	«Күз - жомарт»	**Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. **Көрнекілік:** бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш. **Сөздік жұмыс:** көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.	2	01.11 03.11
13	Ақтайлақ	**Мақсаты:** Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру.	2	08.11 10.11
14	Қысқы орман	**Мақсаты:** Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту **Ән тыңдау:** «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова	2	15.11 17.11
15	Менің суйікті ойыншықтарым	Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау **Ән тыңдау**: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев	2	22.11 24.11
16	Қыс бояулары	Балалардың қыс туралыәннің сын-сипатынтүсініп, ажырата білуқабілетін дамыту; қысмезгілінің ерекшелігінмузыкадағыконтрастық бөлімдер	2	29.11 02.12

		арқылы ажырата білуқабілетін қалыптастыру		
17	«Қыс қызығы»	**Мақсаты:** Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. **Көрнекілік:** «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары. **Сөздік жұмыс:** шырша, полька, вальс.	2	06.12 08.12
18	«Қысқы ормандағы құртақандар»	**Мақсаты:** Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. **Көрнекілік:** Жұмбақ ойыншықтар,қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, қоңырау,бубен, маракас, металлофон, сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша. **Сөздік жұмыс:** Қыс,қар таяқшалары, құртақан (гном).	2	13.12 15.12
19	«Қысқы әуен сыңғырлайды»	**Мақсаты:**Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.	2	20.12 22.12
20	«Қыс өрнегі»	**Мақсаты:** Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. **Көрнекілік:** «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары. **Сөздік жұмыс:** шырша, полька, вальс.	2	27.12 29.12
21	«Біздің Алматы»	**Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. **Көрнекілік:** «Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті. **Сөздік жұмыс:** Алматы, Алатау, көлік, троллейбус.	2	10.01 12.01
22	«Ағайынбыз бәріміз»	**Мақсаты:** Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалықшығармаларғаэмоциялық қатынастарындамыту. **Көрнекілік:**Көктем көріністерің суреттері. **Сөздік жұмыс:**Бүршік, сай-салада су ағады.	2	17.01 19.01
23	Біз куштіміз,ептіміз.	**Мақсаты:**Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. **Қөрнекілік:** Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара	1	24.01 26.01

		балалардың қол ұстасып тұрған суреті.		
24	«Бесік жыры»	**Мақсаты:** Ата-анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. **Көрнекілік:** Қуыршақ, қуыршақтың төсегі. **Сөздік жұмыс:** Құндызым, жұлдызым.	2	31.01 02.02
25	Ертегілер әлемінде .Театр әлемі	**Мақсаты:**Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. **Көрнекілік:** Театр сахнасы, қуыршақтар. **Сөздік жұмыс:** Жаңа жыл.	2	07.02 09.02
26	«Жасыл шырша жанында»	**Мақсаты:** Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. **Көрнекілік:** кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металлофон аспаптары, таяқшаға бекітілген жылтырақ әшекейлер, шырша ойыншықтары. **Сөздікжұмыс:** шырша, ұлпа қар, Жаңа жыл.	2	20.12 22.12
27	Ана – өмір шырағы»	Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру	2	14.02 16.02
28	Нұр төккен ,гул көктем	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу.Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.	1	21.02 23.02
29	Музыкалық аспаптар шеберханасы	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ.	1	28.02
\ 30	«Наурызым, армысың!»	**Мақсаты:**Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету. **Көрнекілік:** мерекелік дастарқан,ұлттық тағамдар бейнеленген суреттер. **Сөздік жұмыс:**дарқан дала, ақ дастарқан,ошақ	1	02.03
31	**«Біз шадыман баламыз»**	Балалармен бақыт туралы сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу. Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау	1	07.03 09.03
32	«Жайлаудағы төлдер».	**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ.	2	14.03 16.03

		Сөздік жұмыс: Сабырлы,көңілді, жігерлі.		
33	Ормандағы алаңқай	**Мақсаты: Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.		28.03 30.03
34	**«Ғарыш тағы қоңыраулар**	Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.	1	04.04
35	«Жайлаудағы төлдер».	**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ. **Сөздік жұмыс:** Сабырлы,көңілді, жігерлі.	1	06.04
36	Туған жер	**Мақсаты** :балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөзін мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу	1	11.04
37	«Жайлаудағы төлдер».	**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ. **Сөздік жұмыс:** Сабырлы,көңілді, жігерлі.	1	14.04
38	Көктем келді	**Мақсаты Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету**	1	18.04
39	«Құстар – біздіңдосымыз »	**Мақсаты:**музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. **Көрнекілік:**құс пен оның балапанының суреттері. **Сөздік жұмыс:**қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.	1	20.04
40	Дос болайық бәріміз	**Мақсаты:** балаларды музыкалықшығарманы соңына дейін тыңдап қабылдай білуге және шығарманың жанрларын ажырата білуге үйрету	1	25.04
41	Қуыршақ Айжанмен билейміз	**Мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кел, билейік!» Б.Байқадамов	1	27.04
42	«Орманға саяхат»	**Мақсаты:**Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. **Көрнекілік:**Ағаштар,билеп тұрған аюлар,вальс,марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер. **Сөздік жұмыс:**Көңілді, көңілсіз, жігерлі.	2	02.05 04.05

43	«Бақшадағы ән-сауық»	**Мақсаты:** Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауытыра білуге үйрету. **Көрнекілік:** Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат. **Сөздік жұмыс:** Күй, той.	3	11.05 23.05 25.05
	Барлығы		54	

«Музыка» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің перспективалық жоспары 2022-2023 оқу жылы

«Балапан» М А Д топқа арналған

	тақырыбы	мақсаты	сағат саны	
1	«Кел билейік»	**Мақсаты:**Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. **Көрнекілік:** Ұлтық көйлекпен билеп жүрген қыздың суреті. **Сөздік жұмыс:**Жалығу, жабығу.	2	06.09 08.09
2	Жау, жау, жаңбыр	Балаларды әнді тыңдай отырып,мағынасын түсіне білуге үйрету, жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру	1	13.09
3	Тату доспыз бәріміз	Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту және әр ұлттардың әндері мен билері туралы қысқаша мәлімет беру.	1	15.09
4	Ата ананы тыңдаймыз	Балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету	1	20.09
5	Балабақшам өз үйім	Мақсаты:балаларды достыққа бірлікке татулыққа шақыру	1	22.09
6	Күн дидарлы Қазақстан	Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; жай және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.	1	27.09
7	«Әуенді сандықша»	**Мақсаты:** Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету. **Көрнекілік:** Ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар. **Сөздік жұмыс:** Сандықша, полька, вальс, марш.	3	29.09
8	Көңілді жаңбыр	Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету	1	04.10 06.10
9	«Күзгі орман»	**Мақсаты:** Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс	2	11.10

		жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. **Көрнекілік:** қуыршақтар, Аю, Тиін, Түлкі, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн. **Сөздік жұмыс:** саңырауқұлақ тереміз, күз келді.		13.10
10	«Біздің Алматы»	**Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. **Көрнекілік:** «Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті. **Сөздік жұмыс:** Алматы, Алатау, көлік, троллейбус.	2	18.10 20.10
11	Қызыл жасыл көк шар	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабыл дауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балалар шулы аспап тары бубен, сылдырмақдыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету	1	27.10
12	«Күз - жомарт»	**Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. **Көрнекілік:** бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш. **Сөздік жұмыс:** көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.	2	01.11 03.11
13	Ақтайлақ	**Мақсаты:** Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру.	2	08.11 10.11
14	Қысқы орман	**Мақсаты:** Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту **Ән тыңдау:** «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова	2	15.11 17.11
15	Менің суйікті ойыншықтарым	Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау **Ән тыңдау**: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев	2	22.11 24.11
16	Қыс бояулары	Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру	2	29.11 02.12
17	«Қыс қызығы»	**Мақсаты:** Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру.	2	06.12 08.12

		Көрнекілік: «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары. **Сөздік жұмыс:** шырша, полька, вальс.		
18	«Қысқы ормандағы құртақандар»	**Мақсаты:** Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. **Көрнекілік:** Жұмбақ ойыншықтар,қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, қоңырау,бубен, маракас, металлофон, сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша. **Сөздік жұмыс:** Қыс,қар таяқшалары, құртақан (гном).	2	13.12 15.12
19	«Қысқы әуен сыңғырлайды»	**Мақсаты:**Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.	2	20.12 22.12
20	«Қыс өрнегі»	**Мақсаты:** Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. **Көрнекілік:** «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары. **Сөздік жұмыс:** шырша, полька, вальс.	2	27.12 29.12
21	«Біздің Алматы»	**Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. **Көрнекілік:** «Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті. **Сөздік жұмыс:** Алматы, Алатау, көлік, троллейбус.	2	10.01 12.01
22	«Ағайынбыз бәріміз»	**Мақсаты:** Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалықшығармаларғаэмоциялық қатынастарындамыту. **Көрнекілік:**Көктем көріністерің суреттері. **Сөздік жұмыс:**Бүршік, сай-салада су ағады.	2	17.01 19.01
23	Біз куштіміз,ептіміз.	**Мақсаты:**Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. **Көрнекілік:** Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.	1	24.01 26.01
24	«Бесік жыры»	**Мақсаты:** Ата-анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. **Көрнекілік:** Қуыршақ, қуыршақтың төсегі. **Сөздік жұмыс:** Құндызым, жұлдызым.	2	31.01 02.02
25	Ертегілер әлемінде .Театр әлемі	**Мақсаты:**Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды	2	07.02 09.02

		үйрету. **Көрнекілік:** Театр сахнасы, қуыршақтар. **Сөздік жұмыс:** Жаңа жыл.		
26	«Жасыл шырша жанында»	**Мақсаты:** Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. **Көрнекілік:** кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металлофон аспаптары, таяқшаға бекітілген жылтырақ әшекейлер, шырша ойыншықтары. **Сөздікжұмыс:** шырша, ұлпа қар, Жаңа жыл.	2	20.12 22.12
27	Ана – өмір шырағы»	Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру	2	14.02 16.02
28	Нұр төккен ,гүл көктем	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу.Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.	1	21.02 23.02
29	Музыкалық аспаптар шеберханасы	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ.	1	28.02
\ 30	«Наурызым, армысың!»	**Мақсаты:**Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету. **Көрнекілік:** мерекелік дастарқан,ұлттық тағамдар бейнеленген суреттер. **Сөздік жұмыс:**дарқан дала, ақ дастарқан,ошақ	1	02.03
31	**«Біз шадыман баламыз»**	Балалармен бақыт туралы сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу. Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау	1	07.03 09.03
32	«Жайлаудағы төлдер».	**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ. **Сөздік жұмыс:** Сабырлы,көңілді, жігерлі.	2	14.03 16.03
33	Ормандағы алаңқай	**Мақсаты: Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.		28.03 30.03
34	**«Ғарыш тағы қоңыраулар**	Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.	1	04.04
35	«Жайлаудағы	**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата	1	06.04

	төлдер».	білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ. **Сөздік жұмыс:** Сабырлы,көңілді, жігерлі.		
36	Туған жер	**Мақсаты** :балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөзін мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу	1	11.04
37	«Жайлаудағы төлдер».	**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. **Көрнекілік:**Бұзау, қозы, құлыншақ. **Сөздік жұмыс:** Сабырлы,көңілді, жігерлі.	1	14.04
38	Көктем келді	**Мақсаты Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету**	1	18.04
39	«Құстар – біздің досымыз»	**Мақсаты:**музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. **Көрнекілік:**құс пен оның балапанының суреттері. **Сөздік жұмыс:**қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.	1	20.04
40	Дос болайық бәріміз	**Мақсаты:** балаларды музыкалықшығарманы соңына дейін тыңдап қабылдай білуге және шығарманың жанрларын ажырата білуге үйрету	1	25.04
41	Қуыршақ Айжанмен билейміз	**Мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кел, билейік!» Б.Байқадамов	1	27.04
42	«Орманға саяхат»	**Мақсаты:**Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. **Көрнекілік:**Ағаштар,билеп тұрған аюлар,вальс,марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер. **Сөздік жұмыс:**Көңілді, көңілсіз, жігерлі.	2	02.05 04.05
43	«Бақшадағы ән-сауық»	**Мақсаты:** Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауытыра білуге үйрету. **Көрнекілік:** Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат. **Сөздік жұмыс:** Күй, той.	3	11.05 23.05 25.05
	Барлығы		72	

Күні: 02.09.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Балдырғандар әні»
Мақсаты: қарапайым би қимылдарын жұппен билеуге, есте сақтауға үйрету.
Міндеттері: музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын
қалыптастыру; би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау,
әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу
дағдыларын қалыптастыру. Балаларды бір-бірімен дос болуға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды, элементтерді жасайды; әндерді орындайды.
Түсінеді: әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту;
Қолданады: музыкалық аспаптарды таниды, оларды іс жүзінде қолданады.
Қолданылатын көрнекі құралдар: балабақша өмірінен суреттер, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: балабақша – детский сад.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Педагог балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Жүгірту, би қимылдарынан үзінділер жасату.
2.Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Қазақ маршы» (А. Затаевич).
Әуенге ілесіп балалар шеңбер бойымен жүреді, аяқты нық басып, тізені көтеріп жүруге үйрену.
Кіріспе әңгіме. Балабақша өмірінен суреттерді көрсету. Балалярменбалабақша туралы, ондағы қызметкерлердің жұмыстары туралы, осылардың бәрі балалар жан-жақты азамат болып шығуы үшін жасалып жатқан дүние
екенін түсіндіру.
Музыка тыңдау. «Балабақша бағында» (С. Кәрімбаев).
- Әнде не туралы айтылған?
- Әннің көңіл күйі қандай, көңілді ме әлде көңілсіз бе?
- Сендерге балабақша ұнай ма?

Ән айту. «Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов).
Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы.
Әрбір күн қуанышты, балалар бақытты болса, бақшада гүлдер де
жайнайтыны айтылады. Әннің мәтініне тоқталып, балаларға түсіндіріп, жетекші әуенді қайталап, балаларға үйретеді.
«Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) әнін еске түсіру. Қайталау.
Билер. «Қосарланып билеу» – Литва халық әні, өңдеген Т. Попатенко.
Балалар жұптасып, шеңбер бойымен жүріп, әуеннің өзгеруіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соғып, қол ұстасып, дөңгеленіп айналады.

Ойындар, хороводтар. «Ұшты-ұшты».
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын арқылы балаларды ұқыптылыққа үйрету. Ұшатын мен ұшпайтын заттарды ажыратып үйренеді.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сылдырмақтар» орыс халық әні. Әуен ойналғанда балалар сылдырмақтарын сылдырлатып, әуенге ілеседі.
Ырғаққа ілесе орындауларын қадағалау.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

Күні:09.09.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.
Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы, қарқынды музыканы қабылдау, музыкаға өзіндік пікірін айту; әнді хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын

қалыптастыру; музыкалық қимылдарды, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау дағдыларын қалыптастыру.
Балаларды әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әндерді орындайды, би элементтерін көрсетіп, жасайды;
Түсінеді: музыка жанрларын ажыратады, түсінеді;
Қолданады: хор айтуға үлкен шеңберге тұра алады; Қолданылатын көрнекі құралдар: ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: би – танец.
ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка залына келеді. Шаттық шеңберінде тұрып, бір-біріне жылы ықыластарын,
қолдарының жылуын жеткізеді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Кел, билейік» (Б. Байқадамов). Әуенге ілесіп аяқты кезек-кезек өкшеге қойып, үш рет топылдатып, орнында тұрып айналып қимылдар жасау.
Педагог өлең оқиды.
Аппақ көйлек киемін, Қос етегі бүрмелі.
Қамзол кидім қынай бел, Толған ою-өрнекке
«Билесін» деп сұрайды ел, Өнерімді көрмекке.
-Балалар өлең кім туралы?
- Биді кім билейді?
- Әдемі көйлек киіп би билейтін кісіні «биші» дейді.

Музыка тыңдау. «Би» (Е. Андосов).
Музыканы тыңдай отырып, осы әуенге қандай би билеуге болатынын елестеттіңдер ме?
Балалармен ырғаққа ілесе қол соғып, аяқты топылдатып көрсету.
Ән айту. «Кел, билейік» (Б. Байқадамов).
Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. Әннің мәтініне тоқталып, балаларға түсіндіріп, жетекші әуенді қайталап, балаларға үйретеді.
«Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер.«Қосарланып билеу» – Литва халық әні, өңдеген Т. Попатенко.
Балалар қимылдар жасайды. Билеу кезінде жұбымен бірдей қимыл жасауға көңіл бөлу.
Ойындар, хороводтар. «Серуендейміз, демаламыз» (М. Красев).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Алғашқы әуен орындалғанда балалар жай, демалып жүреді. Әуен өзгергенде ширақ жүріспен жүреді.
Әуеннің ауысқанын балалар ұқыптылықпен тыңдау керек.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Янка» – беларусь халық биі. Балаларды ұрмалы үшбұрыш аспабымен таныстыру, дыбысталуын көрсету. Үшбұрышпен бірге әуенге қосылып, аспапта ойнау.
3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз»

Мақсаты: әуенді сезіне білуге, әннің мағынасын түсінуге баулу.
Міндеттері: әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру, би қимылдары, музыкалық қимылдарды орындау, әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әндерді орындайды, олардың мазмұндары туралы айта алады; сылдырмақтармен ойнайды.
Түсінеді: әндердің мазмұнын;
Қолданады: әннің сөздерін созыңқы және анық айтады; музыкаға сәйкес қимылдар орындайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: «Менің досым» - балалардың салған суреттерінен көрме, сылдырмақтар, ұсақ гүлдер, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: дос – друг.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар музыка залына көңілді музыка әуенімен кіріп, шаттық шеңберін жасайды.
Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді.
Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, балақай!
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Балалар мен аю» (Е. Тиличеева)
Балалар әуен ойналғанда аюдың жүрісіне салып, қорбаңдап жүреді де, жай музыка ойналғанда ұйықтаған кейіп танытады. Көңілді музыка естілгенде көңілденіп билейді.
Достық туралы әңгіме жүргізу. Бір-бірімен тату, дос болып, ешқашан ренжіспеу керек. «Досы көпті жау алмайды» деген мақал бар. Қиыншылық кезде достар әрқашан көмекке келеді. Сондықтан достықты бағалау керек. Музыка тыңдау. «Достық» (И. Нүсіпбаев).
Музыканы тыңдап болғасын, не туралы орындалғанын сұрау.
- Сендердің достарың бар ма?
- Олармен қалай ойнайсыңдар?
Ән айту. «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев).

Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту.
Билер: «Серуендейміз, билейміз» (А. Тоқсанбаев).
Балаларды екі-екіден қол ұстастырып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдату. Келесі әуенде қол ұстасып айналу.
Ойындар, хороводтар: «Гүл жинау», «Полька» (Н. Лысенко).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ұсақ гүлдерді шашып, музыка әуенімен екі баланы ортаға шығарып, кім көп жинайтынын жарыстыру, балалармен қосылып санау.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы: «Сылдырмақтар» – орыс халық әні. Әуен ойналғанда балалар сылдырмақтарын сылдырлатып, әуенге ілеседі.
3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі көбірек ұнады?

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?
-

Білім беру саласы:Шығармашылық

Күні:23.09.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка Тақырыбы:Балабақша
өзім үйім

Мақсаты: Балабақша туралы түсінік беру, әңгімелеу. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды;
түсінеді: әннің сипатын сезінеді;
қолданады: ересектермен бірге ән салады.
Көрнекіліктер: балабақша өмірі туралы суреттер, нота хрестоматиясы
Сөздік жұмыс: ойнақы – көңілді
Билингвальді компонент: балабақша – детский сад

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі

Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.
Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналуды ұсынады.
Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз! Ойын-күлкі ордасы
Біздің балабақшамыз!

– Балалар, өлеңде не туралы жазылған?
2. Негізгі кезең
– Біз балабақшада не істейміз?
– Балабақша сендерге ұнай ма?

Сұрақ арқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау.
Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Хасанғалиев)
– Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?
Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.
Ән айту. «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек)
Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰОҚ-та жалғастыру.
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Достастық» беларус халық әуені
Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Педагогтердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету.

Муз-дидактикалық ойын: «Кел, балақан» (К. Қуатбаев)
Ән-ойын мәтініне сай жай және қатты шапалақтау, аяқ топылдату арқылы динамикалық реңкті ажыратуға үйрету.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия.
– Қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
– Балабақшадағы достарың туралы не айта аласыңдар? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.

Күні:30.09.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Әуенді сандықша»

Мақсаты: балаларға сиқырлы сандықшаны көрсетіп, оны әуен арқылы ашып, балалардың сандықшаға қызығушылығын арттыру.
Міндеттері: тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып,
музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалық
шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, би элементтерін үйренуді жалғастыру. Музыканың биге тән сипатын қабылдауға, жеңіл
қозғалу, ырғақты қозғалуға жұппен би қимылдарын орындауға үйрету. Балаларды әсемдікке, әдемілікке баулу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындайды;
Түсінеді: сөздерді созыңқы және анық атауды;
Қолданады: би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: композитор Е. Өміровтің суреті,
ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубен, барабан, қуыршақтар, жұмсақ ойыншықтар, нота хрестоматиясы.

Билингвальді компонент: әуенді сандықша – музыкальный сундук.
ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар марш музыкасымен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Көңілді жұптар» (И. Штраус).
Би элементтерін үйренуді жалғастыру. Балалар кіріспе бөлімінде жұптасып тұрады.
1-8 такт. Балалар жеңіл жүгіріспен шеңбер бойымен жүгіреді. 9-15 такт. Ұлдар тізерлеп отырады да, қыздар айналады.
1-8 такт. Екеуі қол ұстасып, қайтадан шеңбер бойымен жүгіреді.
9-16 такт. Ұлдар қолдарын белдеріне ұстап, қыздар етектерінен ұстап, екеуі екі жаққа бір қадам

жасап, тізені бүгеді.
Педагог: Балалар, менің қолымда әуенді сандықша бар, кәне, ішін ашып көрейік, ішінде не бар екен.
Педагог сандықшаның ішіне құлағын тосып көріп:
- Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тыңдап, ажырат» деген тапсырма ұсынды.
Музыка тыңдау. «Әуенді сандықша» (Е. Аглинцева).
- Әннің көңіл күйі, сипаты қандай?
- Әннің мазмұны не туралы?
- Ән сендерге ұнады ма?
Ән айту. «Жан сырым» (Е. Өміров).
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, ән көңілді, ойнақы орындалады.
Таныс «Көктем жыры» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан)
Балалар қимылдар жасайды: қуыршақты төстеріне қойып, оң аяқ өкшесін оңға қойып, оңға қарай, солға қарай қимылдатады. Тізе бүгіп, қуыршақты құшақтап, көзін жұмады. Сұқ саусағын шошайтып көрсетеді, қуыршақты жатқызып шапалақтайды. Биді әрі қарай жалғастырады.
Ойындар, хоровод. «Күн мен жаңбыр» (Б. Антюфеев)
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар күн шыққанда шаттана ойнайды, шеңберде тұрып әндетеді, түрлі би қимылдарын жасайды.
“Жаңбыр” музыкасы ойналғанда қолшатырдың астына тығыла қояды.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Барабаншы» (М. Красев).
Педагог балаларды барабан аспабымен таныстырып, онымен ұрып ойнауды көрсету.
3. РефлексияПедагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Несімен ұнады?
Ғажайып сандықшаға рахметімізді айтып, сандықшаны жауып қояйық.

Күні:07.09.2022

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді жаңбыр»

Мақсаты: Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру. Міндеттері:
Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту.
Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды.
Түсінеді: музыка өзгерген кезде ойын қимылын да өзгертуді.
Қолданады: мәнерлі қимылдарды орындайды, ойынға қатысады, қолшатырмен би билейді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттер, қолшатырлар, нота хрестоматиясы.
Полилингвальді компонент: жаңбыр – дождь – rain.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені
(өңд. Т. Ломова).
Балалар музыканы тыңдайды, көңілді ырғақпен тізені жоғары көтеріп секіреді, серіппе жасайды, шапалақтайды, аяқ топылдатады.
Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев).
Әуендегі жаңбыр дауысын, тамшылардың дыбысын балаларға сезіндіру.
Күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттерін көрсету. Күз ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Жауын жауған кезде тағы қандай құбылыстардың болатынын сұрап, жауаптарын толықтыру. (Найзағай жарқылдап, күн күркірейді).
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев). Педагог өлең жолдарын оқиды.
Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың, Жауды жаңбыр төк-төк, Шелек-шелек көп, көп.

Жон арқаңды тос, тос, Күнбағыс, тез өс, өс.
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.
Әуеннің сипатын, екпінін, көңіл күйін ажырату. Балалардан жаңбырдың қандай пайдасы бар екенін сұрау. Әнді көңілді, жеңіл айтуға жетелеу.
Үйренген «Күзгі әуен» әнін (А. Досмағанбет) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.
Билер: «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен үнтаспада). Қолшатырдың көмегімен балалар жаңбырдан қалай қорғанатынын би қимылдары арқылы көрсетуге тырысады.
Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр». Педагог ойын шартын түсіндіреді.
Музыка әуенінің ауысуына балалардың тез бейімделуін қадағалау.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі ҰОҚ-да не ұнады?
- Күз мезгілінің қандай ерекшеліктері бар екен?

Күні:14.10.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі орман»

Мақсаты: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету. Міндеттері:

Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану, дауыс пен есту қабілетін дамытуға дағдыны жетілдіру. Дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен
көрсету үйрету. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың ырғағын дәл береді; ырғаққа ілесе қимылдар жасайды.
Түсінеді: музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертуді;
Қолданады: жоғары және төмен қолының қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады;
Қолданылатын көрнекі құралдар: күзгі орманның суреттері, ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: орман – лес.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды.
2. Негізгі кезең
Балаларға күзгі орманның суреттерін көрсетіп, ормандағы аңдармен таныстыру. Орманда аңдармен дос боламыз.
- Ормандағы қандай аңдарды білесіңдер?
Балалар аңдарды атайды, сол аңдардың дыбысын тыңдату.
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Көкек» (Е. Тиличеева)
Асықпай, әуенге ілесіп, қолдарын қанат етіп, шеңбер бойымен ұшу.
Музыка тыңдау. «Көңіл күйін ажырат»:
1. «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) – көңілді ырғақ,
2. «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) – жігерлі,
3. «Вальс» (Қ. Шілдебаев) – сабырлы.
Балалар әртүрлі музыканың көңіл күйін ажыратады.
Ән айту. «Күз тамаша» (Л. Мұқашева)
Жоғары дыбыстарды айтқанда дыбысты таза айтуға көңіл бөлу. Әннің әрбір сөзіне мән беру.
- Әнде не туралы айтылған?
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Өздерің күздің қандай құбылыстарын байқадыңдар, күз мезгілі сендерге ұнай ма, несімен ұнайды?
Таныс «Алтын күз» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер.«Көбелек» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастыру.
Ойындар. Хороводтар.«Қасқыр мен қояндар» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар ойнайды.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Полька» (А. Филиппенко). Балалар әуенді үлкен адамдардың орындауында тыңдап, үшбұрышпен ілеседі.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

Немен ұнады?

Күні:21.10.2022

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Біздің Алматы»

Мақсаты: Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.
Міндеттері: Тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту
дағдыларын қалыптастыру. Музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру. Музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды
бастау. Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әнді орындайды, қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады;
Түсінеді: музыка жанрларын ажыратады, мағынасын түсінеді;

Қолданады: үлкен шеңберге тұра алады, үйренген би элементтерін іс жүзінде қолданады.
Қолданылатын көрнекі құралдар: Алматының көрікті
жерлерінің суреттері, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.

Билингвальді компонент: қала – город.
ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Шеңбермен жүріп, би элементтерінен үзінділер жасайды.2. Негізгі кезеңМузыкалық-ырғақтық қимылдар. «Қояндар» (Ю. Рожавская)
Шеңбер бойымен қоянша қос аяқтап секіріп, арасында сәбіз жеп отырған кейіпті көрсету, қолдарымен қоянның қимылдарын жасайды.
Педагог Алматының көрікті жерлерінің суреттерін көрсетеді. Сүйікті
қаламыз Алматы туралы әңгіме жүргіземіз. Балалардан қаладағы қандай көрікті жерлерін, қандай ірі ғимараттарды білетінін сұрау.
Гүл жайнаған атырабы, Алты қырдан шақырады.
Көңілге нұр төккен қала – Алматы, Көктем қала, көркем қала – Алматы.
Музыка тыңдау. «Алматы» (Е. Хасанғалиев).
- Әнде Алматы қаласы туралы не айтылады, әннің сипаты қандай?
- Алматы сендерге несімен ұнайды?

Ән айту. «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов).
Әннің сипатын ажыратып, мәтінін әңгімелеуді сұрау. Әннің ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуенге ілесулерін сұрау.
Таныс «Домбыра» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) әнін еске түсіру. Қайталау.
Билер. «Фин полькасы» («Билеп үйренейік» жинағынан)
Көңілді әуенге сай балалар қимылдар жасайды. Қимылдар балаларға шаттық, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.
Ойындар, хороводтар. «Жұбыңды тап» (орыстың халық әуені).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойында балалар бірнеше жұпқа бөлініп тұрады. Әуен

өзгеруіне байланысты қимылдар жасап, музыка тоқтағанда өз жұбын тауып тұра қалады.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Тамшылар» (О. Мазурова). Тамшылардың тамғанын үшбұрышпен көрсету. Балалар аспапта ойнайды.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі сабақта не ұнады?

Күні:28.10.23

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Қызыл, жасыл, көк шар

Мақсаты: Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: би қимылдарының қарапайым элементтерін қайталайды; түсінеді: шығарманың мазмұны мен сипатын, көңіл күйін түсінеді; қолданады: әнді сипатына сәйкес орындайды.
Көрнекіліктер: әртүрлі шарлар, құрсаулар, нота хрестоматиясы.
Сөздік жұмыс: шар, құрсау
Билингвальді компонент: қызыл – красный, көк – синий, жасыл – зеленый

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу.
Марш (М. Раухвергер) ойналып, шеңбер бойымен жүріп, марш екпінімен тізені көтере адымдай басу.
Балалар санына сай түрлі түсті шарларды дайындау, тарату. Шармен музыка жетекшісінің таңдауымен әуенге би қимылдарын көрсету.

2. Негізгі кезең

Кімде қандай түсті шар?

Қызыл, сары, көк шар, Қолымызда көп шар Әуеде қалқиды,
Әніміз шалқиды.
Музыка тыңдау:
– Балалар, сендер шармен ойнағанда қуандыңдар ма? Олай болса, мына әуенді бірге тыңдап көрейік.
«Қуанамын» (М. Ержанов, өңдеген А. Исакова).
Әннің көңіл күйі мен сипатына балалардың көңілін аудару.
Ән айту: «Шар» (Б. Дәлденбаев, Ж. Әбдірашев).
Әнді орындап, көңілді, ойнақы орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Балаларға ән мазмұнына сәйкес би қимылдарын жасауды ұсыну.
«Әуеде қалқиды» деген жерде шарларын қалықтата бұлғауы керек.
«Торғай» (А. Райымқұлова) әнін қайталау, еске түсіру.
Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» (Н. Александрова).

Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуға үйрету. Өткен ҰОҚ-де үйренген таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің сипатына сай бірге қосыла, дауысқа күш түсірмей, мазмұнын түсіне орындауға үйрету.
«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны («Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан) Балалар музыкалық аспаптардың дауыстарын ажыратады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия

– Әннің көңіл күйі қандай?
– Кімге қандай музыкалық аспап ұнады? Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.

Күні:04.11.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күз – жомарт»

Мақсаты: Музыканың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру.
Міндеттері: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау; ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу, қимылды музыкамен сәйкестендіру. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру.
Музыканың би сипатын қабылдауға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуінде ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. Балаларды күз байлықтарын бағалауға, қастерлеуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың ырғағын дәл береді, ырғақ бойынша қимылдар жасайды; ауыстырады;
Түсінеді: әннің мазмұны туралы айта алады, түсінеді;
Қолданады: би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды, қолданады. Қолданылатын көрнекі құралдар: күз көріністері туралы суреттер, ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: күз – осень.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар музыка залына музыка әуенімен, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріспен келеді. Түрлі әуендермен жануарлардың жүрісін келтіріп жасайды.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Қоян», «Аю» (Т. Ломова).
Балалар қоянның музыкасы ойналғанда шеңбер бойымен қос аяқтап секіреді, аюдың музыкасы ойналғанда жай жүріспен қорбаңдап жүреді.
Күз көріністері туралы суреттер көрсету. Балалармен күз туралы әңгіме жүргізу.

- Күзде қандай құбылыстар болады?
- Неліктен «алтын күз», «жомарт күз» деп атаймыз?
- Күз туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

Музыка тыңдау. «Тамшылар» (румын.халық әні, өндеген Т. Попатенко)
Тамшы дегеніміз не?

- Тамшылар қандай құбылыс кезінде болады?
- Музыканың көңіл күйі қандай?

- Сендерге жаңбырлы күн ұнай ма?

Ән айту. «Алтын күз» (Ж. Молдажанова)

Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, дауысты қалыпқа келтіріп, ережелерді еске түсіріп, әнді ынтамен үйрену.

Таныс «Кел, билейік» (Б. Байқадамов) әнін еске түсіру. Қайталау.

Билер. «Көбелек» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).

Балалар бидің жеке элементтерін үйреніп, әуенге ілесе қимылдарды жасап үйренеді.

Ойындар, хороводтар. «Өз орныңды тап». «Полька» (М. Глинка)

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде балаларға ұқыптылық керек, балалар араласып ойнап, музыка тоқтағанда өз орындарын тауып тұра қалу керек.

Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Янка» – беларусь халық биі. Металлофонда педагог ойнайды, балалар соны тыңдайды.

Музыкасын үшбұрышпен бірге әуенге қосылып, аспапта ойнау.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

Күні:

Бөлімі: Музыка 11.11.22

Тақырыбы: «Ақтайлақ»

Мақсаты: жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын жасауға,денені жеңіл ұстауға үйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.Дыбыс биіктігін ажырата білуге баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарларының суреттері,ойыншық лақ,ойыншық күшік.

Сөздік жұмыс: лақ,ешкі,күшік,күшіктің үйшігі.

Оқу
қызметінің
кезеңдері

Музыка жетекшісінің оқу қызметі

Балалардың
оқу қызметі

Мотивациялық-қозғаушылық

Балаларды музыка әуенімен қарсы алу.Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды.Жеңіл әуенмен секіру.Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату.

Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.

«Жалт-жұлт етіп,лақ,
Жағалайсың құрақ.
Секірем деп бірақ
Қала көрме құлап».
(А.Асылбек)

Балалар әуенге ілесіп қимылдар жасайды.
Әуеннің ауысуына лайық қимыл жасауға талпынады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік -Балалар,сендерді ақ лақ күтіп отыр.Лақ-ешкінің төлі.Бәріміз «лақ» деп айтайық.
«Лақ» (музыкасын жазған Д.Ботбаев,сөзін жазған А.Асылбек).
Әнді мұқият тыңдаймыз.Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады.
«Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді.
«Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады.Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін,«шұнақпын» дегені-құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап,анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.

Балалар лаққа жақындап,танысады.
«Лақ»,-деп қайталайды.Балалар әнді тыңдап,ойыншық лақты қызықтайды.

Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік.Лақ кішкентай болғандықтан,қорқақ келеді.Байқаусыздан күшік шыға келсе,секеңдеп қаша жөнеледі.
«Лақ пен күшік»ойыны.Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік.Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады.Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады.Музыка жетекшісі күшікке жақындап:«Лақтар кішкентай,қума» деген ескерту жасайды.

Балалар әнге ілесе қимылдар жасайды,секіреді,
«мә-ә» сөзін қайталайды.
Жуан «мә-ә» дыбыс анасынікі,жіңішке «мә-ә» дыбысы лақ екенін айтады.

Балалар музыка әуеніне ілесе барынша жеңіл секіруге тырысады.Күшік дауысын естіген сәтте қашуға әрекет жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік
-Бүгін біз лақ туралы ән айттық,лақ болып ойнадық,күшіктен қаштық.
Бәрің жақсы ойнадыңдар.

Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:
Біледі: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек.Дыбыстарын ажырата білулері керек.
Игереді: музыка үніне сәйкес секіруді,ырғақты сақтауды игереді.
Меңгереді: музыка әуенін ести отырып қаша білуді,төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

Күні:18.11.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы орман »
Мақсаты: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету. Міндеттері: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану, дауыс пен есту қабілетін дамытуға дағдыны жетілдіру. Дауыстап және төмен дауыспен ән

салу, қол қозғалысымен
көрсету үйрету. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту.
Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың ырғағын дәл береді; ырғаққа ілесе қимылдар жасайды.
Түсінеді: музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертуді;
Қолданады: жоғары және төмен қолының қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады;
Қолданылатын көрнекі құралдар: күзгі орманның суреттері, ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: орман – лес.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шеңбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би қимылдарынан элементтер жасайды.
2. Негізгі кезең
Балаларға күзгі орманның суреттерін көрсетіп, ормандағы аңдармен таныстыру. Орманда аңдармен дос боламыз.
- Ормандағы қандай аңдарды білесіңдер?
Балалар аңдарды атайды, сол аңдардың дыбысын тыңдату.
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Көкек» (Е. Тиличеева)
Асықпай, әуенге ілесіп, қолдарын қанат етіп, шеңбер бойымен ұшу.
Музыка тыңдау. «Көңіл күйін ажырат»:
1. «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) – көңілді ырғақ,
2. «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) – жігерлі,
3. «Вальс» (Қ. Шілдебаев) – сабырлы.
Балалар әртүрлі музыканың көңіл күйін ажыратады.
Ән айту. «Күз тамаша» (Л. Мұқашева)
Жоғары дыбыстарды айтқанда дыбысты таза айтуға көңіл бөлу. Әннің әрбір сөзіне мән беру.
- Әнде не туралы айтылған?
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Өздерің күздің қандай құбылыстарын байқадыңдар, күз мезгілі сендерге ұнай ма, несімен ұнайды?
Таныс «Алтын күз» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер.«Көбелек» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастыру.
Ойындар. Хороводтар.«Қасқыр мен қояндар» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар ойнайды.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Полька» (А. Филиппенко). Балалар әуенді үлкен адамдардың орындауында тыңдап, үшбұрышпен ілеседі.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

Күн:25.11.22
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Қысқы әуен»
Мақсаты: Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді ажырата білуге баулу.
Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу.
Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу; музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау.
Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра орындайды, әндерді айтады.

Түсінеді: әуендердің, музыкалық шығармалардың мазмұнын. Қолданады: музыканың көңілді би сипатын қабылдайды, аспаптарда ойнайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: Қояндар мен Аюдың атрибуттары, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: қоян – заяц

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка залында көңілді музыка ойналып, балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де, аңдардың қимылдарын әуенге салып келтіреді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Кім жақсы шабады?» (Т. Ломова) Музыкаға ілесіп оң аяқты алға ұстап, сол аяқпен оң аяқты қуып, атқа шапқан секілді қимыл жасайды.
Кіріспе әңгіме. Балалармен Жаңа жыл мерекесі туралы әңгіме-сұхбат жүргізу. Мереке кейіпкерлерін еске түсіріп, балалардың эмоцияларына ортақтасу. Көрген-білгендерін әңгімелей білуге үйрету.
Музыка тыңдау. «Сәлемет пе, Аязата» (Б. Дәлденбай)
- Аязатаны қалай суреттеп отыр?
- Аязатаның сақалы қандай?
- Аязата қалай жүгіреді?
- Әнде Аязатаның тағы қандай қасиеттерін суреттеген?
- Әннің көңіл күйі қандай?
Ән айту. «Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев)
- Ән кім туралы?
- Аязата бізге не әкеледі?
- Сендерге Аязатаның сыйлықтары ұнай ма?
- Басқа кімнен сыйлық аласыңдар?
Таныс «Шырша жыры» (А. Еспенбетова) әнін еске түсіру. Қайталау.
Билер. «Кішкентай Аязаталар биі (Санта-Клаустар биі)». («Билеп үйренейік» жинағынан).
Балалар қимылдар жасайды, ұлдар билейді. Балалар кішкентай Аязатаның киімдерін киіп, таяқпен жүріп, қимылдар көрсетеді. Арқаларына дорбаларын көтеріп, көңілді билейді.

Ойындар, хороводтар. «Аю мен қояндар» (Б. Дәлденбай).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар әуенге ілесіп қорбаңдаған аюлардың жүрісін салады да, жеңіл әуен орындалғанда қояндардың секірген кейпін салады.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сағат».
Балалар таныс шығарманы тыңдайды, сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.
3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

Күні:02.12.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншықтар»

Мақсаты: Балаларды сүйікті ойыншықтары арқылы өз іс-әрекеттерін сезіне білуге тәрбиелеу.
Міндеттері: Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; би қозғалыстарын, ойындық му- зыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау және ойнау.
Балаларды әдептілікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен орындайды; жеке және хормен айтады.
Түсінеді: музыканың ырғағын дәл беру керектігін;
Қолданады: музыкалық шығарма туралы әңгімелейды, аспаптарды таниды және олармен ойнайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: композитор Дәулеткерейдің суреті, домбыра, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: домбыра – домбра.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Полька» (М. Глинка)

Балалар шеңбер бойымен тізені жоғары көтеріп, алға қарай жылжып қимылдар жасайды.
Әуенмен жеңіл, ойнақы қимылдар жасайды.
Музыка тыңдау. «Қосалқа» (Дәулеткерей).
Балаларға күйдің авторы Дәулеткерейдің суретін көрсетіп, таныстыру.
Күйді балаларға тыңдатып, күйдің мазмұнын әңгімелеу. Күйде қыз баланың сыңғырлаған шашбаулары, асықпай келе жатқан келбеті әсем бейнеленген. Балаларға көздерін жұмып, күйді мұқият тыңдатып, алған әсерлерін сұрау. Кіріспе әңгіме. Балалармен сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу.
Ән айту. «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев).

Әнді мұқият тыңдап, ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, денені тік ұстап, қатты айғайламай айтуға үйрену. Ән айта отырып бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл бөлу. «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Көңілді жұптар» (И. Штраус) Балалар би қимылдарын жасап үйренеді.
Балалар кіріспе бөлімінде жұптасып тұрады.
1-8 такт. Балалар жеңіл жүгіріспен шеңбер бойымен жүгіреді. 9-15 такт. Ұлдар тізерлеп отырады да, қыздар айналады.
1-8 такт. Екеуі қол ұстасып қайтадан шеңбер бойымен жүгіреді.
9-16 такт. Ұлдар қолдарын белдеріне ұстап, қыздар етектерінен ұстап, екеуі екі жаққа бір қадам жасап тізені бүгеді.
Ойындар, хороводтар. «Жұбыңды тап» (орыс халық әуені).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар көңілді музыка әуеніне өз беттерінше қимыл жасап, музыка аяқталғанда жұбын тауып тұра қалу керек. Жұбын таба алмай қалған бала айыбын өнер арқылы өтейді.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сауысқан» (орыстың халық әуені, өңдеген Т. Попатенко). Педагог ойын шартын түсіндіреді.
Әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру.
3. Рефлексия
Педагог оқу қызметін қорытындылау, балалардан қандай бөлімі ұнағанын сұрау, балаларды бағалау, мадақтау.

Күні:09.12.2022
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»
Мақсаты: Балаларды музыка арқылы мерекені сезіне білуге, шаттана білуге дағдыландыру.
Міндеттері: Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажырата білу. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу, би қозғалыстарын, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту дағдыларды қалыптастыру. Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау жалғастыру. Мереке қарсаңында бір-біріне деген ілтипат көрсетуге үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: ән айтуға үлкен шеңберге тұра алады, шеңберді өз беттерінше жасай алады;
Түсінеді: ырғақты сақтап қимылдар жасап әнді көңілді айтуды.
Қолданады: қимылды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде

қимылды өзгертеді, аспаптарды қолданады.
Қолданылатын көрнекі құралдар: шырша ойыншықтары, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: шырша – елка.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар залға кіреді. Б. Бейсеноваңың (үнтаспадан) «Шырша жыры» әнімен қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруді үйренеді. Ән мәтініне сай қимылдар жасайды.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Жүгіреміз, секіреміз» (С. Соснина)

Музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді. Кіріспе әңгіме.
Балалармен қазіргі жыл мезгілі туралы, ондағы мерекелер туралы әңгіме жүргізу. Мерекеге келетін кейіпкерлерін атап айту: Аязата, Ақшақар.
- Шырша жанында балалар не істейді? Балалардың жауаптары.
Музыка тыңдау. «Жасыл шырша жанында» (К. Қуатбаев)

алалардан әнді мұқият тыңдауын сұрап, әннің не туралы айтылғанын білу.Ән
айту. «Шырша жыры» (А. Еспенбетова).
Әннің мәтінін анық айтуға, әуенге қосылып, ырғақты сақтап, қимылдар жасап, әнді көңілді айтуға ұмтылу.
Таныс «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) әнін еске түсіру. Қайталау.
Билер. «Ақшақарлар биі» (А. Верстовский).
Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды.
Ойындар, хороводтар. «Сырнай мен даңғыра» (Д. Ботбаев).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар орындарында отырады. Педагог әнді орындай тұрып, "Гу-гу-гу" буындарында сырнайды, "Даң-даң-даң" буындарында даңғыра ойнағандай қимыл көрсетеді. Балалар қайталайды.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сағат». Әуенді бірнеше аспаппен қосылып, бір уақытта бастап, бірге аяқтауға үйрету.
Екі бөлімнен тұратын түрлі сипаттағы әуенді ойнауға дағдыландыру.
Балалар сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.
3. Рефлексия
Педагог оқу қызметін қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, бағалау.

Күні:23.12.23
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге баулу.
Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру. Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық

әрекеттерді орындауды жетілдіру. Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау.
Балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың ырғағын дәл береді, ырғаққа ілесе қимылдар жасайды, әндерді орындайды.
Түсінеді: әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды;
Қолданады: сылдырмақтармен ойнайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: қысқы ойындардың суреттері, қоңырау, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: шаңғы – лыжи.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка залында көңілді музыка ойналып, балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де би қимылдарын жасайды.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Аттылар» (В. Витлин)
Балалар шеңбер бойымен оң аяқты алға ұстап, жүйрік аттай шабады. Педагог өлең оқиды.
Шаңғы, шана сайла, Конькиіңді байла!
Думандатып ойна,
Қыс қызығын тойла!
Қысқы ойындардың суреттерін көрсету. Балалармен қыста ойналатын ойындар туралы туралы әңгіме жүргізу.
Музыка тыңдау. «Табиғат құбылысы» - үнтаспадан тыңдау.
- Балалар, музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестеттіңдер?

- Музыканың көңіл күйі қандай?
- Сендерге музыка ұнады ма?

Ән айту. «Қыс» (Б. Жүсібәлиев).
Ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауысты қалпына келтіріп, әнді мәнеріне келтіріп орындау.
- Әннің сипаты қандай?
- Не туралы айтылған?
- Сендерге әуені ұнады ма?

Таныс «Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Кішкентай Аязаталар биі (Санта-Клаустар биі)». («Билеп үйренейік» жинағынан).
Биді әрі қарай жалғастырады. Қоңырауды бір уақытта сылдырлатып, әуенді тыңдап, ырғаққа ілесіп қимылдар жасау. Қоңыраумен жүгіру, айналу т.б.
Ойындар, хороводтар. «Айгөлек» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Қыдырбекова).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бұл ойын кезінде қалаған достарын екінші топтан шақырып алады, күштілікті талап етеді.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Түлкі» (орыс халық әні, өңдеген В. Попов). Балалар әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
-Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?

Күні:30.12.22

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы Қысқы ормандағы құртақандар
Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Қ. Шілдебаевтің «Жүгіру» шығармасы желісінде жеңіл жүгіріспен кіреді де, ирек жасау, айналып жүгіру, жанымен жүгіру жаттығуларын жасайды. Жеңіл адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі:
Педагог балаларға тауықтың суреті бейнеленген пазл таратады.
– Балалар, пазлда қандай сурет шықты?
– Иә, жарайсыңдар, тауықтың суреті. Балалар бүгін бізге қонаққа тауық келді. Тауық өзінің балапандарын іздеуге шығыпты.
– Балапандарын тауып беруге көмектесейік? Келістік пе? Балалардың жауаптары.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Музыка жетекшісі:

- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы, енді орнымызда тұрып, адымдаймыз. 1,2,3 - деп санаған кезде менімен бірге адымдаймыз.
Жарайсыңдар! Енді музыка әуенімен адымдаймыз.
Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз
Е. Хасанғалиевтің «Сылдырмақ» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, қолдарындағы сылдырмақтарды еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, оң қолдарымен сылдырмақты ойнату керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды, сылдырмақтарды жоғары көтеріп, сылдырлатады. Сылдырмақпен би адымы жеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларға:

– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

– Кімнің суретін көріп тұрсыңдар? Атаның.

– Атаның қолында не бар?

– Балалар, атаның қолында домбыра бар екен.

– Балалар, атаға домбыра не үшін қажет?

– Балалар, бұл атамыз - атақты күйші Құрманғазы.

– Құрманғазыны - күй атасы деп атаймыз.

– Құрманғазы жастайынан зерек болған. Кішкене бала кезден-ақ ұшқан құстың, соққан желдің, әрбір құбылыстың өзіне мән беріп, есті білген. Бала кезінде мал соңында жүріп, кішкене домбыра жасап алып, осы естігендерін домбыраға салып тартып үйренген. «Аман бол, шешем, аман бол», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған. Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты - «Балбырауын».

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

– Балалар, күй қалай аталады? Балбырауын.

– Балалар, күйді шығарған Құрманғазы, қайталайық.

– Балалар, күйді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Музыка жетекшісі балаларға күйді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Күй қалай орындалды?

– Көңілді ме, көңілсіз бе?

– Жарайсыңдар.

2.2. "Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету. Ойынның шарты: Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді.

Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап,

бірте-бірте күрделендіреді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Біз көңілді балалармыз,

– Бір орында тұрмаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

– Біз сабырлы балалармыз,

– Біз апайды тыңдаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Жарайсыңдар, балалар.
– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
– Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
– Аспан ашық, дала кең,
– Кел, қоныңдар тырналар.
– Мен сендерге жем берем,
– Дос болайық, тырналар.
– Трау-трау-трау-трау!
– Тамаша.

2.4. Ән салу. Д.Ботбаевтың «Күз қазан» әні.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, бүгін біз ән саламыз, ұлдар дережер болады, ал қыздар ән салады.
– Балалар, алдымен «Күз қазан» әнін тыңдап алайық, ән тыңдай отырып, күзде пісетін жемістерді тамашалайық!
Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз
Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Әнде не туралы айтылады? Қазан айындағы күз туралы.
– Қандай күзгі жемістерді көрдіңдер және байқадыңдар? Жарайсыңдар, балалар!
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші жемістерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші жемістер» де келді.
Балаларға жемістермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
2.5. "Жемістер мен көкөністер" музыкалық-дидактикалық ойыны Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету. Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету.
Көрнекіліктер: Жемістер мен көкөністердің бет пердесі.
Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады

Күні:06.01.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды»

Мақсаты: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.
Міндеттері: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру.

Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды. Түсінеді: музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: бубен, маракас, барабан, қоңырау аспаптары; текшелер, аққала, диск, үнтаспа, нота хрестоматиясы.
Полилингвальді компонент: қыс – зима – winter.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар көңілді әуенмен музыка залына келіп, шаттық шеңберін жасайды.
Қараңдаршы далаға! Дала - аппақ, ақша қар. Тал мен үйлер қалада Жамылыпты ақ шатыр!
Жаусын, жаусын, ақша қар Қар лақтырсын балалар!

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау.

- Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер?
- Қыс несімен ұнайды?
- Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді?

Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспа).
Балалардан музыкадан алған әсерлерін сұрау, ойларын ортаға салып, бөлісу.
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев).

Әнді педагогтің орындауынан кейін мазмұны туралы айтып, әннің көңіл күйін ажыратып әңгмелеу.

Дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға үйретуді жалғастыру. Үйренген әнді «Ақша қар» (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.
Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский, үнтаспада,
«Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай билеуді жалғастыру, қимылдарды синхронды түрде біркелкі жасауға талпындыру.
Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. Педагог ойын шартын түсіндіреді.
Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко).
Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.
Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.
Бубен, маракас, барабан, қоңырау аспаптарын қолданып, ырғақты сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үйрету.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметі сендерге несімен ұнады?
- Қандай шығарманы тыңдадыңдар?
- Көңіл күйі, сипаты қандай?

Күні: 13.01.23Білім беру саласы: ШығармашылықБөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Қыс өрнегі»

Мақсаты: Әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу.
Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды аяғына дейін тыңдау, жеке және хормен ән айту дағдыларын,

соза дыбыстауды, таза интонациялауды жетілдіру. Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ауыстыру, музыканың биге тән сипатын қабылдау, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Балаларды жылдың қандай мезгілі болса да қабылдай білуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың ырғағын дәл береді, ырғаққа ілесе қимылдар жасайды; аспаптарда ойнайды.
Түсінеді: музыка жанрларын ажыратады, түсінеді;
Қолданады: әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; олардың мазмұндары туралы айта алады;
Қолданылатын көрнекі құралдар: Қысқы ойындар суретері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: қыс – зима

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
«Полька» (М. Глинка) әуені орындалып, балалар полька жүрісімен секіре басып, шеңбер бойымен жүреді. Балалардың жеңіл секіруін қадағалау.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Коло» (украин халық әуені, өңдеген Н. Метлова).
Балалар жұптасып қол ұстасып, бір-біріне қарап тұрып қимылдар жасайды. Ұлдар қол шапалақтап тұрып, айналады. Қыздар қол шапалақтағанда, ұлдар орындарында тұрып секіреді.
Педагог балалардың назарын далаға аударып, қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгіме жүргізеді. Қысқы ойындар туралы суреттер көрсету.
Музыка тыңдау. «Біз шадыман баламыз» (Ә. Бейсеуов) Әннің көңіл күйі, сипаты қандай?
- Әнде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?
- Әннің мазмұны не туралы?
- Ән сендерге ұнады ма?

Ән айту. «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)
Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей дем алып, денені тік ұстап айту керек.
Әнді қатты айқайламай, үндесе, бір-бірін тыңдай отырып айтуларын қадағалау.
Балалардан әннің мазмұнын сұрау. Әуеннің ырғағына сай қимылдар жасау. Таныс «Бейбіт болсын қашанда» (А. Досмағанбет) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Ақшақарлар биі» (А. Верстовский).
Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды.

Ойындар, хороводтар. «Бәсең және көтеріңкі» (Е. Хасанғалиев)
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі көңіл күйге берілген әуенге ілесе қимыл

жасауға үйрету. Жай және тез әуенге назар аудару керек. Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Янка» (беларусь халық биі).
Балалар таныс әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?

Күні:20.01.2023
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
Міндеттер: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту; музыкалық бейне мен
қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру; жұппен би қимылдарын орындау; шулы оркестрге қатысу, биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану.
Балаларды достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды өздігінен ауыстыра отырып орындайды; әндерді орындайды.
Түсінеді: әнді бірге бастап, бірге аяқтауды.

Қолданады: музыкалық шығармалардың сипатын анықтайды; аспаптарда ойнайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі ұлт балаларының суреттері, үлкен және кіші қоңыраулар, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: достық – дружба.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіріп, би элементтерінен үзінділер орындайды.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Биге шақыру» (И. Штраус)
Алдымен бір бала ортаға шығып қимылдар жасап, музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырып, осылайша бәрі биге шығады.
Педагог балаларға түрлі ұлт балаларының суретін көрсетеді. Достық туралы балалармен сұхбат жүргізу. «Дос» деген сөзді қалай түсінетіндерін сұрау.
- Сендердің достарың бар ма? Достармен әрқашан тату болу керек, сөз таластырмау керек.
Музыка тыңдау. «Жайдарман» (қазақтың халық әуені, К. Қуатбаев).
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Бұл музыкаға қосылып ән айтуға, би билеуге болады.
- Ән сендерге ұнады ма?
Ән айту. «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров).
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.

- Ортақ болсын асқар тау,

Болсын су мен жер де ортақ, - деп неліктен айтылған?

- Бәріміз тату дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз.

Таныс «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) және «Анашым»
(Е. Хасанғалиев) әндерін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Айгөлек» (қазақ биі, өңдеген Е. Лапин)
Балаларға қазақ би элементтерін үйрету, қолдың басын буыннан айналдыра білуге жаттықтыру.
Ойындар, хороводтар. «Қоңыраумен ойын»
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар үлкен-кіші қоңыраулардың дыбысын ажыратып үйренеді.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы: «Көңілді сазсырнай»
(М. Красев). Балаларды сазсырнай аспабымен таныстырып, әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру. Балалар аспаптарда ойнайды.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды

22-Білім беру саласы: Шығармашылық

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Біз куштімізептіміз»Оқу қызметінің мақсаты
Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту.
Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығұшылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету. Музыкалық- ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету.

Сөздік жұмыс
Сыбызғы, жай - қатты сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Музыка тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалық ойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАРСыбызғы.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға сыбызғы.
Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар музыка жетекшімен бірге белгіленген уақыта музыка залына келеді. Залда әр түрлі сыбызғылар дайындалып тұрады.
Залға Б.Дәлденбаеввтің "Көңілді ырғақтар" әніне кіреді.
1.2. Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендерге қызықты тосын сый дайындадым
... Қараңдаршы, неше түрлі сыбызғылар бар! Әр сыбызғыда ойнай аласыңдар. Олардың қалай естілетінін білгілерің келе ме?
Ол барлық сыбызғыларды кезекпен ойнайды, түсініктеме береді: бұл сыбызғы жоғары, бұл

сыбызғы жұқа ойнайды; бұл - төмен дауыспен, қатты, тыныш, қатты және т.б.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыка жетекшісі:

- Балалар, сыбызғымен қандай көңілді! Енді біз барабан аспабы туралы ән айтамыз. Тек оны біз әр түрлі айтамыз.
- Алдымен қатты, содан кейін тыныш. Музыка жетекшісі:
- Музыканың өзгеруіне байланысты сендің бет-әлпетіңіз де өзгеруі керек. Балалар бірігіп ән салады.

"Барабан" музыка Б.Дәлдебаевтікі сөзі Ж.Әбдірашевтікі.

Соқ, барабан Соқ, соқ, соқ. Соқ, барабан, Бір екі үш
Соқ, барабан, Соқ,соқ, соқ. Соқ, барабан,
Бізде қайрат күш. Соқ, барабан, Соқ,соқ, соқ.
Соқ, барабан, Жастар, алға түс.

Музыка жетекшісі мәнерлеп ән айтуға, кіріспені соңына дейін тыңдап, содан кейін ән айтуды бастау қажеттілігіне назар аударады.

2.2. Музыка жетекшісі:

- Ал енді әркім өзіне ұнайтын кез-келген сыбызғыны алып, шалғынмен серуендейтін болады.

«Сыбызғы» жаттығуды жүзеге асырылады, бұл кеңістіктегі табиғи түрде, кедергісіз қозғалу, ойын бейнесін жеткізу дағдыларын бекітуге ықпал етеді.

2.3. Музыка жетекшісі:

- Балалар,енді біз билеген бір көңілді биді есімізге түсірейік. "Билейміз" музыка Е.Андосовтікі.

Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуенмен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгу - "серіппе" қимылын орындайды. Қолұстасып, екеуден айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иеледі.

Күні:03.02.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка Тақырыбы:

«Бесік жыры»

Мақсаты: Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету,

музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау; халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балаларды имандылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; әндерді орындайды.

Түсінеді: музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастауын;

Қолданады: әнді созып, сөздерін анық айтады, аспаптарда ойнайды. Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, бесік, бесік жаялықтары, бала санына сәйкес ұшақтар, нота хрестоматиясы.

Билингвальді компонент: бесік жыры – колыбельная.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар музыка залына «Марш» (Е. Андосов) әуенімен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Ұшақ ұшты» (Е. Тиличеева) Балалар ұшақпен ұшады.

1-8 такт. Ұшуға дайындалып, қанаттарын жайып тұрады.

9-тактіден бастап шеңбер бойымен қанаттарын жайып ұшады. Соңғы тактіге келгенде ұшақпен жерге қонып, жайлап отырады.

Педагог: Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін табыңдаршы.

Тұрады ол әр үйде, Жайлы орын сәбиге.

Шаңғы табан үйшік ол,

Тербететін әрине. Бұл не? (Бесік)

Балаларға бесіктің макетін көрсетіп, жаялықтарын жайып, қуыршақты бөлеу. Бала тыныш, таза ұйықтауы үшін бесік өте қажет, ұйқысы тыныш болады. Біз қуыршақты бесікке бөлейміз, баланы тербетіп отырып анасы бесік жырын айтады.

Музыка тыңдау. «Әлди, әлди бөпем-ай» (Б. Аманжол).

- Әрбір ана сәбиін осылай ұйықтатады.
- Аналарың сендерді мәпелеп, әндетіп ұйықтатады, тамақтарыңды беріп, киімдеріңді жуады.
- Енді біз сол аналарымызға арнап ән үйренейік.

Ән айту. «Анашым» (Е. Хасанғалиев).

«Күн көзіндей күлімдеп,

Құшағыңа аласың» деген жерінде балалар алақандарын жайып күнді көрсетіп, баласын құшақтағанын салады.

Педагог мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.

Таныс «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) әнін еске түсіру. Қайталау.

Жеке және хормен орындау.

Билер. «Қуыршақпен билейміз» (украин халық әуені).

Қыздар қуыршақтармен билейді, оларды жоғары көтереді, айналады.

Ойындар, хороводтар. «Бәйге».

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ер балалар қатысады. Ойыншық ағаш атқа отырып, белгілі мәреге дейін шабады, кім бұрын жетсе, сол бәйгеге ие болады.

Ұлттық ойын туралы мәлімет беру. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Полька» (А. Филиппенко).

Балаларды ырғақты есті білуге, қолдарындағы аспаппен уақытылы ілесе білуге үйрету.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік? Не ұнады?

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: Ертегілер әлемінде .Театр әлемі
Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың көңілді музыкаға деген қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыруды пысықтау.
Сөздік жұмыс
"Ерден атайдың ертегісі", "Ерте, ерте , ерте екен..", "Ешкі жүні бөрте екен...", "Тұла бойды ерітеді", "Керемет!", "Ертегілер әлемі" сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу.
Балалар залға Е.Арненің "Адыммен айналу" шығармасы желісімен кіреді. Музыка жетекшісінің айтуы мен көрсетуі бойынша музыка әуенімен денелерін тік ұстап, тізелерін жоғары көтеріп, тік ұстаймыз. Тізені жоғары көтеріп адымдаймыз.
Жүріп келе жатқанда арақашықты сақтаймыз. Міне, жарайсыңдар! Балалар адымдай жүріп, залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, бүгін бізге қонаққа ғажайыптар әлемінен қонақ келді. "Үш аю" ертегіні кім біледі?
1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, алдыңғы оқу әрекетінде біз К. Қуатбаевтің «Түлкі мен қаздар» шығармасы желісінде түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстап, жұппен билеудің қимылдарын үйренгенбіз. Бүгін де жұппен билеу қимылдарын үйренеміз. Алдымен әуен басталмас бұрын жұппен билеу элементтерін қайталап алайық. Музыка жетекшісі балаларды жұппен тұрғызып, «Күн пен түн» қазақ халық әуенінің сипатына сай жұптық қимылдарды жасауды үйретеді. Ұл балалар "түн" болып, қолдарымен қыз балаларды биге шақырып, иіліп тағзым жасайды. Ұл балалар қолдарымен қыз балалардың белдерінен ұстап, педагогпен бірге жұппен айналу адымдарын жасайды. Ұл балалар орындарында тұрады, қыз балалар "күн" болып, өзі тұрған орнын айналып, шағын шеңбер бойымен жұп адымын жасайды. Жұптар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді,
түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, қолдарын жанына созады.
Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар мен музыка үйлесімділігі музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. Музыка жетекшісі балалардың қимыл мен әуенді үйлесімді қабылдау қабілеттеріне де көңіл бөледі.
2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

– Е. Хасанғалиев әні «Ерден атайдың ертегісі».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

– Кел балалар, тұрмаңдар, Бізде қызық думан бар. Атамыздың алуан Ертегісін тыңдаңдар. "Ерте,ерте, ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен..."

Ертегі сөз қашан да Тамашаның көркі екен.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

– Балалар, қандай сипатта орындалған?

– Әнде не туралы айтылады?

– Енді, балалар, «Ерден атаның ертегісі» әнін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдата отырып, әннің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

– Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? «Ерден атаның ертегісі».

– Әнді жазған кім? Е. Хасанғалиев

– Керемет, балалар!

2.2. «Музыкалық үйшік» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.

Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

– Балалар, орманда бір саршұнақ келе жатып гүлді кездестіреді. Оның гүлге қызыққаны сондай қасына барып, мұрнымен ұзақ иіскейді. Балалар суретке қарайықшы?!

– Балалар, саршұнақ сияқты гүлді иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, саршұнақ иіскеген гүл де қоңырауға ұқсайды, солай ма? Бірақ,

ол гүл қоңыраугүл емес.

– Балалар, меніиен бірге қайталаймыз.

– Қоңыраулар "дин" дейді,

– Сыңғырлайды, "дин" дейді,

– Сыңғырлайды қоңырау,

– Дин-дин-дин дейді қоңырау. Тамаша, әрі қарай жалғастырамыз.

– Ахау, егигай,

– Ән сал бозторғай,

– Біз әніңді үйреніп,

– Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
– Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
– Аралар,
– Арамыз, біз арамыз,
– Әнге салып барамыз.
– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
– Қызыл, жасыл гүлдерден,
– Балды сорып аламыз.
– Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу. Е. Елгезеков «Ертегілер әлемі» әні.

- Е. Елгезековтің «Ертегілер әлемі» әні , бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық

– Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыка жетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

– Енді, балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, әнді еркін қимылдармен билер тұрып, айтамыз.

2.5. "Сиқырлы аспап" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарының дыбысын ажыратуда балаларды жаттықтыру. Тембрлік есту қабілетін дамыту.

Сипаттамасы: Экран, балалар музыкалық аспаптары: сыбызғы, сылдырмақ, қасық, қоңырау, металлофон, шытырлауық, үшбұрыш, металлофон.

Ойын барысы:

1 нұсқа. Экранның артында жүргізуші кезекпен балалар музыкалық аспаптарында ойнайды.

Балалар аспапты дыбыспен болжайды. Тұсаукесерді нұқу арқылы музыкалық аспаптың тиісті суреті пайда болады.

2 нұсқа. Тұсаукесерді нұқу арқылы музыкалық аспаптың суреті пайда болады. Балалар ұсынылғандардан ұқсас құралды таңдайды, оны атайды және ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма? Балалардың жауаптары.

– Балалар, біз қандай әнмен таныстық?«Ерден атайдың ертегісі»әнімен.
– Қандай ән айттық? «Ертегілер әлемі» әнін.
– Бүгін оқу әрекетінде бәрі ғажап, әдемі болды!
– Балалар, бүгін оқу әрекетіне бәрің жақсы қатыстыңдар.
– Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка:Ойыншықтар

Оқуқызметініңмақсаты

Ойыншықтартуралыәнгебалалардыңықыласынояту;музыкаәуеніменбіргеби қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық жетекшіге қосылып ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындағанда дұрыс тыныс ала білуге жаттықтыру.

Сөздікжұмыс

«Көлік», «Ойыншықтар», «Ойыншықтар ойнайды», «Ойыншығым - көлігім»сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау,портфолио,бейнебаянкөрсету,музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсендітақта,музыкалық-дидактикалықойынтоптамасыныңсуреттері (мысық,қонжық,нан,балабақшакөрінісібарсурет,күз),құстарменаңдардың суреттері, портфолио, ойыншықтар бейнеленген таңбалауыштар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

Ойыншықтарбейнеленгентаңбалауыштар.

Оқуқызметініңбарысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Сәлемдесу

Е.Тиличееваның«Марш»шығармасы.

БалаларзалғаЕ.Тиличееваның«Марш»шығармасыныңәуенінекатартүзеп кіреді. Педагог балалар адымдау кезінде денені түзу, басын жоғары көтеріп, тік ұстауқажеттігінжәнетізеніжоғарыкөтерукеректігінескертеді.

Балалармаршәуенімензалдағыкілемніңортасынакеліптұрадыда,үлкен шеңбер жасайды.

Педагог:

- Балалар,бәріңдеойыншықтарбарма?Иә.

- Марат,сеніңойыншығыңқандай?Машина.

- Марат, сенде ойыншық болса да, машина көлігің бар екен ғой.Марат қуанып қалады.

- Айгүл,сендекандайойыншықбар?Қуыршақ.

Балалардыңбәріжақсыкөретінойыншықтарынатапшығады.

- Балалар,бәріңойыншықтарыңдыжақсыкөресіңдерме?Иә.

- Балалар,бәріңтақтағақараңдаршы?!

Балалартақтадағыойыншықтарғақызығыпкетеді.

- Балалар,ойыншықтарұнайма?Иә.

- Міне, жарайсыңдар! Балалар, ойыншықтармен сәлемдесіп алайық:Ойыншықпен ойнаймыз (балалар қолдарын жанына жібереді),Тыныш оны қоймаймыз (балалар қолдарын алдына жаяды).

Күндесәлемайтамыз(балалархқолдарымен«рульді»айналдырады),

Үйге қимай қайтамыз (балалар қол білезіктерін сыртқа айналдырады). Балалархпедагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

- Бәрекелді,балалар!

Музыкалық-ырғақтықимылдар

Музыкалықжетекшібалалардышеңбергетұрғызып,музыканыңсыр-сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.

Музыкалықжетекші:

- Балалар,тақтағақарайық.

- Балалар,тақтаданненікөріптұрсыңдар?Бақаны.Жақсы.

- Балалар, бүгін бақа туралы әуенге ырғақты қимылдар жасауды үйренеміз. Музыкабасталмайтұрып,отырғанбақаныңқимылдарынжасап,біразжаттығып алайық.Бәрімізбірмезгілдебастап,бірмезгілдеаяқтаудыүйренеалмай

жатырмыз.БалаларТ.Алиновтың«Бақа»шығармасыныңәуеніне(Аудиозапись. "Лягушка" Т. Алинова) музыкалық-ырғақты қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыканың сыр-сипатына сай бақаның қимылдарын жасауды үйретіп, қимылменмузыканыңүйлесімділігінсақтауларынбақылайды.Балаларбақа секілді екі жаққа кезек-кезек секіреді, бір орында тұрып екі жағына кезек-кезек тербелу қимылдарын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді,аяқтарыментвистбиініңқарапайымқимылдарынжасап,орындарында жеңілсекіреді.Орындарындатұрып,қолдарыноңжаққа,солжаққакезек-кезек айналдырып, бір орында айналады. Аяқтарымен сол және оң жағына, тұрған орындарында жаттығулар жасайды. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен твист биінің қарапайым қимылдарын жасап, орындарында тұрып жеңіл секіріп, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІБӨЛІМ

Әнтыңдау

Педагогәнтыңдаудыңалдындабалалардыңназарынтақтағааударады:

- Балалар,тақтаданненікөріптұрсыңдар?

- Түнді.

- Балалар,қалайтүнболады,күнніңкөзіендіғанабатыпбаражатыр? Балалар ойланып қалады.

Педагогсуреткеқатыстыойқозғауүшін,балаларғасұрақтар қояды:

- Балалар,аспандажұлдыздарпайдаболғандағанатүнболмайма?Иә.

- Олай болса, күн батып бара жатқан мезгілді қалай атаймыз? Кеш. Тамаша, балалар!

- Балалар,солкешқұрымшақтаадамдарбір-біріне«Кешжарық!»депайтады.

«Кешжарық»дегенәдеміәнбар,естіпкөрейікші?А.Қоразбаев«Кешжарық» әні. Әнін жазған сазгер А. Қоразбаев.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз (Аудиозапись песни А. Коразбаева «Добрый вечер»). Кеш жарық, келдік үйіңе,

Береке берсін, төріңе!
Жарықболсын,кешіңіз, Жоғары
төрлеп, өтіңіз.

- Кәне,балалар,шапалақсоғаотырып,әуендітағыдақайталаптыңдайықшы!

Керемет!Әнтамашаекен,балалар,солайма?Иә.

Музыкалық жетекші балалар әнді қабылдағанша дейін тыңдатады.
Педагогәнгеқатыстыойқозғаумақсатындабалаларғасұрақтарқояды:

- Балалар,әнжазатынадамдыкімдепатаймыз?Сазгер.Тамаша!

- «Кешжарық»әнінжазғансазгеркім?А.Қоразбаев.Жарайсыңдар!

- Балалар,бұләндікіморындайтынынбілесіңдерме? Балалар
үндемей қалады.

- Балалар,бұләндіАлтынбекҚоразбаевағамыздыңөзіорындайды.

- Енді,балалар,«Кешжарық»әнінтағыдатыңдаймыз!

Музыкалықжетекшібалаларғааәндітыңдатаотырып,әнніңсипатымен мағынасын түсіндіреді.

- Балалар,бізбүгінқандайәнтыңдадық?«Кешжарық»әнін.

- Әуенінжазғансазгеркім?АлтынбекҚоразбаев.

- Осыәндіорындайтынкім?АлтынбекҚоразбаев.

- Жарайсыңдар,балалар!

«Көлеңке»дидактикалықойыны

Ойынныңмақсаты:«Көлеңке»әнінеәндетежүріп,әртүрліқұстарменаңдардың қимыл-қозғалысын келтіру.

«Көлеңке».

Ойынның барысы: тәрбиеші осы өлеңді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кішікентайбаланықатарластырыптұрғызады(кішісікөлеңке).Барлығышеңбер жасайды.

- Көлбең-көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!

Қанекатартұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық, - деп әндете жүріп, үлкен шеңбер құрады. Әрі қарай балаларменбіргеәндетежүріп,өлеңдеаталатынқұстарменаңдардыңқимыл- қозғалысын келтіреді.

Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Көлбеңдеген, көлеңкем!

Бүркіт қалай бүреді? Кім
көрсете біледі?

Ән ырғағымен балалар бүркіттің қанатын жайғанын көрсетеді, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. «Көлеңкелер» қайталап қимыл жасайды.

Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Көлбеңдеген, көлеңкем!

Қасқырқалайжүреді, Кім
көрсете біледі?

(Қасқырдыңжүрісінкөрсетеді)
Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Көлбеңдеген, көлеңкем!

Аю қалай жүреді, Кім
көрсете біледі?

(Балаларкөлеңкелерінеаюдыңжүрісінкөрсетеді)

Осы аңдар мен құстардың орнына басқасын көрсетіп, ойынды жалғастыра беругеболады.Педагогжақсыойнағанбалаларғаойыншықтарбейнеленген таңбалауыштарды табыс етеді.

Дауысқаарналғанжаттығулары

Музыкалықжетекшібалалардыорындықтарғаыңғайлыотырғызып:

- Балалар,дауысқаарналғанжаттығулардыорындаудыңалдындаорындыққа қалай отыруымыз керек?

Балаларорындықтыңшетінеотырады.

-
Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру, көңілсіз кейіпке ену).
-
Енді,балалар,дауыстыдыбыстардыәндеткендекелесідауыстыдыбысқа кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:
- Уууааооо.

- Уууууууууу,

- Енді,балалар,меніменбіргеқайталаймыз:

- Га-га-га,

- Ду-ду-ду,

- Ко-ко-ко,

- Ля-ля-ля.

- Тамаша,балалар!

Әнсалу

И. Сапарбаев «Ойыншықтар» әні. (әні: И.
Сапарбаевтікі).

Музыкалықжетекшіәнайтудыңалдында,балалардыңөлеңге қызығушылықтарын арттыру мақсатында өлеңді тыңдатады.

- Балалар,әннетуралы?Ойыншықтартуралы.

- Ойыншықтыжақсыкөресіңдерме?

Балалардыңбәріойыншықтардыжақсыкөретіндерінайтады.

- Балалар,ойыншықтардыңкөпболғаныжақсыма?Иә.

- Ойыншықтардыөтекөпалаберудіңқажетіжоқ.Өздеріңніңжақсыкөретін5-6 ойыншықтарың болса, сол жарайды.

- Тақтағақараңдаршы,қандайсүйкімдіойыншықтар?

Балаларойыншықтарғақызығақарайды.

- Балалар,ойыншықтарғаарналған«Ойыншықтар»әнібар.Соләндіүйреніп алайық?!

- И. Сапарбайдың әні «Ойыншықтар». Бәріміз орындықтың шетіне отырамыз. Кеңінен тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз.Музыкажетекшісібалаларменәнайтудыбастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын-хорменорындаудыұсынады.Әнгедирижерлыққызметкөрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар,әнімізтамашаайтылыпжатыр!Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар,тамаша,әніміздітағыдақайталайық.

Музыкажетекшісіәнніңүшшумағынүшкомандағаайтқызып,ал,қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне,балалар,шапалақпенсөздерінтағыдақайталапайтайықшы!Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларғаәндіқайталатып,балалархабылдағаншаайтқызады.Соңындамузыка жетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

«До-ре-ми»музыкалық-дидактикалықойын

Ойынныңмақсаты:балаларғамузыкадағыбейнелердіәндітыңдауарқылы

ажыратабілугеүйрету;әндітыңдауқабілеттерінарттыру.

Ойынныңбарысы:музыкалықжетекшіәндіорындапбередіжәнебалалардансол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, айтылған әннің не туралы екенін айтып береді. Ойын барысында айтылатын әндер: «Мысығым»,

«Ойыншықтар», «Тәтті нан», «Балабақша», «Алтын күз» әндері. Осы әндергебайланысты суреттер топтамасы.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогоқуқызметініңаяғындабалалардыңкөңіл-күйлерінкөтеруүшін:

- Балалар,сендербүгіноқуқызметінеөтебелсендіқатыстыңдар.Сендерді сыйлық күтіп тұр!

Балаларғажаңаойыншықтарберіледі.Балалархуаныпқалады.

- Балалар,ата-аналарыңныңсыйлығынқабылалыңдар.

- Ата-аналарымызғанедепайтамыз?Рақмет!

- Балалар,бүгіноқуқызметіндеқандайәнтыңдадық?«Кешжарық»әнін.

- Қандайәдеміәнайттық?«Ойыншықтар»әнін.

- Балалар,бүгіноқуқызметінебәріңжақсықатыстыңдар!Оқуқызметіұнадыма? Тамаша!

- Балалар,оқуқызметідеаяқталды!Сауболыңдар!

Күні:17.02.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ана – өмір шырағы»

Мақсаты: Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету.

Міндеттері: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.

Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау.

Анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Түсінеді: әннің мазмұнын түсінеді.

Қолданады: таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Е. Хасанғалиевтің портреті, аналардың суреттері, түрлі түсті ленталар; ұрмалы аспаптар – асатаяқ, биге арналған «сабау»-таяқшалар,
нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: ана – мама – mother.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, шеңбер бойымен жүріп, әуен ауысқанда әуенге сай қимылдар жасап, шеңбер құру.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға

ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.

Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу.

Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.

Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).

Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.

- Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?

- Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар?

Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.

Ән айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев).

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.

- Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.

Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.

«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.

Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады.

Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап,

Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді.

Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді.

Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады.

Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді.

«Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану.

Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.

Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.

Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов).

Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.

Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.

Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінде қандай музыка тыңдадық? Не ұнады?

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Нұр төккен ,гул көктем жоқОқу қызметінің мақсаты

Балалардың көктем туралы әннің сипатын ажыратау білу, дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу, әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білу қабілеттерін жетілдіру; эстетикалық талғамын дамыту.

Сөздік жұмыс

"Көктем жаршысы - құстар", "Келді құс та ән салып","Ана-көктем", "Құттықтаймыз!", "Керемет күн!", "Анажаным" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сурет көрсету, пысықтау, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Балалар залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жылқы адымы" жаттығуын жасайды. Музыка жетекшісі балаларға:

– Балалар, мойнымызды сәл иеміз, енді жылқы сияқты жүріп келе жатып, ырғақты секеңдейміз. Жарайсыңдар. Балалар жылқы адымынан кейін жай адымға ауысып, залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі:
Ән саламыз күнде біз, Шаттық толы іргеміз. Біз мәңгіге достармыз. Біз мәңгіге біргеміз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолымен шапалақтайды:
– Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз
«Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату", "аяқты қайшылау".
2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

– Ә. Бейсеуовтің әні «Көктем».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен

таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипаты мен екпінін анықтайды.

– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатып, әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға түсінік береді:

– Балалар, "Ана" деген сөз қасиетті мағынаны білдіреді, солай ма, балалар? Иә. Тамаша.

– Анамыз болса, біз бақыттымыз. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар.

– Әлемдегі барлық әндер анадан басталады. Сондықтан біз аналарымызды құрметтеп, қадірлеуіміз керек.

Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:

– Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ана туралы.

– Әуенін жазған сазгер кім? Ескендір Хасанғалиев.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Ырғақты қайтала" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.

Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар. Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Біз көңілді балалармыз,

– Бір орында тұрмаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

– Біз сабырлы балалармыз,

– Біз апайды тыңдаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Жарайсыңдар, балалар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Балалар, енді біз анамыздың тілін қалай аламыз, көрейік.
– Біз көңілді баламыз,
– Ана тілін аламыз.
– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля.
– Тамаша.

2.4. "Ән салу. Б. Бейсенова «Анажаным» әні.
– Б. Бейсенованың әні «Анажаным», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен алма, кішкентай алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.
Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
– Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағаншаайтқызады.
–

Күні:03.03.2023
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Наурызым, армысың!»

Мақсаты: Музыка тыңдай отырып, күйдің көңіл күйін сезіне білуге баулу. Міндеттері: Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл, ырғақты қозғалу.
Үлкенге ілтипат жасауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әндерді орындайды, бір мезгілде бастап және аяқтайды, әнді сахналайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.
Түсінеді: әндердің мазмұнын.
Қолданады: шығармаларды соңына дейін тыңдайды, аспаптарда орындайды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Құрманғазының суреті, интерактивті тақтадан наурыз мерекесінен көрініс, нота хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: көңілді – веселый.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Сарыарқа» күйі (Құрманғазы) ойналып, ұлдар атқа шапқан кейіп танытып, қыздар қолдарын бұрап, «Қамажай» биінің элементімен залға кіреді.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Полька» (Л. Лядова)

Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрады. Аяқтарын өкшеге кезек-кезек қояды. Қолдарын ұстасып айналады, қолдарын шапалақтайды.

Интерактивті тақтадан Наурыз мерекесінен көрініс көрсету. Наурыз мерекесі туралы әңгіме жүргізу. Бұл мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпе-назын ұмытып, құшақтасып қауышады. Бір-бірінің үйіне кіріп, адал астан ауыз тиеді. Қыстан аман-есен шыққан халық күн мен түннің теңелген күні дастарқан жасап, оған құрт, жент, бауырсақ, қойып, наурызкөже пісіреді.

Музыка тыңдау. «Сарыарқа» (Құрманғазы).

Балаларға Құрманғазының суретін көрсетіп, қысқаша өмірбаянын айту.

- Балалар, күйдің көңіл күйі қандай?
- Күй қалай орындалды, тез бе әлде баяу ма?
- Күйден мерекенің дабыры сезіле ме?

Ән айту. «Наурыз тойы» (А.Тани).

Балалардан әннің мазмұнын сұрау, мереке кезінде болатын қызықтарды әңгімелеу, ән көңілді, ойнақы орындалады.

Таныс «Наурыз» (Б. Есдаулетов) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

Билер. Қазақ биі «Жалқаубек» (үнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында). Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді, тоқтайды. Қол ұстасып, тізені көтеріп жеңіл айналады.

Қолдарын ары-бері шайқап тұрады.

Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды. Қыздар сұқ саусағын шошайтып, ұрысқан кейіп танытады.

Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді.

Ұлдар орындарынан тұрып, ортаға жиналып, қолдарын бір-бірінің иықтарына салып тұрады.Қыздар ұлдарды белдеріне ұстап тартады да, қол ұстасып айналады.

Ойындар, хороводтар. «Қыз қуу» («Адай» күйі Құрманғазы, үнтаспада). Ұлттық ойынды дәріптеу, қызығушылықтарын арттыру.

Ептілікке, ойынға белсене қатысуға үйрету.

Ойын шартын мұқият түсіндіреді. Балалар арасынан бір ер бала бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса, ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді.

Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Еркем-ай» – халық әні. Балалар аспаптарда ойнайды.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Сендер ата-әжелеріңе еріп Наурыз мерекесіне бардыңдар ма?

- Қандай қызықты оқиғалар естеріңде қалды?\

Күні:10.03.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Біз шадыман баламыз
Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.
Сөздік жұмыс
"Дені сау адам", "жаны сау", "күлкі - шаттық шуағы", "күлкі әлемі", "Біз шадыман баламыз" сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, суреттер көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар1.
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, сылдырауықтар аспабы, қоңыраудың үш түрі (үлкен, орта және кіші).
2. Үлестірмелі материалдар
әр балаға сылдырауықтар, балалардың әрқайсысында қоңыраудың үш түрі (үлкен, орта және кіші)

Е. Тиличеева «Марш»
М.Старокадомский «Қысқы би» (Пр.48) музыкалық ырғақтық-қимыл Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш» әні (ән тыңдау)
Ә. Бейсеуов «Біз шадыман баламыз» әні (ән айту)
«Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау "Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны
«Bells» музыкалық-дидактикалық ойы

28 Білім беру саласы: Шығармашылық
17.03.2023

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер»

Мақсаты: Ән арқылы әр төлдің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету. Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, әуенді дұрыс бере білу,
соңын мұқият әндетіп айту, қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: шығармаларды тыңдайды, сипаттайды, әндерді орындайды; Түсінеді: әр төлдің мінез-құлқының ерекшілігі, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту;
Қолданады: музыканың көңіл күйін бере отырып, қимылдайды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарлары және төлдерінің суреттері, жануарлардың атрибуттары, ұрмалы аспаптар, нота
хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: үй жануарлары – домашние животные.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Марш» (Е. Тиличеева).
Балалар шеңбер бойымен аяқты нық басып, басты тік ұстап, әуенге ілесіп жүреді.
Педагог балаларға үй жануарлары және төлдерінің суреттерін көрсетіп, үй жануарларымен таныстырады. Олардың аттарын атап, жануарлардың
баласын төлі деп, анасын енесі деп атайтынын түсіндіру. Жылқының төлі – құлын, сиырдың төлі – бұзау, қойдың төлі – қозы екенін түсіндіру.
Музыка тыңдау. «Боталардың желісі» (Е. Хасанғалиев). Музыка тыңдап, балалар сипатын ажыратады.
Ән айту. «Төлдер» (Д. Ботбаев).
Әнді тыңдап, мазмұнын сипаттап, әңгімелеу. Әр төлге берілген суреттеуді ән айту кезінде көрсете білу, мінезіне сай дауысты құбылтып айту.
Таныс «Наурыз тойы» (А. Тани) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Жалқаубек» (үнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында).
Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді. тоқтайды. Қол ұстасып, тізені көтеріп жеңіл айналады.
Қолдарын ары-бері шайқап тұрады.
Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды. Қыздар сұқ саусағын шошайтып, ұрысқан кейіп танытады.
Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді.
Ұлдар орындарынан тұрып, ортаға жиналып, қолдарын иықтарына салып тұрады.
Қыздар ұлдарды белдерінен ұстап тартады да, қол ұстасып айналады. Ойындар, хоровод.
«Төлдерін ажырат» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді.
Балалар жануарлардың атрибуттарын киіп, сол төлдердің дыбысталуын, жүрістерін салады.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. Белгілі бір әуенге салып, ұрмалы аспаптармен ырғақты сақтап қосылу.
3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

Күні:24.03.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ғарыш әлеміне саяхат»

Мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.
Міндеттері: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тыныстыдұрыс алу. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: эмоционалды түрде ән айтады, тыныстыдұрыс алады.
Түсінеді: ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.
Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: интерактивті тақтадан ғарыш әлемі туралы және ғарышкерлер туралы суреттер дайындау, нота хрестоматиясы.
Полилингвальді компонент: ғарышкер – космонавт – astronaut.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу.
Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров).
Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.
Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру.
Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.

Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.
Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.
Жылдам екпіні мен ырғағына мән беру, секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға көңіл бөлу.
Үйренген «Қайырлы таң» әнін (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.
Билер: Балаларға белгілі бір әуенді орындап, сол әуенге лайық ойдан би қимылдарын жасату. Өз беттерінше би билеуге мүмкіндік беру.
Ойын: «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.
Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко).
«Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру.
Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.
Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Оқу қызметінің ұнаған бөлімін сұрау.
28 Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер»
Мақсаты: Ән арқылы әр төлдің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету. Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, әуенді дұрыс бере білу,
соңын мұқият әндетіп айту, қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: шығармаларды тыңдайды, сипаттайды, әндерді орындайды; Түсінеді: әр төлдің мінез-құлқының ерекшілігі, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту;
Қолданады: музыканың көңіл күйін бере отырып, қимылдайды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарлары және төлдерінің суреттері, жануарлардың атрибуттары, ұрмалы аспаптар, нота
хрестоматиясы.
Билингвальді компонент: үй жануарлары – домашние животные.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Марш» (Е. Тиличеева).
Балалар шеңбер бойымен аяқты нық басып, басты тік ұстап, әуенге ілесіп жүреді.

Педагог балаларға үй жануарлары және төлдерінің суреттерін көрсетіп, үй жануарларыментаныстырады. Олардың аттарын атап, жануарлардың
баласын төлі деп, анасын енесі деп атайтынын түсіндіру. Жылқының төлі – құлын, сиырдыңтөлі – бұзау, қойдың төлі – қозы екенін түсіндіру.
Музыка тыңдау. «Боталардың желісі» (Е. Хасанғалиев). Музыка тыңдап, балалар сипатынажыратады.
Ән айту. «Төлдер» (Д. Ботбаев).
Әнді тыңдап, мазмұнын сипаттап, әңгімелеу. Әр төлге берілген суреттеуді ән айту кезіндекөрсете білу, мінезіне сай дауысты құбылтып айту.
Таныс «Наурыз тойы» (А. Тани) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
Билер. «Жалқаубек» (үнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында).
Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді. тоқтайды. Қол ұстасып,тізені көтеріп жеңіл айналады.
Қолдарын ары-бері шайқап тұрады.
Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды. Қыздар сұқ саусағыншошайтып, ұрысқан кейіп танытады.
Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді.
Ұлдар орындарынан тұрып, ортаға жиналып, қолдарын иықтарына салып тұрады.
Қыздар ұлдарды белдерінен ұстап тартады да, қол ұстасып айналады. Ойындар, хоровод.
«Төлдерін ажырат» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді.
Балалар жануарлардың атрибуттарын киіп, сол төлдердің дыбысталуын, жүрістерін салады.
Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. Белгілі бір әуенге салып, ұрмалы аспаптармен ырғақтысақтап қосылу.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

Күні:07.04.2023

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз»

Мақсаты: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетіндамыту.
Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны менмузыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.

Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.

Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды.
Түсінеді: музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны менмузыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.
Қолданады: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды. Қолданылатын көрнекі құралдар: құстардың атрибуттары, нота хрестоматиясы. Полилингвальді компонент:құстар – птицы – birds.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды.
Педагог балалармен құстар туралы, оларға жасалатын қамқорлық туралы, жыл құстары туралыәңгіме өткізеді. Адамдар қолдан үйшіктер жасайды, олармен дос болып, күтім жасап, балапандарына жағдай жасайды.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова).
Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтыңұшымен құс болып ұшады.
Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова).
Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау.Көктем, көктем, көктемде, Бұл құстардың бәрі де Әнші болып кеткен бе?
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов).
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуғаүйретеді.
Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.
Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарыналақандарымен шапалақтап көрсету.
Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, әнырғағымен орындауға баулу.
Жеке немесе топпен ән айту.
Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).
Балаларға «көкпар» сөзінің мағынасын түсіндіріп, атқа шауып жүріп қимыл жасау керектігінтүсіндіру. Биге ұл балалар қатысады.
Ойын: «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалайшақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету.
Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).
Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.
Балалар күннің қай мезгілде ұйықтататынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау. Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімісендерге ұнады?

Күні:14-21.04

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Қуыршақ Айжанмен билейміз

Мақсаты: Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға; әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте, жұптаса мәнерлі билеуге дағдыландыру.Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды; түсінеді: музыкалық шығарманыэмоциямен қабылдайды; қолданады: әнді бірге бастап, хормен айтады.
Көрнекіліктер: қуыршақ Айжан, түсті шашақтар-«әшекейлер», нота хрестоматиясы.Сөздік жұмыс: жай-жай, тез-тез
Билингвальді компонент: би –

танецҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев) жұп биін билеуді ұсынады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады. Ырғақты сезінеби қимылдарын бірге орындайды.

2. Негізгі кезең

Педагог қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады.

– Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, әнтыңдағысы келеді. Кәне, қуыршақ Айжанға «Бес саусақ» санамағын айтып берейікші.

Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортантерек – ағам,
Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен!

– Қуыршақпен бірге бесік жырын тыңдаңдар, – деп ұсыныс жасайды.Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы)

Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынынтүсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуенімен ұйықтату.

- Балалар, енді Айжанға ән айтып берейік.

Ән айту: «Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова)

Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбербойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. «Кәне, қызық ойын бар» – таныс әнді қайталау, бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Түсті шашақпен би» (А. Жилинский). Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп,

әуенауысқанда үлкейтеді.
«Жай және жылдам» ән-ойыны (Е. Хасанғалиев)
Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталату. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.

3. Қорытынды бөлім. Рефлексия
- Қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма?
- Аяқтарын қалай топылдатады?
- Тез-тез қалай қол шапалақтайды екен?

Жауаптарына ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айжанмен қоштасып, шығарып салады.

Күні:28-5.05.2023
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету.
Міндеттері: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату,әсерлі реңктерін ажырату.
Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.
Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптардаойнауға үйрету.
Серуен арқылы балаларды бір-біріне қамқор болуға
тәрбиелеу.Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді
орындайды.Түсінеді: ән айту дағдыларын.
Қолданады: би қимылдарын және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.
Қолданылатынкөрнекі құралдар: «ұлпақар»-таяқшалар, үнтаспа, диск, нота хрестоматиясы.
Полилингвальді компонент: Жаңа жыл – Новый год – New Year.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Балалар көңілді музыка әуенімен музыка залына кіреді. Шеңбер құру. Мереке қарсаңында балалар бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі,шапалақтайды, қол ұстасып,
аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев).
Әннің сипаты мен екпіні және мазмұны туралы әңгімелеу. Балалардың музыка тыңдай отырыпалған әсерлерімен бөлісу.
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.

Ән айту: «Ақша қар» (Е. Өміров).
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуғаүйретеді.
Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.
Әнді көңілді, ырғақты сақтай отырып табиғи дауыспен айтуға көңіл бөлу. Үйренген ән «Шырша әні» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға,

ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.
Билер. «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский
үнтаспада,
«Билеп үйренейік» жинағынан).
Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу.Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко).
Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.
3. Рефлексия
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Жаңа жыл мерекесінің қандай ерекшеліктері, қуанышты сәттері бар? Мерекеге лайық қандай әндер үйрендік?

Күні:12-19.2023
Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Бақшадағы ән-сауық»

ақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.
Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.
Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыстыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.
Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,
фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық береотырып ойнауды дамыту. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды.Түсінеді: музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.
Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды. Қолданылатын көрнекі құралдар: «әуенді сағат», асатаяқ, нота хрестоматиясы. Полилингвальді компонент:балабақша – детский сад – kindergarten.

ҰОҚ барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар көңілді музыка әуенімен залға кіреді. Педагог:
Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы – Біздің балабақшамыз!
2. Негізгі кезең
Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).
Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолдыкезек-кезек сермеп жүру.
Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева).
Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков).
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.
Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.
Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).
Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Педагог ойыншартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру.
Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов).
Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.
Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.
3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- ҰОҚ қай бөлімі сендерге көбірек ұнады?
- Балабақшада қандай ойын-сауықтар өткізіледі?

Музыка: Жаңбыр

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға әннің мағынасын түсініп тыңдауды және ырғақты айыра білуді үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

«Табиғат әлемі», «Сәлемдесейік!», «Қандай ырғақ?», «Көңілді арбакеш», «Жаңбыр», «Көңілді ноталар» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, көрініс көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, даңғаралар (бубендер), әр балаға жеті нота салынған қаптамалар, суретті өріктер (слайд), «Әнші торғайлар» макеті, жаңбыр бейнеленген таңбалауыштар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға жеті нота салынған қаптамалар, жаңбыр бейнеленген таңбалауыштар, бала санына қарай даңғара аспаптары (бубендер).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар оқу қызметінің басында залға В. Тюльковтың «Марш» шығармасы («Марш» В.Тюльканова) әуеніне адымдап кіреді. Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру үшін:

- Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін ұстаймыз, басты түзу көтереміз.
Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз.
Балалар залдың бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды. Музыкалық жетекші Г. Абдрахмановаңың «Сәлемдесу жаттығуы» әуенін (Разминка

«Приветствие» Г. Абдрахмановой) ойнайды. Балалар сол әуенге шеңбер жасап, сәлемдеседі:

Бердік сәлем, баршаға!
Аспан, әлем, аршаға!

Би билейміз, ән салып,
Келіңдер, тамашаға!

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Педагог:

- Балалар, қазір кең, әдемі шеңбер жасап алайық. Музыка басталғанда маған ілесе жүріп, адымдау қимылдарын жасауға дайындаламыз.
(Аудиозапись произведения "Какой ритм? "Н.Шахиной) Н.Шахинаның «Қандай ырғақ?» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, үштік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Аяқ пен қол қимылдарының үйлесімділігін музыканың сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін ескертеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтаға назар аударайықшы?!

Балалар тақтаға қарайды.

- Балалар, мына суреттен кімді көріп тұрсыңдар?

Балалар үндемей, ойланып қалады.

- Балалар, суреттегі адам не істеп отыр? Ат айдап отыр. Керемет!
- Ат айдайтын адамды қалай атайды?

Балалар үндемей қалады. Педагог балаларға көмектеседі.

- Балалар, ат айдайтын адамды арбакеш деп атайды. Қайталайықшы, бәріміз?! Арбакеш. Тамаша!
- Балалар, арбакеш туралы ән тыңдайық. Өте көңілді ән. Сондай әндердің бірі - Е. Құсаиновтың «Көңілді арбакеш» (Аудиозапись песни Е. Кусаинова "Веселый извозчик"). Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Балалар, ән қалай аталады? «Көңілді арбакеш». Дұрыс.
- Балалар, әннің әуенін жазған Е. Құсаинов, қайталайық. Жарайсыңдар! Мен
келемін арбамен,
Көңілденіп, әндетіп.
Көңілді ғой арбамен,
Жарысамын әндетіп.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте көңілді ән, балалар, солай ма? Әнді тағы тыңдаймыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайта тыңдатад. Балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, әнін жазған сазгер кім?

Балалар үндемей қалады. Педагог балалардың есіне салып, сазгердің аты-жөнін қайталайды.

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? «Көңілді арбакеш». Жарайсыңдар!

2.2. «Көңілді ноталар» дидактикалық ойыны

Ойынның шарты: нотаны түстермен құрастыру арқылы кемпірқосақ бейнесін шығару.

- Балалар, тақтадағы суреттен ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?

- Кемпірқосақтың. Дұрыс!
- Кемпірқосақта неше түс бар? Жеті түс бар. Жақсы!

- Балалар, біздің музыка әлемінде 5 қара сызықтың бойындағы скрипка кілтінде 7 нотаның түсі осы түстермен белгіленеді.
- Бірінші нота қызыл түсті.
- Екінші нота қызғылт сары түсті.
- Үшінші нота сары түсті.
- Төртінші нота жасыл түсті.
- Бесінші нота көгілдір түсті.
- Алтыншы нота көк түсті.
- Жетінші нота күлгін түсті.
- Балалар, осы ноталар өздеріне сәйкес дыбысталады. Бұлттарда ноталар шашылып жатыр, оларды рет-ретімен апарып орналастырайықшы?!

Балалар қызығып қалады.

- Бәріміз шеңбер құрып отырамыз, берілген түстерді ретімен қоямыз.

Әр балаға жеті нота салынған қаптама беріледі, балалар ноталарды өз түсінгендері бойынша немесе түсінбеген жағдайда жетекшінің айтуымен орналастырады. Соңғы нота қойылған соң орындарынан тұрады.

- Балалар, қараңдаршы, біздің құрастырған түстерден ненің бейнесін көріп тұрмыз? Кемпірқосақтың. Тамаша!
- Балалар, нота орналастырылған кемпірқосаққа қараңдаршы! Қандай көңілді би билеп тұр, балалар, керемет қой!

- Балалар, бәріміз орындарымыздан тұрып, көңілді кемпірқосақпен бірге қимылдар жасайық.

Балалар педагогпен бірге әуенге сай қимылдар жасайды.

- Жарайсыңдар, балалар!

Жақсы ойнаған балаларға жаңбыр бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

2.3. Дауыс жаттығулары

Педагог балаларға ән салғызу алдында дауысқа арналаған жаттығуларды орындатуы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді, сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс

жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар!
- Енді, балалар, менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
Бір орында тұрмаймыз.
Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

- Біз сабырлы балалармыз, Біз
апайды тыңдаймыз.
Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

- Жарайсыңдар, балалар!
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Балалар, тырналар қалай дыбыстайды екен? Көрейік.
- Аспан ашық, дала кең, Кел,
қоныңдар тырналар. Мен
сендерге жем берем, Дос
болайық, тырналар.
Тырау-тырау-тырау-тырау!
Тырау-тырау-тырау-тырау!

- Тамаша!

2.4. Ән салу

Д.Ботбаевтың «Жаңбыр» әні.

- Балалар, сендер жаңбырдың жауғанын жақсы көресіңдер ме? Міне, жарайсыңдар! Жаңбырдың қалай пайда болатынын білесіңдер ме? Керемет, жарайсыңдар!

Педагог интербелсенді тақтадан жаңбырдың жауғаны туралы көрініс көрсетеді.

- Балалар, тақтаға қарап тұрып, жаңбырдың қалай пайда болатынын бақылайықшы! Алдымен күн райы бұзыла бастайды, яғни, күннің көзін бұлт жабады, бұлттар қоюланып, бұйра бола бастаған кезде жаңбыр ақырын

тамшылап жауа бастайды, жаңбырдың дыбысын естідіңдер ме? Қатты жауып барып, қайтадан ақырындап тоқтайды. Енді, күн шыға бастағанда екінші жақтан не пайда болды, балалар?

- Кемпірқосақ!
- Балалар, кемпірқосақтың шыққан бейнесі қандай әдемі? Жаңбыр қалай жауады екен? «Тырс-тырс» дейді екен. Жаңбырдың қалай пайда болатынын көрдіңдер, балалар!
- Енді, балалар, әнді бірге қайталаймыз.

Әнді хор мінбесіне тұрып, үнтаспаға қосылып айтады. Шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Муызкалық жетекші дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, тамаша! Әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Педагог балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші өріктерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.

Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш

топқа айтқызып, қайырмасын барлық топ қосылып орындауды үйретеді.

2.5. «Қандай ырғақ?» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойын шарты: педагогтің сөздерді айтуы бойынша балалар даңғара аспабында ойнайды.

- Балалар, бәріңнің қолдарыңда даңғара аспабы бар. Мен сөздерді айтып тұрғанда, қай жерінде даңғараны ұру керектігін өздерің мұқият тыңдап, дағараны ұрасыңдар.
- Даңғараны ұр қатты,
Дәл қайтала
ырғақты. Тоғайда көп
тоқылдақ, Үн естілді
тоқылдап.
- Тоқ, тоқ,
тоқ, Тоқ,
тоқ, тоқ.

Даңғараны ұр қатты,
Дәл қайтала ырғақты.

Күн күркіреп жарқылдап,
Бұршақ жауды
сартылдап.

- Сарт, сарт, сарт,
сарт, Сарт, сарт, сарт,
сарт.
- Жарайсыңдар! Рақмет!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің қорытынды бөлімінде педагог:

- Балалар, бүгін оқу қызметі қызықты болды. Сендер де жақсы қатыстыңдар.
- Бүгін қандай ән тыңдадық? «Көңілді арбакеш» әнін.
- Ал, қандай ән айттық? «Жаңбыр» әнін.
- Жаңбыр қалай тамады екен? Тырс,тырс, тырс.
- Балалар скрипка кілтіндегі ноталар неше түстен тұрады екен? Жеті түстен. Жарайсыңдар!
- Балалар, оқу қызметіне жақсы қатысып, бәрің таңбалауыш алдыңдар, оларды портфолиоға салып қойыңдар.
- Оқу қызметі аяқталды! Сау болыңдар, балалар

Музыка: Көгершіндер әні

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты

Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әндітыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

Жыл құстары, көгершіндер әні, жыл құстары сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, көрініс көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, «Әнші көгершіндер» макеті, дабыл, сылдырмақ, үскірік (окарина), ксилофон, шымылдық (ширма), «Көңілді паровоз» макеті, қатты картоннан жасалған паровоз бен аңдардың суреттері, үлкен және кішкентай торғайлар картотекасы,көгершіндер бейнеленген таңбалауыштар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Көгершіндер бейнеленген таңбалауыштар.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыкалық жетекші Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенін қосып, балаларды залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп

тұрады.

(Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенінің аудиосы)

Педагог балаларды шеңберге отырғызып:

- Балалар, құстар біздің досымыз! Біз құстарды жақсы көреміз! Иә.
- Балалар, жыл құстары жылы жаққа ұшып кетті. Қалған құстар қорғансыз, оларға біз қамқоршы болуымыз керек.
- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! Енді, менімен бірге

тақпақ пен қимылды қайталаймыз:
Құстар болып самғаймыз (балалар қолдарын қанат сияқты жанына жаяды), Аспан төрін шарлаймыз (балалар қолдарын қанат сияқты жанына сермейді).Туған жерді қимаймыз (балалар қол білезіктерін айналдырады),

Біз алысқа бармаймыз (балалар қолдарын жанына жібереді).Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

- Тамаша, балалар!
- Балалар, әдемі шеңбер жасауға дайындалайық!

Балалар шеңбер жасайды.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші:

- Балалар, мені айнала шеңбер жасап тұрайық, енді музыка басталмай тұрып, шөже болып көрейікші!

Музыкалық жетекші Г. Гусейнлидің «Шөжелерім» атты шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.

(Г. Гусейнлидің «Шөжелерім» атты шығармасының аудиосы)

Балалар шеңбер бойымен тұрып, аяқтарын өкшелерімен кезек-кезек алға қойып жаттығулар жасайды. Бір аяқты алға қойып, екі қолдың білезіктерін айналдырады. Екінші аяқты да алға қойып, екі қолдың білезіктерін айналдырады. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, төмен түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оңжәне сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Педагог:

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, балапандар қалай билейді? Біз де осы балапандар сияқты қимылдар жасайық.
- Қолымызды бүгіп, екі жанымызға жіберіп, шынтағымызды әрі-бері қозғаймыз. Сәл алға қарай бүгіліп, қолымызды екі жанымызға қанат сияқты жайып, қимылдар жасаймыз. Аяқтарымызды кезек-кезек алға қойып, балапан секілді жерге тигіземіз. Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балаларды шеңбер бойымен отырғызады.

- Балалар, бәріміз тақтаға қарайық.

Балалар тақтаға қарайды.

- Балалар, бейнебаяннан не көріп тұрсыңдар? Торғайларды. Жақсы!
- Торғайлар не істеп жатыр? Жем жеп жатыр. Жақсы.

- Осы кіп-кішкентай торғайлар ән салады. Балалар, тыңдап көрейік пе?

Тыңдаймыз.

- Балалар, торғайлар қалай шықылықтайды екен? Шық-шық-шық. Тамаша!
- Торғайлар туралы ән бар екен, соны тыңдап көрейік.
- Олай болса, балалар, бүгін А. Райымқұлованың «Торғай әнін» тыңдаймыз.

(А. Райымқұлованың «Торғай әні»)

Балалар әнді тыңдайды. Музыкалық жетекші балаларға әннің сыр-сипатынтүсіндіреді.

- Балалар, ән торғайлардың өзі сияқты көңілді. Солай ма? Иә.
- Тағы да тыңдап көрейікші?! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қойып, денемізді еркін ұстаймыз.

Торғай, торғай тоқылдап,

Жерден дәнді шоқып ап.

Секіреді жүреді,

Дәнді жерден тереді!

- Кәне, балалар, шапалақтап отырып, сөздерін менімен бірге тағы да қайталап көрейікші! Керемет!
- Бұл ән не туралы? Торғайлар туралы.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Көңілді паровоз» дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсат-міндеттері: балаларға пьесаларды сын-сипатына қарайажырата білуді үйрету.

Ойын материалы: қатты картоннан жасалған паровоз бен аңдардың суреттері.

барысы:

«Көңілді паровоз» балалар жаққа қаратылып әдістемелік үстелге қойылады. Музыкалық жетекші бос терезелерге балалардың назарын аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.

Паровозға машинист пен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыкалық жетекші «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауынтабады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар» пьесасы кейіпкерлерін вагондарға отырғызу керектігі айтылады. Ойын екі топпен өткізіледі. Пьесаның атауын дұрыс тапқан балаларға көгершіндер бейнеленгентаңбалауыштар үлестіріледі.

2.3. Дауыс жаттығулары

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады.Музыкалық жетекші мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар!
- Балалар, менімен бірге қайталаймыз.
- Ооо,ооо, ооо.
- Біз айтамыз «-до». Қайталаймыз. Тамаша!
- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре - міз, «-ре». Қайталаймыз.
- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, «-ми» (екі рет қайталанады). Жақсы!
- Досымызға айтамыз,
- Қандай күшті «-фа» Қайталаймыз. Тамаша!
- Досым менің ол, ол,
- Дейді маған «-соль», қайталаймыз.
- Біз бәріміз әндетіп,
- Ән саламыз «-ля-ля-ля».
- Тамаша, балалар!

2.4. Ән салу

- Балалар, көгершіндер қандай құстар? Бейбітшілік құсы. Жарайсыңдар!
- лалар, тақтаға қарайықшы?!
- Балалар, қандай құстың бейнесін көріп тұрсыңдар? Көгершіннің. Жақсы.
- Балалар, суреттегі көгершін ерекше көрінеді. Солай ма? Иә.
- Көгершін несімен ерекшеленіп тұр? Әдемі! Тамаша!
- Балалар, осы көгершіндер туралы тамаша ән бар, соны айтып үйренеміз.

Педагог Н.Тілендиевтің «Көгершіндер әнін» тыңдатады.

(Н.Тілендиевтің «Көгершіндер әні» аудиосы)

Интербелсенді тақтаны қосып, көгершіндердің тіршілігін көрсетеді.

- Қандай керемет! Балалар, көгершіндер билеп жүр.

Балалар да қызығып қарайды.

- Қазір әнді тыңдаймыз.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады? Көгершіндер туралы. Жарайсыңдар, балалар!
- Әнді жазған сазгер кім? Н. Тілендиев. Жарайсыңдар, балалар!

Балалар, хор мінбесіне барып тұрады. Әнді үнтаспаға қосылып айтады. Әннің шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындайды. Музыкалық жетекшіәнге дирижерлық етеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақты суретін көрсететін үлкен, кіші торғайларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші көгершіндер» де келді.

Балаларға көгершіндермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлық топқа бірге қосылып орындауды үйретеді.

-
Балалар, орындарымыздан тұрып, көгершіндер сияқты қанатымызды қағайық! Жарайсыңдар!

2.5. «Үнінен таны» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсат-міндеттері: балаларға аспаптардың дыбыстарын есту арқылы

оларды ажырата білу қабілетін дамыту.

Ойын материалы: дабыл, сылдырмақ, үскірік (окарина), ксилофон, керме(ширма).

Ойын барысы.

Музыкалық жетекші керменің аржағында тұрып, аспаптарда ойнайды. Балалар қандай аспаптың үні екендігін табулары керек. Музыкалық жетекші әр аспапта ойнап тұрып, төмендегі сөздерді айтады:

Музыка!
Музыка!

Бұл не екен өзі?

Мүмкін бұл,

Көгілдір аспан шығар!
Мүмкін бұл,

Таңғы арай шығар?

Ал, мүмкін, музыка
–

Тек қана дыбыстар шығар!

Балалар аспаптардың дыбыстарын ажырата алмаған жағдайда музыкалықжетекші аспаптарда қайтадан ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, қандай құстың үні естіледі?
- Естіп отырсыңдар ма?
- Торғайдың!

- Сендерге ұнай ма?
- Иә.
- Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? «Торғайлар» әнін.
- Әнін жазған сазгер кім? А.Райымқұлова.
- Қандай ән айттық? «Көгершіндер» әнін.

-Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы құстарға арналды. Құстар өте нәзік, сезімтал. Құстар қорғансыз. Балалар, құстарды көргенде оларға жем берейік. Оларға тиіспейміз, мазаламаймыз. Құстарға қамқорлық көрсетуіміз керек. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеті аяқталды, сау болыңдар!

		сүйіспеншіліктерін арттырып пысықтау.		
8	Әңгелек	Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру.	1	29.09
9	Кел ән тыңдайық	Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын пысықтау.	1	4.10
10	Күз қазан	Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	1	6.10
11	Менің балапандарым қайда?	Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау.	1	11.10
12	Бауырсақ	Балалардың күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.	1	13.10
13	Күй тыңдайық, балақай	Балалардың күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын пысықтау.	1	18.10
14	Көкек	Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру.	1	20.10
15	Күзгі вальс	Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету; дикцияның тазалығы мен әнді анық айту дағдыларын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.	1	27.10
16	Ән салайық	Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету; дикцияның тазалығы мен әнді анық айту дағдыларын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би	1	1.11

		қимылдарын еркін орындауға пысықту.	
17	Ұшағым	Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге жаттықтыру.	1 3.11
18	Ән салған кім?	Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге пысықтау.	1 8.11
19	Құлан	Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға жаттықтыру.	1 10.11
20	Музыкалық сағат	Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға пысықтау.	1 15.10
21	Ертегілер әлемі	Балалардың көңілді музыкаға деген қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.	1 17.11
22	Ертегі желісін жалғастыр	Балалардың көңілді музыкаға деген қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыруды пысықтау.	1 22.11
23	Желдің әнімен тербелейік	Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамытып пысықтау.	1 24.11
24	Желтоқсан	Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту.	1 29.11
25	Отаным	Балалардың ән арқылы туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуендегі ырғақтың сипатын сезіне	1 1.12

		білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге жаттықтыру.		
26	Көк тудың желбірегені	Балалардың ән арқылы туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуендегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге жаттықтыру.	1	6.12
27	Келді, міне, Жаңа жыл!	Балалардың әнге қызығушылығын мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білу қабілетін арттыру.	1	8.12
28	Жаңа жыл келді	Балалардың әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеніне, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру; музыка ырғағын, сипатын сезіне білуге ынталандыру, түйсігін дамыту.	1	13.12
29	Аяз ата	Балалардың Аяз ата туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілеті мен би элементтерін орындауда ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.	1	15.12
30	"Щелкунчик" балеті	Балалардың әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру; музыка ырғағын, сипатын сезіне білуге ынталандыру, түйсігін дамыту.	1	20.12
31	Аппақ әлем	Балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсіне білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру.	1	22.12
32	Қыс әлемі	Балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсініп, түсіндіруге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып, атауға дағдыландыру; музыкадағы ырғақты сезіне білу, музыкалық аспапта ойнау қабілетін жетілдіру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру.	1	27.12
33	Зырлайды шанамыз	Балаларды әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіруге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.	1	29.12
34	Қысқы ойындар	Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; төмен	1	10.01.2023

		және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіруге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау қабілеттерін, музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін дамыту.		
35	Ақ тиін	Балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.	1	12.01/2023
36	Жануарлар туралы әндер	Балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін жетілдіру.	1	17.01
37	Сауысқан	Балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу.	1	19.01
38	Құстармен бірге жырлайық	Қараторғай, сауысқан туралы әндерді қайталап, сипатын ажырата білуге жаттықтыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді етуге машықтандыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу.	1	24.01
39	Ақ лақ	Балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.	1	26.01
40	Менің қамқорлығым	Балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін дамыту.	1	31.01
41	Комбайыншы боламын	Балаларды комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.	1	2.02
42	Комбайыншы	Балалардың комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін	1	7.02

		дамыту; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.		
43	Бағдаршам	Балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айтуға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.	1	9.02
44	До-Ре-Ми	Балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу, ән айту кезінде әуеннің мағынасын эмоционалды қабылдай білу, топпен ілесе білу қабілетін жетілдіру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	1	14.02
45	Біз шадыман баламыз	Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.	1	16.02
46	Үлкен қоңырауды көтерейік	Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айжыратып, топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу, би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білу, музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін шыңдау; музыканы есту қабілетін жетілдіру.	1	21.02
47	Көктем әндері	Балаларды көктем туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасау дағдысын жетілдіру; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру.	1	23.02
48	Көктем әні керемет	Балалардың көктем туралы әннің сипатын ажыратау білу, дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу, әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білу қабілеттерін жетілдіру; эстетикалық талғамын дамыту.	1	28.03
49	Ауылымды сағындым	Балаларды қазақи әуенмен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетіне жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.	1	2.03
50	Менің сүйікті ауылым	Балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе ән айту, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру; қазақи әуенге деген	1	7.03

		қызығушылығын арттыру; туған елге сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.		
51	Тұсаукесер	Балалардың тұсау кесер әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	9.03
52	Көңілді ән салайық	Балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру; оркестрлық ұжымда қарапайым әуенді сүйемелдеуге асппа арқылы дағдыландыру; Наурыз мерекесін, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	14.03
53	Домбыраның күмбірі	Балаларды домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету; домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру.	1	16.03
54	Қасиетті домбыра	Балаларды домбыраның дауысын қабылдай тырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты өздігінен орындауға машықтандыру; ұлттық аспаптарға деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.	1	28.03
55	Айға ұшамын	Балалардың әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту.	1	30.03
56	Ғарышкерлер жыры	Балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру.	1	4.04
57	Атамекен	Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру.	1	6.04
58	Атамекен, ақ мекен	Балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу, ; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу	1	11.04

		қабілеттерін жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға дағдыландыру; музыканы есту қабілетін дамыту.		
59	Көгілдір көктем	Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға дағдыландыру.	1	13.04
60	Көңілді көктем келді	Балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға ынталандыру; үйлесімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	18.04
61	Біз бақытты баламыз	Балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру.	1	20.04
62	Бақытты балалық шақ	Балаларды қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын дамыта отырып, музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау іскерліктерін жетілдіру.	1	25.04
63	Жеңіс күні	Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру.	1	27.04
64	Біз Отанның сарбазы	Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру; оқу қызметін пысықтау.	1	2.05
65	Гүл көбелек	Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру.	1	4.05
66	Ақ жаңбыр	Балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда	1	11.05

		жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.		
67	Жау, жау, жаңбыр	Музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.	1	16.05
68	Біз мектепке барамыз	Балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру; айтылатын әнді музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; музыкалық-ырғақтық жаттығуларды әуенге сай үйлесімді орындай білуге жаттықтыру.	1	18.05
69	Қош бол, балабақша!	Балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру; айтылатын әнді музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; музыкалық-ырғақтық жаттығуларды әуенге сай үйлесімді орындай білуге жаттықтыру; оқу қызметін пысықтау.	1	23.05

Музыка: Оқу - білім азығы

Күні: 6.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтыққимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Білім күні", "Күй", "Қосалқа", "Оқу - білім азығы, Білім – ырыс қазығы", "Білімің-бұлағын" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, салыстыру, сәйкестендіру, ой қозғау, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, топтық жұмыс, көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын, дауыс жаттығулары.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, әуенді жазбалар, дидактикалық ойын топтамасы, әр балаға үш түрлі көңіл-күйдегі гүлдер, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер.

2. Үлестірмелі материалдар

Әр балаға көңілді өңтаңбалар, қоңыраулар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Музыка залын тақырыпқа байланысты, балаларды білімге деген құштарлығын, қызығушылығын арттыратындай етіп креативті безендірілген.
Балалар залға Д. Шостаковичтің "Марш" әуеніне кіреді.

– Балалар, музыка залына қараңдаршы, қалай әдемі безендірілген, бүгін қандай тақырып өтеміз, алдыңғы сабақта қандай әндер үйрендік?

– Иә, тамаша. Бүгін "Оқу - білім азығы" атты тақырыпта әндер үйренеміз.

– Оқу - білім азығы,

Білім – ырыс қазығы, - деп бекерге айтылмаған екен.

– Балалар, біз алдыңғы сабақта қандай ән үйреніп едік, қандай күй тыңдадық?

– Иә, дұрыс айтасыңдар, "Біліміңбұлағы" әні.

– Балалар, біз балабақшаға не үшін келеміз?Балалардың жауаптары.

– Иә, білім алу үшін келеміз.

Педагог алдын-ала қоңырауларды таратады. Оқу қызметін бастамас бұрын, көңіл-күйлерін бір сергітіп алады.

– Біз, білім алу үшін дайынбыз ба?

Онда дайын болса, барлықтарың орындарынан тұрып, "Марш" әуеніне шеңбер жасап, қоңырауларды сыңғырлатайық.

1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгін біз «Көңілді би» шығармасы бойынша ырғақтық қимылдарды жасаймыз, сондықтан мен көрсететін қимылдарды мұқият қарап алыңдар, жарай ма?

Ө. Байділданың «Көңілді би» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен қатарға тұрғызып, музыка басталғанда бір орында тұрып, оң және сол жаққа кезек-кезек айналу жаттығуларын жасау, арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, екі қолдарымен шапалақ ұру, жұппен адымдау, музыка соңында барлық бала шеңбер жасап, айналу қимылдармен көрсетеді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, ырғақтық қимылдарды көрсетіп жүреді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау.

Музыка жетекшісі күйге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

– Балалар, күй қандай аспапта орындалады?

– Балалар, тақтадан ненің суретін көріп отырсыңдар?

– Біздің қазақ халқы кең далада жүріп, қазақтың киелі аспабы - домбырамен ұшқан құстың, табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындырабілген.

– Күй - қазақтың ертеден келе жатқан музыкалық жанры.

– Балалар, әдемі бір күй бар, естіп көрейікші?! Күй "Қосалқа" деп аталады. Күйді жазған күйші, сазгер Дәулеткерей Шығайұлы.

– Балалар, мына суретте күйші Дәулеткерей бейнесі берілген.

– Күйші Дәулеткерей Шығайұлы деп қайталайық, бәріміз.

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Балалар, күй қандай көңіл-күйде жазылған?
– Күйді ести отырып, көз алдарыңа нені елестеттіңдер?

– Күйді тыңдай отырып, белгілі бір оқиғаны елестетуге бола ма?

– Бұл күйде сазгер әсем көріністі суреттеген. Сыңғырлаған қыздардыңшашбауларын, сырғаларын, әсем жүрістерін суреттеген.

Музыка жетекшісі күйді балалар қабылдағанша тыңдатады.
Музыка жетекшісі күйге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
– Балалар, күй жазатын адамды кім деп атаймыз? Күйші-сазгер.

– Балалар, әннен күйдің айырмашылығы неде?

– Күй әуенмен ғана жеткізіледі, сөзі болмайды.

– Қандай күйші-сазгерлерді білеміз? Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей.

– Күйдің сөзін кім жазады? Күйде сөз болмайды.

– Күйді орындайтын адамды кім дейміз? Күйші.

– Тамаша, балалар.

2.2. "Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойын шарты: Музыка жетекшісінің сөздерді айтуы бойынша балалар даңғарааспабында ойнайды.

– Балалар, бәріңнің қолдарыңда даңғара аспабы бар, мен сөздерді айтып тұрғанда, қай жерінде даңғараны ұру керектігін өздерің мұқият тыңдап, ұрасыңдар.

Даңғараны ұр
қатты, Дәл
қайтала ырғақты.
Тоғайда көп
тоқылдақ,
Үн естілді
тоқылдап.
Тоқ,
тоқ,
тоқ,
Тоқ,
тоқ,
тоқ.
Даңғараны ұр
қатты, Дәл
қайтала ырғақты.
Күн күркіреп
жарқылдап,, Бұршақ
жауды сартылдап.
Сарт, сарт, сарт,
сарт, Сарт, сарт,
сарт, сарт.

– Жарайсыңдар! Рақмет!

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен дауыс жаттықтырудың жаңаша тәсілін қолданумақсатында:

– Балалар, бәріміз алдымен терең дем аламыз.

– Енді, тілімізді көрсетеміз.

– Тіл бізге не үшін керек?

– Сөйлеу үшін және ән айту үшін керек, солай ма?

– Олай болса, балалар, тілімізді ұштап шығарып, демімізді ішке тартып, ішімізден

дыбыс шығарамыз.

– Дыбысты өздерің естідіңдер ме?

– Балалар, тілімізді шығарып, ішімізді тартқан кезде қандай дыбыс шықты?

– Кәне, жаттығуды бәріміз қайталайықшы?!

– Енді, басқа жаттығу орындаймыз.

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.

– Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.

– Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы гүлді үрлеу арқылы сыртқа шығара отырып үрлейміз. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Жарасып тұр сәніміз,

– Ән шырқайық бәріміз.

– Естіген жұрт таң қалсын,

– Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.4. Ән салу. Т. Қоңыратбайдың «Білімің - бұлағың» әні.

(әні: Т. Қоңыратбай).

– Балалар қалай ойлайсыңдар "Білімің-бұлағын" әні не туралы?

– Балалар, жаңа оқу жылында білім туралы жаңа ән бастайық.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші шиелерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» де келді.

Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық команда қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Музыкалық үй" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.
Көрнекіліктер: Төрт ашпалы терезелердің ішінде музыканың түрлері бейнеленген суреттер.

Шарты: Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек. Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би, ән,марш,күй суреттері бар. Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап, арнайы терезені ашса. сол бала жеңімпаз атанады. Ойынның ұзақтылығы 5-7 минут.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:

– Балалар, "Қосалқа" күйі қандай аспапбен орындалады?

– Иә, дұрыс айтасыңдар, "Қосалқа" күйі домбыра аспабымен орындалады.

– Біз әнді қалай айтуымыз керек екен? Демімізді ақырын алып, асықпай.

– Балалар, қандай ән үйрендік? «Білімің - бұлағың» әні.

– Бұл әнде не туралы айтылған?

– Иә, жарайсыңдар, білім алу керек екендігі

– Оқу қызметіміз аяқталды, сау болыңдар!

Бөлімі: Музыка
Тақырыбы: «Сағындым, әже, сағындым»
8.09.2022
Мақсаты: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттайбілу. Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айту. Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау. Үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: ән орындайды, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.
Түсінеді: сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтау отырып айтуды.
Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.

Қолданылатын көрнекі құралдар:

«Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттері,ұрмалы аспаптар, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: әже – бабушка – grandmother.

ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп,қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов).

Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп,сол ырғақпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.
«Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттерін көрсету.
Балалармен отбасындағы анамыздың, әкеміздің аналары – әже туралы сұхбат жүргізу. Әжелеріңнің сүйікті немересіңдер, оларға қамқор болуды ұмытпаңдар.
Музыка тыңдау: «Ақ әжем» (К. Қуатбаев).

- Әнде кім туралы айтылып отыр?

- Ән қандай көңіл күйде жазылған?

- Әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай).

Әннің мәтінін балаларға түсіндіріп, әуенін үйрету. Ән айту кезіндегі ережелерді ескетүсіріп, бір-бірін тыңдай отырып, қатты айғайламай, мәнерлеп айту.
Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру. «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев),ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.
Билер: «Полька» эстон халық биі.

Балаларға полька қимылдарын жасату, аяқты тізеден бүгіп жоғары көтеру дағдыларынқайталап үйрету.
Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір балақоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды.
Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді.
Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі.

Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.
Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

- Әже деген кім? Өз әжелерің туралы не айта аласыңдар?

Музыка: Менің әжем ең жақсы адам

13.09

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдайотырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық- ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастау дағдысын жетілдіруді пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Нота", "бес сызық","до, ре, ми, фа, соль, ля, си, до", "Сағындым, әже,сағындым", "До-ре-ми" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, түсіндіру, жаттау, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, көрсету, "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер, музыкалық қорап.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар залға В.Тюльковтың "Марш" шығармасымен кіреді.
–
Балалар, әннің әуеңімең денемізді тік, кеудемізді алға сәл шығыңқы, басымызды көтеріңкі көңіл-күйде ұстаймыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, әуеннің сазымен ырғақты жүреміз, денемізді біртіндеп қыздыру үшінәуенге сай жүгіреміз. Тамаша. Енді шеңбер бойымен ақырындап тоқтаймыз. Музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгін бізге қонаққа Дана келді.

– Данаға әжесі музыкалық қорапты сыйлапты, сендерге көрсеткісі келеді екен.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Г. Абдрахмановаңың «Сәлемдесу жаттығуы» шығармасы әуенімен балалардышеңберге тұрғызады:
Г. Абдрахмановой «Приветствие»
– Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдардыорындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтыққимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

– Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:
– Дана сендерге бос қолмен келген жоқпын. Мен өзіммен бірге ерекше музыкалық қорапты алып келдім. Ол бізге не туралы сөйлесетінін көрейік.

– Суреттегі балалар не істеп жатыр? Шамасы, музыкалық қорап сендердің әуенді тыңдағылары келетінің қалайды. Біз көзімізді жұмып, тыңдайық. Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

– Балалар, ән қалай аталады? Сағындым, әже, сағындым.

– Балалар, әннің сөзі мен әуенін жазған Б.Бейсенова, қайталайық. Жарайсыңдар.

– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Біздің әжелеріміз бар, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылыптыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Балалар, әнін жазған сазгер кім? Балалар үндемей қалады. Педагог балалардың есіне салып, сазгердің аты-жөнін қайталайды.

– Әннің сөзін жазған ақын кім? Балалар естеріне түсіре бастайды. Педагог тағыда балаларға көмек береді.

– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Сағындым, әже, сағындым. Жарайсыңдар.

2.2. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту.
Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суреттері бар карталар (бақылау картасының артқы жағында әннің атауы мен композитор көрсетілген).
Ойын барысы: Қорапта 5-6 карточкалар орналастырылған. Балалар кезек-кезек карточкаларды алып, музыкалық шығарма мен композиторды атай отырып, оларды жүргізушіге береді. Әндер барлық балалар тобымен немесе жеке-жеке музыкалық сүйемелдеусіз орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

– Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?

– Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.

– Тоқ- тоқ, тоқылдақ,

– Жерден тары шоқып ап,

– Тоқылдайды тоқылдақ,

– Тоқ-тоқ-тоқ.

– Ахау ,егигай,

– Ән сал бозторғай,

– Біз әніңді үйреніп,

– Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.

– Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!

– Аралар,

– Арамыз, біз арамыз,

– Әнге салып барамыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

– Қызыл, жасыл гүлдерден,

– Балды сорып аламыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу.

Музыка жетекшісі:
Педагог тақтадағы нотаны көрсеткішпен көрсетеді.
– Балалар, нота дегеніміз не?

– Иә, дұрыс айтасыңдар.

– Нота дегеніміз - музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нотаарқылы жазылады. Нотаның астына әннің сөзін жазып, оны айтамыз.

– Біз сөзді оқығанда әріптерді бір-біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз.Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз.

– Балалар, орнымыздан тұрайық, менімен бірге қайталаймыз:

– Үйренсек нотаны,

– Ән де саламыз.

– Барлығын оп-оңай,

– Жаттап аламыз.

– Енді, балалар, менімен ноталар аталуын қайталаймыз:

– До, ре, ми, фа, соль, ля, си.

– Музыкада 7 нота болады.

– Балалар, тағы да тақтаға қарайық.

– Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші боялған, таяғы мен жалаушасы бар домалақ түрінде болады.

– Балалар, нота туралы да ән бар, сол әнді айтып, үйренейік.

Өмірбек Байділданың әні «До-ре-ми».
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап,әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші бұлбұлдар» да келді.

Балаларға бұлбұлдармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту. Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суреттері бар карталар (бақылау картасының артқы жағында әннің атауы мен композитор көрсетілген). Ойын барысы: Қорапта 5-6 карта орналастырылған. Балалар кезек-кезек карточкаларды алып, музыкалық шығарма мен композиторды атай отырып, оларды жүргізушіге береді. Әндер барлық балалар тобымен немесе жеке-жеке музыкалық сүйемелдеусіз орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма сендерге?

– Б. Бейсенованың «Сағындым, әже, сағындым» әнін.

– Әжелердің болғаны сондай жақсы, солай ма, балалар?

– Қандай нота түрлерімен таныстық?

– Нота дегеніміз не?

– Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік? Ө. Байділданың «До-ре-ми» әнін.

– Бәрекелді, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер,рақмет, бәріңе!

Музыка: Бақа, бақа, бақ-бақ

15.09.2022ж

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Гүлдерайым", "лирика", "халық әні", "табиғат әлемі", "жаңбыр", "Бақа, бақа, бақ-бақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, құстар суреті, бақа туралысурет пен бейнебаян, суретті өріктер (слайд), «Әнші торғайлар» макеті, бақалар бетпердесі

Е. Тиличеева «Марш» шығармасы
Н.Шахина «Қандай ырғақ» шығармасы
Халық әні «Гүлдерайым» (ән тыңдау)
Т. Тайбеков «Бақа, бақа, бақ-бақ» әні (ән айту)"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны
"Менің балаларым қайда?" музыкалық-дидактикалық ойыны

2. Үлестірмелі материалдар

бала санына қарай бақалар бетпердесі

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Табиғат"

Балалар оқу қызметінің басында залға әуенімен адымдап кіреді. Музыкажетекшісі балалардың көңіл-күйін көтеру үшін:

- Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды түзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз. Балалар зал бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, жарайсыңдар! Бүгін табиғат әлемі керемет болып тұр, солай ма, балалар?

- Олай болса, қазіргі ойналатын "Табиғат" әуенімен шеңбер айналып, қимылдар жасайықшы?!

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Музыка әуенімен өзімізді осы бақта жүргендей сезінейік.

- Қимылдарды менімен бірге қайталаймыз.

- Табиғат көрінісі қандай тамаша, балалар!

- Жарайсыңдар, балалар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғанда менімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз.

Шығарма бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-тік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді.Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін ескертеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтаға назар аударайықшы?! Балалар тақтаға қарайды

- Балалар, мына суреттен кімді көріп тұрсыңдар?

- Балалар, қыз не істеп отыр?

- Қыз домбыра тартып отыр, солай ма?

- Балалар, ертеде де қазақтың қыздары өте өнерлі болған.

- Олардың есімдері де ерекше аталған. Сондай ерекше есімдердің бірі -

Гүлдерайым.

- Балалар, қазір біз жаңа халық әнін тыңдаймыз. Ән "Гүлдерайым" деп аталады.

- Балалар, «Гүлдерайым» - лирикалық ән. Лирика деген сөз - сезім, нәзік деген мағынаны білділеді. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына, атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.

- Балалар, «Гүлдерайым» әнін тыңдайық

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Балалар, ән қалай аталады? Гүлдерайым.

- Балалар, әннің әуенін жазған кім?

- Халық екен.

- Ақ көңіл ағызайық әннің майын,

- Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын.

- Астынан алты қырдың шыққан даусым,

- Жетсе екен құлағына қалқатайдың.

- Ахау, Гүлдерайым,

- Күн мен айым.

- Ұшарға қанатым жоқ,

- Неғылайын.

- Жаз шықты жадыратып майдың айын,

- Әніне шырқай кетті Гүлдерайым.

- Шығады ащы даусым әнге бассам,

- Қарағым, сені есіме алған сайын.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте сазды ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Гүлдерайым.

- Әннің авторы кім?

- Бұл ән халық арасынан шыққан ән.

2.2. "Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны

Ойын шарты: Пьесаны тыңдай отырып, пьесаның мазмұнын (көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан) карточкалар арқылы көрсету. Жауаптың дұрыстығын балалардың

өздеріне бағалату.

- Балалар, қазір "Күннің көзі және бұлт" ойынын ойнаймыз. Екі командаға бөлінесіңдер. Екі команданың алдында бірдей карточкалар бар.

- Балалар, қазір сендерге әртүрлі пьесалар ойналады. Сол пьесалардың сипатына қарай алдарыңда жатқан карточкаларды көрсетесіңдер. Мысалы, пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәйғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан карточкаларды көрсетесіңдер, түсінікті ме? Иә.

- Олай болса, ойынды бастаймыз. Педагог пьесаның мазмұнына қарай карточкаларды дұрыс көрсеткен балалардың командасын мақтайды. Команда балалары қателескен жағдайда педагог көмек көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- Біз көңілді балалармыз,

- Бір орында тұрмаймыз.

- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

- Біз сабырлы балалармыз,

- Біз апайды тыңдаймыз.

- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

- Жарайсыңдар, балалар.

- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.

- Аспан ашық, дала кең,

- Кел, қоныңдар тырналар.

- Мен сендерге жем берем,

- Дос болайық, тырналар.

- Трау-трау-трау-трау!

- Трау-трау-трау-трау!

- Тамаша.

2.4. Ән салу

Т.Тайбековтың «Бақа, бақа, бақ-бақ» әні
- Балалар, сендер табиғатты жақсы көресіңдер ме?

- Міне, жарайсыңдар!

Балалар, мына суретке қараңдаршы, нені көріп тұрсыңдар?
- Бақаның қандай пайдасы бар?

- Жаңбырдан кейін бақаның қалай пайда болатынын білесіңдер ме?

Балалар, тақтаға қарап, жаңбырдан кейінгі бақаның қалай пайда болатынын бақылайықшы!?
- Балалар, бақа туралы да әннің бар екенін білесіңдер ме?

- Олай болса, бақа туралы әнді үйреніп, айтып көрейікші, балалар!

- Балалар, орындыққа ыңғайлы жайғасып, алдымен әнді тыңдайық.

- Енді балалар, менімен бірге әнді қайталаймыз.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші өріктерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып,ал, қайырмасын барлық команда қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Менің балаларым қайда?" музыкалық-дидактикалық ойын Ойын шарты: Музыка жетекшісі балаларға карточкада тауық, үйрек, күркетауық, ит, мысық енелерін көрсетеді,

ал балалардың қолдарында кіші карточка (балалары) музыка жетекшісі әндетіп балалардан сұрайды, балалар әуенді танып не туралы айтылғанын ұғып, керек карточканы көрсетеді.
- Балалар, мен сендерге әндетіп жүріп, қай карточканы көрсетемін, сол карточкаға сай карточканы көтересіңдер.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің қорытынды бөлімінде музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін оқу қызметі сендерге ұнады ма?

- Сендер де жақсы қатыстыңдар.

- Бүгін қандай ән тыңдадық? "Гүлдерайым" әнін.

- "Гүлдерайым" әнін жазған кім?

- Ал қандай ән айттық? "Бақа, бақа, бақ-бақ"" әнін.

- Бақа қалай бақылдайды екен? Бақ-бақ.

- Біз де оқу қызметін аяқтайық, сау болыңдар, балалар!

Музыка: Табиғат көрінісі

20.09.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Гүлдерайым", "лирика", "халық әні", "табиғат әлемі", "жаңбыр", "Бақа, бақа, бақ-бақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойындар, музыкалық аппаратура, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер, көрсеткіш, әндер менәуендер жазбасы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар оқу қызметінің басында залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы («Марш» Е. Тиличеевой) әуенімен адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардыңкөңіл-күйін көтеру үшін:

– Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды түзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз. Балалар зал бойымен

шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғандаменімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз. **~~(Аудиозапись произведения ""Какой ритм? ""Н.Шахиной)~~**

Н.Шахинаның «Қандай ырғақ?» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркінұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-тік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады.
Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңыздыекендігін ескертеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
–
Балалар, қазір біз жаңа халық әнін тыңдаймыз. Ән "Гүлдерайым" деп аталады.
– Балалар, «Гүлдерайым» - лирикалық ән. Лирика деген сөз - сезім, нәзік деген мағынаны білдіреді. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсыкөретін адамына, атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.

– Балалар, «Гүлдерайым» әнін тыңдайық.

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

– Балалар, ән қалай аталады? Гүлдерайым.

– Балалар, әннің әуенін жазған кім?

– Халық екен.

– Ақ көңіл ағызайық әннің майын,

– Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын.

– Астынан алты қырдың шыққан даусым,

– Жетсе екен құлағына қалқатайдың.

– Ахау, Гүлдерайым,

– Күн мен айым.

– Ұшарға қанатым жоқ,

– Неғылайын.

– Жаз шықты жадыратып майдың айын,

– Әніне шырқай кетті Гүлдерайым.

– Шығады ащы даусым әнге бассам,

– Қарағым, сені есіме алған сайын.

– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте сазды ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Гүлдерайым.

– Әннің авторы кім?

– Бұл ән халық арасынан шыққан ән.

2.2. "Қатты, ақырын" музыкалық-дидактикалық ойын.
Мақсаты: балалардың диатоникалық есту қабілетін дамыту.*Ойын материалы*: кез-келген ойыншық.

Ойын барысы: Балалар жүргізушіні таңдайды. Ол бөлмеден кетеді. Барлығы ойыншықты қайда жасыруға келіседі. Жүргізуші оны барлық балалар ән салатынәннің көлемін басшылыққа ала отырып табуы керек; ойыншық орналасқан жергежақындаған сайын дыбыс күшейеді немесе одан алыстаған сайын әлсірейді.
Егер бала тапсырманы сәтті орындаса, ойынды қайталаған кезде ойыншықты жасыруға құқылы.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Біз көңілді балалармыз,

– Бір орында тұрмаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
– Біз сабырлы балалармыз,

– Біз апайды тыңдаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Жарайсыңдар, балалар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.

– Аспан ашық, дала кең,

– Кел, қоныңдар тырналар.

– Мен сендерге жем берем,

– Дос болайық, тырналар.

– Трау-трау-трау-трау!

– Тамаша.

2.4. Ән салу. Т.Тайбековтың «Бақа, бақа, бақ-бақ» әні.

Педагог интербелсенді тақтадан бақаның бейнежазбасын көрсетеді.
– Балалар, орындыққа ыңғайлы жайғасып, алдымен әнді тыңдайық.

– Енді балалар, менімен бірге әнді қайталаймыз.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші өріктерге қарап, әнніңырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді. Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық команда қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Музыкалық лото" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: жоғары есту қабілетін дамыту.
Ойын материалы: карточкалар ойыншылардың саны бойынша, әрқайсысында бессызғыш (музыкалық диірмен), шеңбер нотaлары, балалар музыкалық аспаптары(балалайка, металлофон, триола) салынған.
Ойын барысы: Жетекші бала әуенді аспаптардың бірінде жоғары, төмен немесебір дыбыста ойнайды. Балалар карточкаға ноталар қоюы керек-бірінші сызғыштан бестен немесе бестен біріншіге дейін немесе бір сызғышта шеңберлер. Ойын сабақтан бос уақытта өткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:
– Балалар, бүгін оқу қызметі сендерге ұнады ма? Ұнаса бас бармағымыздыкөрсетейік, ұнамаса бас бармағымызды төмен қаратайық.

– Бүгін қандай әнді қайталадық?

– Иә, бәрекелді, гүлдерайым әнің.

– "Гүлдерайым" әні сендерге ұнайды ма?
Балалардың жауаптары.

– Біз де оқу қызметін аяқтайық, сау болыңдар, балалар!

Музыка: Ана тілім ,Көңілді ноталар

22.09.2022
27.09.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттырыппысықтау.

Сөздік жұмыс
"Маусымжан", "Салтанатты күн", "көңілді адым", "Көңілді ноталар", "Ана тілім - тұғырым" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Психологиялық көңіл-күй, түсіндіру, баяндау, қайталау, жаттығу, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппартура, музыкалық-дидактикалық ойынтоптамасы.
2. Үлестірмелі материалдар

Әр балаға жеті нота салынған қаптамалар

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Оқу қызметінің басында балалар Е.Макшанцеваның «Сергу» әуенімен қатартүзеп залға кіреді.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, бізге бүгін қонаққа нота ханшайымы келіпті.

Нота ханшайымы өзінің әндерін ала келіпті, ендеше бүгінгі оқу қызметіміздібастайық, тезірек әндерді жаттап алайық.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Балалар Е. Андосовтың «Біз билейміз» шығармасы әуенімен билеп шығады.
Е. Андосова "Мы танцуем"
Музыка жетекшісі балаларды ортаға шақырады:
– Балалар, төрт баладан қол ұстасып тұрамыз. Музыка әуенімен бірге төртеуденқол ұстасып, айналамыз. Тамаша.

– Кәне, балалар, енді бәріміз бірігеміз! Қандай керемет шеңбер, қараңдаршы,балалар!

Тағы да төртеуден қол ұстасып, айналамыз.

– Бәріміз еркіміз бойынша қимылдар жасап, ортада билейміз!

– Керемет, балалар! Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді.Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін ескертеді. Ерікті қимылдар кезінде балалардың әуен мен қимылды сәйкестендіруіне мән береді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, алдыңғы сабақта біз қандай ән үйрендік?

– Сондай әндердің бірі - халық әні «Маусымжан» әні. Сол әнді тыңдап көрейікші,балалар!

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

– Балалар, ән қалай аталады? Маусымжан.

– Балалар, әннің әуені мен сөзін жазған - халық.

– "Маусымжан" әні тұрмысқа шығатын қызға жақсы тілектер мен бата беру мағынасында жазылған ән.

– Қыз қосылса теңімен жыламасын-ау,

– Көздің жасын көл қылып бұламасын
(Қайырмасы)

– Маусымжан, Маусымжан,

– Танимын қалқам даусыңнан.

– Екі жасты бақытты ете көр деп-ау,

– Біздер бата берейік сұраған соң.
(Қайырмасы)

– Маусымжан, Маусымжан,

– Танимын қалқам даусыңнан.

– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларғаәнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Балалар, әнін жазған сазгер кім?

– Бұл ән халық арасынан шыққан.

– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Маусымжан.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да тыңдап алайықшы! Керемет!

– Әнді бәріміз қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатады.

– Жарайсыңдар, балалар.

2.2. "Ырғақты қайтала" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.
Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.
Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәлсол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі:
– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– га-га,

– ду-ду,

– ко-ко,

– ля-ля. Жарайсыңдар.

– Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

– Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым
– Шөре-шөре, лағым,

– Тентек болма, шырағым,

– Секектеме, деміңді ал,

– Селтеңдемей құлағың. Тамаша.

– Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

– Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек
– Ағашта биік,

– Бір құсты көрдік.

– Сайрайды сол құс,

– Сайрайды талмай.

– Кө-кек, кө-кек,

– Аты оның содан,

– Атанған кө-кек.

– Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Б. Бейсенованың «Ана тілім» әні.

– Балалар, біз өз ана тілімізде әндерді білгеніміз дұрыс, иә?

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші күндерге қарап, әнніңырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып,ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Құралды анықта" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: тембрлік есту қабілетін дамыту.
Ойын материалы: металлофон, қоңыраулар, қасықтар, таяқшалар, барабан. *Ойын барысы:* Екі бала бір-біріне артқы жағында отырады. Олардың алдындаүстелдерде бірдей құралдар бар. Ойыншылардың бірі кез-келген аспапта ырғақты сурет салады,

екіншісі оны сол аспапта қайталайды. Егер бала
музыкалық тапсырманы дұрыс орындаса, онда барлық балалар шапалақтайды. Дұрыс жауап бергеннен кейін ойыншы келесі жұмбақты шешуге құқылы. Егер бала қателессе, онда ол тапсырманы өзі тыңдайды. Ойын сабақтан бос уақыттаөткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметіне белсенді қатыстыңдар.

– Қандай ән тыңдадық? "Маусымжан" әнін.

Музыка: Кел ән тыңдайық

4.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдайотырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Күз әуені", "Жапырақ жауады", "Сап-сары жапырақтар", "Дөп-дөңгелек", "Әңгелек" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойын топтамасы,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Педагог алдын ала жапырақтар таратады. Қолдарына жапырақты ұстап музыказалына И.Соколовскийдің «Марш» әуенімен кіреді. Музыка жетекшісі балаларға денелерін түзу, бастарын тік, өздерін еркін ұстау керектерін ескертеді. Балалар
музыка әуенімен залдың ортасына келіп тұрады.
– Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Міне, жарайсыңдар!
Педагог интербелсенді тақтадан жапырақтардың жауып тұрғанын көрсетеді.

Күзгі баққа да келдік. Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты.
Жұмбақ шешіңдерші:

– Ағайынды бәрі,
Шықса көк,

– Түссе сары!

Бұл не? Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік!
– Жарайсыңдар, балалар! Бәрекелді.

– Бақтағы ағаш жапырақтары желмен тербеліп, сыбырласып тұрғандай.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, бүгін біз «Далада қайың тұрғанда» орыс халық әуені шығармасы бойынша ырғақтық қимылдарды жасаймыз, сондықтан мен көрсететін қимылдарды мұқият қарап алыңдар, жарай ма?

«Далада қайың тұрғанда» орыс халық әуені шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка басталғанда орамалдарын қолдарына ұстап, шеңбер бойымен кібіртік адыммен ақырын жүреді, бір орында тұрып, орамалдарымен оң және сол жаққа кезек-кезек сермеу жаттығуларын жасайды, орындарында тұрып айналады, арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, аяқтың ұшымен шашырап жүріп, екі және төрт баладан бірігіп, орамал ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, адымдау, музыка соңында орамалдарын жоғары көтеріп, залды айналады. Соңында балалар жерге отырып,беттерін орамалдармен жауып, музыка аяқталғанда орамалдарын оң жаққа көтеріп, сол аяқтарын ұшына қойып, биді аяқтайды. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, ырғақтық қимылдарды көрсетіп жүреді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:
– Балалар қазір қай жыл мезгілі?

– Иә, дұрыс айтасыңдар, күз мезгілі.

– Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? Кімнің шығармасын тыңдадық?

– Иә, жарайсыңдар, Д. Ботбаевтың «Күз әуені» әні. Ендеше, барлығымыз, тағыбір қайталап көреміз бе?

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Күзгі, күзгі әуен,
– Күзгі әуен не деген!

– Оның әнін тыңдаңыздар,

– Қосыла бірге жырлаңыздар.

– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет! Ән өте көңілді балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі бір баладан өзі білетін әннің әуенін ля - ля буыны арқылыорындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.
Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
– Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.

– Қандай сазгерлерді білеміз? Бота Бейсенова, Өтебай Байділдаев.
Жарайсыңдар.

– Әннің сөзін кім жазады? Ақын. Жақсы.

– Әнді орындайтын адамды кім дейміз? Әнші. Керемет.

– Балалар, қандай ырғақты әндерді білеміз? "Ойыншықтар", "Топ-топ, балақан", "Қамажай". Тамаша, балалар.

– Енді, балалар, ән тыңдай отырып, күз кереметтерін тамашалайық! Педагог Д. Ботбаевтың «Күз әуені» әнін және интербелсенді тақтаны қосып, күз кереметтерін көрсетеді.

– Қандай керемет, күз көрінісі, қараңдаршы, балалар! Қандай күз ерекшеліктерінкөріп отырсыңдар, балалар?

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Әнде не туралы айтылады? Күз туралы.

– Қандай күз ерекшеліктерін көрдіңдер және байқадыңдар?

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
–
Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
– Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.

– Балалар, алдымен ақырын "ауууу" дейміз. Кәне бәріміз, ақырын "ауууу" дейміз.Балалар қайталайды.

– Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да"ауууу" дейміз. Балалар қайталайды.

– Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ

"ауууу" дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде "ауууу" деген жаңғырық естіледі.
– Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Педагог балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра,қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.

– Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар таңырқапқалады.

– Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек.

– Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

– Бастаймыз, балалар.

– Домбыраны қолға алып,

– Ән айтамыз толғанып.

– Дан-диги-дан.

– Қобыз аспап киелі,

– Оны бәрі сүйеді.

– Пара-ри,пара-ри.

– Сыбызғыны үрлейміз,

– Жалқаулықты білмейміз.

– Ду-ду-ду.

– Трам-та соқса барабан,

– Қызыға жұрт қараған.

– Трам-та-та.

– Жарайсыңдар, балалар.

2.3. Ән салу. М. Әубәкіровтің "Әнгелек" әні.

– Балалар, әңгелек қандай?

– Иә, түсі сап-сары, дәмі тәтті.

– Әңгелек дегеніміз не екен? Кімнің есінде?

– Иә, әңгелек деп қауынды айтамыз.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар! Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен,кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.4. "Кім көбірек біледі?" музыкалық-дидактикалық ойын. *Бағдарламалық мазмұн:* Музыкалық аспаптар туралы білімді кеңейту жәнебекіту (сыртқы түрі, дыбысталуы, атауы).

Ойын материалы: балалар алдыңғы музыкалық сабақтармен бұрыннан таныстүрлі музыкалық аспаптардың суреттері бар карталар.
Өткізу әдістемесі: Жүргізуші (мұғалім де, бала да болуы мүмкін) карталарды араластырады және ойыншыларға бір-бірден көрсетіп: "Бұл не?". Онда не суреттелгенін бірінші болып дұрыс атаған адам өзіне карта алады. Ойын карталар аяқталғанша жалғасады. Көп карточкаларды жинаған адам жеңеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:

– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қалай өтті?
Балалардың жауаптары.

– Балалар, біз қандай ән үйрендік?

– Қандай ән тыңдадық?

– Әнді шығарған сазгер кім? М. Әубәкіров.

– Оқу қызметі ұнады ма , сендерге? Иә.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметі сәтті өтті, сендерге рақмет, сау болыңдар!

Музыка: Күз қазан
6.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету; дикцияның тазалығы мен әнді анық айту дағдыларын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Илигай", "Күз әуені", "Еркін таудың еркесі", "Еліктей сұлу", "Күзгі вальс"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, домбыра аспабыныңсуреті, соқыр теке атрибуты,
картон қағаздан жасалған аспаптар суреттері (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл),
торғайлар және торғай балапандарының суреттері (слайд), үлкен және кіші дабыл,
«Әнші мысықтар» макеті

2. Үлестірмелі материалдар

аспаптар суреттері

Э.Парлов "Марш" шығармасы (Пр 36)
Д. Ботбаев «Күз әуені» музыкалық-ырғақтық қимылдарХалық әні
«Илигай» (ән тыңдау)
Б. Бейсенова «Күзгі вальс» әні (ән айту)
«Соқыр теке» дидактикалық ойыны
«Қос дабыл» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Күздің күні қандайды".

Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға Э.Парловтың "Марш" шығармасымен салтанатты адымдап кіргізеді. Музыка жетекшісібалалардың музыка әуенімен жасаған адымдарына қарап:

- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз. Жарайсыңдар.Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдардыменімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Музыка жетекшісі:

- Орнымызда тұрып, музыка әуенімен оңға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағымызбен бірге қозғаймыз, тамаша.

- Енді орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағымызбен бірге қозғаймыз, жарайсыңдар.

- Орнымыздан оң жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз,

- Енді орнымыздан сол жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз.

- Ақырын кілемге отырамыз, екі тіземізді көтеріп, қолымызды бүгіп, тіземіздіңүстіне қойып, иегімізге саусағымызды тіреп, бір-бірімізге қарап, күлімсіреміз. Жарайсыңдар.

Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, тамаша болды, рақмет.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып:
- Балалар, біз музыка басталмай тұрып, орнымызда адым жаттығуларын жасап,жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз. Сондықтан сендер шеңберде жүріп ырғақты қимылдар жасауды жақсы игеріп алуларың қажет. Музыка жетекшісі балаларға музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Д. Ботбаевтың «Күз әуені» әнімен

балалар орындарында тұрып, өзі тұрған орнында айналып, қарапайым вальс адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, екеуден бірігіп, айналады, қайта шеңбердегі қалыпқа түседі, жүріп келе жатып, қолды оңға және солға сермеу ырғақтық қимылдарын жасайды, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, аяқтарын жеңіл топылдатады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оңжанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. Балалар ақырын залдың ортасына келіп тұрады, сол кезде педагог интербелсенді тақтаны қосып:
- Қандай керемет, күз көрінісі, қараңдаршы, балалар!

- Қандай күз ерекшеліктерін көріп отырсыңдар, балалар? Жемістер пісті - бәрікүз кереметі.

- Балалар, күз жомарттығы неде, оны қандай ерекшеліктерінен байқадыңдар?Жемістер мен көгөністер өте көп. Тамаша, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Тақтадан кімді көріп тұрсыңдар?

Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай қазақ қыздарының есімдерінеарналған әндер тыңдадық?

- Неге ол әндер халық әні деп аталды?

- Балалар, қазақ қызының есіміне байланысты тағы да әдемі ән бар екен, тыңдапкөрейікші?

Халық әні «Илигай».

- «Илигай» есімі еркін таудың еркесі, еліктей сұлу қыз деген мағынаны білдіреді.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.
- Илигай деп атыңды қойдым таңдап,

- Әнге қостым атыңды әдейі арнап.

- Еркін таудың еркесі, елік болсаң,

- Мен де өзіңдей жалғызбын ерке саңлақ.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, «Илигай» есімі қандай мағынаны білдіреді?

- Әннің сөзінен не түсіндіңдер?

- Әннің қандай сөздері естеріңде қалды?

- Әнді орындайтын адамды кім дейміз?

- Енді, балалар, «Илигай» туралы шығарманы тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып болған соң, сұрақтар қояды:

- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық?

- Әннің әуені жәй орындала ма, әлде, қатты орындала ма?

- Лирикалық ән деп айта аламыз ба?

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Соқыр теке» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: Балаларды ән айта жүріп, епті, әрі жылдам болуға үйрету. Ойынның барысы: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады, 3 – 4бала шеңбердің сырт жағында тұрады.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір біз «Соқыр теке» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ол үшіналдымен «Соқыр теке» болатын баланы таңдап алуымыз керек.

- Кім «Соқыр теке» болғысы келеді? Ортаға «Соқыр теке» болуға тілек білдіріп,бір пысық бала шығады.

Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-ші шумағын айтады. 2-шумақты «Соқыр теке» айтады. 2-ші шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан-жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 2-ші шумағын айтады, ойын қайталанғандаұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса, «Соқыр теке» өзі болады.
Балалар айтатын «Соқыр теке» әнінің шумағы:
- Соқыр теке, бақ, бақ,

- Біз айтамыз тақпақ.

- Мықты болсаң қанекей,

- Бірімізді тап, тап.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі ән салар алдында балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар қуанып қалады.

-Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.
- Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

- Бастаймыз, балалар.

- Домбыраны қолға алып,

- Ән айтамыз толғанып.

- Дан-диги-дан.

- Қобыз аспап киелі,

- Оны бәрі сүйеді.

- Пара-ри,пара-ри.

- Сыбызғыны үрлейміз,

- Жалқаулықты білмейміз.

- Ду-ду-ду.

- Трам-та соқса барабан,

- Қызыға жұрт қараған.

- Трам-та-та.

- Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

Б. Бейсеновaның «Күзгі вальс» әні(әні: Б. Бейсеновaнікі).
Музыка жетекшісі ән айтудан бұрын жазбаны қояды
- Балалар, ән қандай сипатта орындалды?

- Әннің сөздерін естеріңе түсірдіңдер ме?

- Балалар, әнде не туралы айтылады?

- Тақтаға қараңдаршы, қандай керемет күзгі көрініс?

- Балалар, күзге арналған тамаша "Күзгі вальс" деген ән бар, сол әнді үйреніпалайық?!

- Б. Бейсенованың әні «Күзгі вальс», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін торғайларға, торғайдың балапандарына қарап, әннің ырғағын дәлсақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. "Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

- Балалар, қолдарыңдағы «әдемі көңілді шарларды» алып, маған қарай ойыналаңына келіңдер. Жарайсыңдар.

- Қазір біз "Ән салған кім?" ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: әннің шумағында

«әдемі көңілді шарларды» арттарыңа тығып шеңбер бойымен жай жүресіңдер, ал қайырмасында «әдемі көңілді шарларды» қолдарыңмен музыка ырғағына сайбір-біріне соғасыңдар. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Балаларұстаған шарлардың ішінің кейбіреуінде дыбыс шығаратын қоңыраулар бар.
Балалар сол қоңыраулар үнін анықтап табулары керек.
- Ал, балалар, бастаймыз.

- Достығымыз жараса,

- Асыр салып таласа

- Ойынды тез бастайық,

- Шартын қатаң сақтайық

- Бір, екі, үш,

- Ойын баста, ұш!

Педагог балалар ойынын музыка жетекшісімен бірге бақылап, арасында ескертужасап отырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар, сендер бүгін оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар.

- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? "Айгөлек" әнін.

- Қандай әдемі ән айттық? "Ұшағым" әнін.

- Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Ал сендерге ұнады ма,оқу қызметі? Тамаша!

- Кәне, балалар, оқу қызметі де аяқталды! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыздар!

Музыка: Менің балапандарым қайда?
11.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әндітыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Күз сыйы", "Күз қазан", "Құрманғазы", "Күй атасы", "Күйші", "Балбырауын"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер,
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Қ. Шілдебаевтің «Жүгіру» шығармасы желісінде жеңіл жүгіріспен кіреді де, ирекжасау, айналып жүгіру, жанымен жүгіру жаттығуларын жасайды. Жеңіл адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі:
Педагог балаларға тауықтың суреті бейнеленген пазл таратады.

– Балалар, пазлда қандай сурет шықты?

– Иә, жарайсыңдар, тауықтың суреті. Балалар бүгін бізге қонаққа тауық келді.Тауық өзінің балапандарын іздеуге шығыпты.

– Балапандарын тауып беруге көмектесейік? Келістік пе?
Балалардың жауаптары.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы, енді орнымызда тұрып,адымдаймыз.
1,2,3 - деп санаған кезде менімен бірге адымдаймыз.
Жарайсыңдар! Енді музыка әуенімен адымдаймыз.
Е. Хасанғалиевтің «Сылдырмақ» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, қолдарындағы сылдырмақтарды еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, оң қолдарымен сылдырмақты ойнату керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балаларорындарында тұрып, адымдайды, сылдырмақтарды жоғары көтеріп, сылдырлатады. Сылдырмақпен би адымы жеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларға:
– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

– Кімнің суретін көріп тұрсыңдар? Атаның.

– Атаның қолында не бар?

– Балалар, атаның қолында домбыра бар екен.

– Балалар, атаға домбыра не үшін қажет?

– Балалар, бұл атамыз - атақты күйші Құрманғазы.

– Құрманғазыны - күй атасы деп атаймыз.

– Құрманғазы жастайынан зерек болған. Кішкене бала кезден-ақ ұшқан құстың,соққан желдің, әрбір құбылыстың өзіне мән беріп, есті білген. Бала кезінде малсоңында жүріп, кішкене домбыра жасап алып, осы естігендерін домбыраға салып тартып үйренген. «Аман бол, шешем, аман бол», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған. Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты - «Балбырауын».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

– Балалар, күй қалай аталады? Балбырауын.

– Балалар, күйді шығарған Құрманғазы, қайталайық.

– Балалар, күйді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Музыка жетекшісі балаларға күйді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Күй қалай орындалды?

– Көңілді ме, көңілсіз бе?

– Жарайсыңдар.

2.2. "Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету. *Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді,екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді.
Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Біз көңілді балалармыз,

– Бір орында тұрмаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
– Біз сабырлы балалармыз,

– Біз апайды тыңдаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Жарайсыңдар, балалар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.

– Аспан ашық, дала кең,

– Кел, қоныңдар тырналар.

– Мен сендерге жем берем,

– Дос болайық, тырналар.

– Трау-трау-трау-трау!

– Тамаша.

2.4. Ән салу. Д.Ботбаевтың «Күз қазан» әні.

Музыка жетекшісі:
–
Балалар, бүгін біз ән саламыз, ұлдар дережер болады, ал қыздар ән салады.
– Балалар, алдымен «Күз қазан» әнін тыңдап алайық, ән тыңдай отырып, күздепісетін жемістерді тамашалайық!

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Әнде не туралы айтылады? Қазан айындағы күз туралы.

– Қандай күзгі жемістерді көрдіңдер және байқадыңдар? Жарайсыңдар,балалар!

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші жемістерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші жемістер» де келді.

Балаларға жемістермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Жемістер мен көкөністер" музыкалық-дидактикалық ойыны *Мақсаты:*

Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету. Музыка ауысымынсезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету.

Көрнекіліктер: Жемістер мен көкөністердің бет пердесі.
Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағандажемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.
ҚОРЫТЫНДЫ
Оқу қызметінің аяғына қарай музыка жетекшісі:
– Балалар, оқу қызметі ұнады ма?
Балалардың жауаптары.

– Қандай ән айтуды үйрендік? Күз қазан әнін.

– "Күз қазан" әнін жазған сазгер кім? Д.Ботбаев.

Балалар, осымен оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңдар

Музыка: Бауырсақ
13.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту

қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасайбілу дағдысын жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Ас атасы – нан", "Бауырсақ","Тәттімбет", "Күйші", "Саржайлау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар.

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, үлкен, кіші тәтті тоқаштар картотекасы, «Әнші тоқаштар» макеті, әр балаға үлкен, орта және кіші қоңыраулар, тәтті тоқаш бейнеленген таңбалауыштар, төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян,балаларға көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян бейнеленген карточкалар.

2. Үлестірмелі материалдар.

Әр балаға үлкен, орта және кіші қоңыраулар, тәтті тоқаш бейнеленген таңбалауыштар, балаларға көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесепіл), мұңды ит, мұңды қоян бейнеленген карточкалар.

И. Соколовский «Марш»
Е. Андосов «Біз билейміз» шығармасы
Тәттімбет Қазанғапұлының «Саржайлау» күйі (күй тыңдау)
Ә. Бейсеуов «Бауырсақ» әні (ән айту)
«Көңілді – мұңды» дидактикалық ойыны
«Bells» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Оқу қызметі басталысымен балалар И.Соколовскийдің «Марш» шығармасынегізінде залға кіреді.
- Балалар, басымызды тік ұстаймыз, еркін жүреміз, адымды кең аламыз. Жарайсыңдар. Балалар музыка аяқталғанша залдың ортасына келіп тұрады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, тақтаға қарайықшы?

- Қасиетті нанымыздың суреті, солай ма?

- Нанның қандай қасиеті бар, балалар?

- Жарайсыңдар, балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз.

- Бәрекелді! Енді менімен бірге шаттанайық бәріміз:

- Шаттанайық бәріміз (балалар қолдарын жанына жаяды),

- Жасымыз да, кәріміз (балалар қолдарын жоғары көтереді).

- Қасиетті нанымды (балалар қол білезіктерін айналдырады),

- Құрметтейік бәріміз! (балалар қолдарын жоғары көтереді).
Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Е. Андосовтың «Біз билейміз» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балалардышеңберге тұрғызып:

- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы. Жарайсыңдар! Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық

қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдарбойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтыққимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларды шеңбер бойынша орындықтарға отырғызып:

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?

- Балалар, бұл қазақ халқының атақты күйші-композитор - Тәттімбет Қазанғапұлы.

- Шертпе күйдің шебері Тәттімбет Қазанғапұлы жас кезінен домбыра тартып үйренген.

- Оның «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Көш жинаған», «Саржайлау» деген күйлерібар.

- Балалар, Тәттімбеттің «Саржайлау» күйін тыңдап көрейік.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Енді күйді мұқият тыңдаймыз.

- Балалар, күй қалай аталады? Саржайлау.

- Балалар, күйді шығарған Тәттімбет. Қайталайық.

- Балалар, мына суретке қараңдаршы?

- Тәттімбет «Саржайлау» күйінде табиғаттың әсем суреті, жаз-сайраңдағы рақатты шақтар бейнеленеді. Күйдің ішкі философиясы табиғатты суреттеу арқылы жаз думанын бастан кешкен адам өмірінің қайта оралмас бұралаң жолдарын табиғат мезгілімен салыстыруды меңзейді. Күй табиғаты сыршыл, қиялшыл, мөлдір лиризмге толы. Нәзік нюанстары мен әсем ырғақты иірімдері тыңдаушысын бірден желпіндіріп, енді бірде тәтті мұң толқынымен тербетеді. Музыка жетекшісі балаларға күйді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Балалар, күйді жазған күйші кім? Тәттімбет.

- Балалар, біз тыңдаған күй қалай аталады? Саржайлау.

2.2. «Көңілді – мұңды» дидактикалық ойыны.

(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)
Ойын материалы: төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы. Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуендітыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.

- Балалар, екі топқа бөлінесіңдер, қай топ балалары жеңеді, сол топ тәтті тоқаш бейнеленген таңбалауыштар алады.

- Ал, енді ойынды бастаймыз. Топтағы балалар карточкаларын көрсетуге дайын отырады.

Көңілді
Жылқы жағалауда жүр
екенЖасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп,
Алтын жүгенін сылдырлатып
Сыңғыр, сыңғыр ете
Тағып алған
қоңыраулары,Жорғалап
ол жүреді Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған
шығар.Қоянның аяғы
ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтан да олар,
Иттің басы ауырып тұр. Балалар топпен жарысып, өздерінің карточкаларын көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар!

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- га-га,

- ду-ду,

- ко-ко,

- ля-ля.

- Жарайсыңдар!

- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естіңдер ме?

- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.
Лағым

- Шөре-шөре, лағым,

- Тентек болма, шырағым,

- Секектеме, деміңді ал,

- Селтеңдемей құлағың. Тамаша!

- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек
- Ағашта биік,

- Бір құсты көрдік.

- Сайрайды сол құс,

- Сайрайды талмай.

- Кө-кек, кө-кек,

- Аты оның содан,

- Атанған кө-кек.

- Тамаша! Жарайсыңдар, балалар!

2.4. Ән салу.

Ә. Бейсеуовтің «Бауырсақ» әні.
(әнін жазған: Ә. Бейсеуов).
- Балалар, бәрің де бауырсақтың қалай пісетінін білесіңдер ғой!

- Олай болса, балалар, Ә. Бейсеуовтің «Бауырсақ» әнін айтып үйренейік

«Алдымен, балалар, бауырсақтар қандай болатынын көріп алайық.

- Қандай керемет, бауырсақтар, қараңдаршы, балалар!

- Енді әнді тыңдаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады? Бауырсақ туралы. Жарайсыңдар, балалар!

- Енді әнді айтамыз.

- Әжем келді ауылдан,

- Алақай-ау, алақай!

- Әже бары жақсы ғой,

- Қуанышы балақай!

- Ақ қалтасын ақтарып,

- Қос қолымен уыстап,

- Базарлығым, балам,- деп

- Төгіп жатыр бауырсақ.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, тағы да сұрақтар қояды:
- Әнді жазған сазгер кім? Ә. Бейсеуов.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын жеке дауыста, қайырмасын хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші тәтті тоқаштарға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші тоқаштар» да келді.

Балаларға тоқаштармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлық топ қосылып орындауды үйретеді.

2.5. «Bells» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетіндамыту.
Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қоңырауларды пайдалану.
Педагог балаларды үш топқа бөледі, балалардың әрқайсысында қоңыраудың үштүрі (үлкен, орта және кіші).
Егер, кең өлшемдегі әуен естілсе, ойыншылар үлкен қоңырауды көтеруі керек,қалыпты әуенге орташа, ал егер тыныш, ақырын ойналатын әуенге кішкентай қоңырауды көтеріп, сылдырлатуы керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі балалардың бүгінгі білімін бекіту мақсатында:
- Бүгін қандай күй тыңдадық?

- Тәттімбеттің "Саржайлау" күйін.

- Балалар, қандай ән айттық? «Бауырсақ» әнін.

- Балалар, бауырсақтың дәмі қандай?

- Бауырсақ қалай дайындалады?

- Кәне, балалар, бүгін біз жақсы демалдық!

- Оқу қызметі аяқталғанда не айтамыз? Дұрыс, балалар, «Сау болыңыз!» деп айтамыз.

- Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Бүгінгі тақырып сендерге ұнады ма?

- Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Күй тыңдайық, балақай

18.10

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Ас атасы – нан", "Бауырсақ", "Тәттімбет", "Күйші", "Саржайлау" сөздерінпайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидакткалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Оқу қызметі басталысымен балалар И.Соколовскийдің «Марш» шығармасынегізінде залға кіреді.

– Балалар, басымызды тік ұстаймыз, еркін жүреміз, адымды кең аламыз. Жарайсыңдар. Балалар музыка аяқталғанша залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын,қолдарының жылуын беруін қадағалау.

Армысың, асыл күн!,
Армысың асыл жан!
Армысың, көк аспан!
Армысың, жер ана!
Армысың, жан досым!

Жылуыңа жылу қос, Міне,
менің қолым бос.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Е. Андосовтың «Біз билейміз» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балалардышеңберге тұрғызып:

"Мы танцуем"" Е. Андосова

– Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау. Музыка жетекшісі балаларды шеңбер бойынша орындықтарға отырғызып:

– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

– Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?

– Балалар, бұл күйшіміз - Тәттімбет.

– Шертпе күйдің шебері Тәттімбет жас кезінен домбыра тартып үйренген.

– Оның «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Көш жинаған», «Саржайлау» дегенкүйлері бар.

– Балалар, Тәттімбеттің «Саржайлау» күйін тыңдап көрейікші!

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

– Енді күйді мұқият тыңдаймыз.

– Балалар, күй қалай аталады? Саржайлау.

– Балалар, күйді шығарған Тәттімбет, қайталайық.

– Балалар, мына суретке қараңдаршы?

– Тәттімбет «Саржайлау» күйінде табиғаттың әсем суреті, жаз-сайраңдағы рахатты шақтар бейнеленеді. Күйдің ішкі философиясы табиғатты суреттеу арқылы жаз думанын бастан кешкен адам өмірінің қайта оралмас бұралаң жолдарын табиғат мезгілімен салыстыруды меңзейді. Күй табиғаты сыршыл, қиялшыл, мөлдір лиризмге толы. Нәзік нюанстары мен әсем ырғақты иірімдерітыңдаушысын бірден желпіндіріп, енді бірде тәтті мұң толқынымен тербетеді.Музыка жетекшісі балаларға күйді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Балалар, күйді жазған күйші кім? Тәттімбет.

– Балалар, біз тыңдаған күй қалай аталады? Саржайлау.

2.2. «Өз түсіңді тап» ойыны

Балалар қолдарындағы шарды кезек-кезек көтереді. «Әуеде қалқиды» дегенжерде шарларын қалықтата бұлғауы керек.
Балалар төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка тоқтағанда әр кім өз түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– га-га,

– ду-ду,

– ко-ко,

– ля-ля. Жарайсыңдар.

– Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

– Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым

– Шөре-шөре, лағым,

– Тентек болма, шырағым,

– Секектеме, деміңді ал,

– Селтеңдемей құлағың. Тамаша.

– Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

– Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек

– Ағашта биік,

– Бір құсты көрдік.

– Сайрайды сол құс,

– Сайрайды талмай.

– Кө-кек, кө-кек,

– Аты оның содан,

– Атанған кө-кек.

– Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Ә. Бейсеуовтің «Бауырсақ» әні.

– Балалар, бәрің де бауырсақтың қалай пісетінін білесіңдер ғой!

– Олай болса, Ә. Бейсеуовтің «Бауырсақ» әнін айтып үйренейік.

А. Бейсеуова "Бауырсак"

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, тағы да сұрақтар қояды:
– Әнді жазған сазгер кім? Ә. Бейсеуов.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші тәтті тоқаштарға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші тоқаштар» да келді.

Балаларға тоқаштармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Қай аспап артық?" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: Аспаптар туралы білімдерін кеңейту, үрмелі, ұрмалы, шертпелі аспаптарды ажыратуға үйрету.
Ойынның шарты: Төрт аспаптың түрлері беріледі, сол аспаттардың арасында

төртінші қай сурет екенін тауып айтады.
ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:
– Бүгін оқу қызметі сендерге ұнады ма?
Балалардың жауаптары.

– Бүгін қандай күй тыңдадық?

– "Саржайлау" күйін тыңдадық.

– Сендерге күй ұнады ма?
Балалардың жауаптары.

– Қандай ән үйрендік?

– «Бауырсақ» әнін.

– Оқу қызметі аяқталғанда не айтамыз? Дұрыс, балалар, «Сау болыңыз!» депайтамыз.

– Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Ұнады ма, оқуқызметі?

– Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: К өкек

20.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдаудадыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру.

Сөздік жұмыс

"Жыл құстары", "Көкек", "Күйдің сипаты", "Құрманғазы шәкірті", "Дина","Тойбастар" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық көңіл-күй, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы,
«Әнші көгершіндер» макеті, дабыл, сылдырмақ, үскірік, ксилафон, керме (ширма),
«Көңілді паровоз» макеті, қатты картоннан жасалған паровоз және аңдар

суреттері, үлкен, кіші тәтті торғайлар картотекасы, бидайықтар.

2. Үлестірмелі материалдар

бидайықтар

Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш» Г.Гусейнли
«Шөжелерім» шығармасы

Дина «Тойбастар» (күй тыңдау)
И. Нүсіпбаев «Көкек» әні (ән айту)
«Көңілді паровоз» дидактикалық ойыны
«Үнінен таны» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық көңіл-күй

Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залғакіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге отырғызып:
- Балалар, жыл құстары да жылы жаққа ұшып кетті.

- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз.

- Бәрекелді! Жыл құстарына жылы жақта болса да көңілді күй сыйлайық!

- Көңілдіміз бәріміз (балалар қолдарын қанат сияқты жанына жаяды),

- Құстай самғап ұшамыз (балалар қолдарын қанат сияқты жанына сермейді).

- Кел, билейік, бәріміз (балалар қол білезіктерін айналдырады),

- Күлкі біздің нәріміз (балалар қолдарын жанына жібереді). Балалар педагогпенбірге қимылдарды қайталайды.

- Тамаша, балалар!

- Балалар, әдемі шеңбер жасауға дайындалайық! Балалар шеңбер жасайды.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, мені айнала шеңбер жасап тұрайық, енді музыка басталмай тұрып,шөже болып көрейікші!

Г.Гусейнлидің "Шөжелерім" шығармасы бойынша музыка жетекшісі балалардышеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді
Балалар шеңберде орындарында тұрып, аяқтарын кезек-кезек алға өкшелерімен қойып, жаттығулар жасайды. Бір аяқты алға қойып, екі қолдарының білезіктерін айналдырады. Екінші аяқты да алға қойып, екі қолдарының білезіктерін айналдырады. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарындатұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Музыка жетекшісі:
- Балалар, тақтаға қараңдаршы, балапандар қалай билейді екен? Сол

балапандар сияқты біз де қимылдар жасайық,

қолымызды бүгіп, екі жанымызға жіберіп, шынтағымызды әрі-бері қозғаймыз, сәл алға қарай бүгіліп, қолымызды екі жанымызға қанат сияқты жайып, қимылжасаймыз. Аяқтарымызды кезек-кезек алға қойып, балапан секілді жерге тигіземіз. Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау

Музыка жетекшісі балаларды шеңбер бойымен отырғызады.

- Балалар, тақтадан кімді көріп тұрсыңдар?

- Бұл суретте қазақтың күйшісі, атақты күйші Құрманғазының шәкірті Дина бейнеленген.

- Дина апамыз тоғыз жасынан бастап домбырада ойнаған.

- Дина Нұрпейісованың қолында не бар?

- Балалар, Дина Нұрпейісованың "Тойбастар" деген тамаша күйі бар.

- Қазір, балалар, сол "Тойбастар" күйін тыңдаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға күйдің сипаты туралы түсіндіреді.

- Балалар, күй - халықтың көңіл күйін бейнелейді. Күй шаттық сезімде, көңілді,нық ойналады.

- Тағы да тыңдап көрейікші?!

- Балалар, байқадыңдар ма, күйдің сипаты да атына сай, той болып жатқандайәсер қалдырады.

- Бұл күй қалай аталады? Тойбастар.

- Жарайсыңдар, балалар.

2.2. «Көңілді паровоз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды пьесаларды сипатына қарай ажырата білугеүйрету.
Ойын материалы: Қатты картоннан жасалған паровоз және аңдар суреттері.Ойынның барысы:
«Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады.Музыка жетекшісі балаларға бос терезелерге назар аударта отырып, паровозбен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.
Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарғакім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілдіқояндар» пьесасы кейіпкерлерін вагондарға отырғызу керектігі айтылады. Ойын екі командамен өткізіледі.

2.3. Дауыс жаттығулары

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- Ооо,ооо, ооо,

- Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.

- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.

- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми"(екі рет қайталанады). Жақсы.

- Досымызға айтамыз,

- Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.

- Досым менің ол, ол,

- Дейді маған "соль", қайталаймыз.

- Біз бәріміз әндетіп,

- Ән саламыз "ля-ля-ля".

- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу.

И. Нүсіпбаевтің «Көкек» әні
(әнін жазған: И. Нүсіпбаев).
- Балалар, көкек қандай құс?

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Балалар, ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?

- Балалар, суреттегі көкек, солай ма?

- Көкек қандай құс?

- Балалар, көкек жыл құсы. Көктемде келгенде өз атын өзі атап, шақыратын құс.

Музыка жетекшісі И. Нүсіпбаевтің «Көкек» әнін
- Енді, балалар, көкектің өз дауысын естиік.

- Тыңдаңдаршы, балалар, көкек қалай шақырып жатыр?

- Енді әнді тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтарқояды:

- Әнде не туралы айтылады? Көкек туралы.

- Енді әнді айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, тағы да сұрақтар қояды:

- Әнді жазған сазгер кім? И. Нүсіпбаев.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші торғайларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші көгершіндер» де келді.

Балаларға көгершіндермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. «Үнінен таны» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: балалардың аспап дыбыстарын есту арқылы ажырата білуқабілетін дамыту.
Ойын материалы: дабыл, сылдырмақ, үскірік, ксилафон, керме (ширма) Ойын барысы. Музыка жетекшісі керменің аржағында тұрып, аспаптардаойнайды, балалар қандай аспаптың үні екендігін табулары керек. Музыкажетекшісі әр аспапта ойнап тұрып, төмендегі сөздерді айтады:
- Музыка! Музыка!

- Бұл не екен өзі?

- Мүмкін бұл,

- Көгілдір аспан шығар!

- Мүмкін бұл,

- Таңғы арай шығар?

- Ал, мүмкін, музыка –

- Тек қана дыбыстар шығар! Балалар аспап дыбыстарын ажырата алмағанжағдайда музыка жетекшісі аспаптарда қайтадан ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, тыңдайықшы, ненің әні екен?

- Естіп отырсыңдар ма? Ненің әні?

- Көкектің.

- Ұнады ма, сендерге?

- Иә.

- Балалар, бүгін қандай күй тыңдадық? "Тойбастар".

- Күйді шығарған күйші кім? Дина.

- Ал қандай ән айттық? "Көкек" әнін.

- Балалар, байқадыңдар ма, бүгін оқу қызметіміздің тақырыбы құстарға арналды. Сондықтан құстарды көрсек, тиіспей, аялап, қолымыздан келсе, жем берейік, балалар.

- Ал қазір оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Күзгі вальс
27.10.2022
01.11.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпенбірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Қамажай", "бір тал үкі", "халық әні", "халық арасынан шыққан", "Ақ жаңбыр"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Көркемсөз, жаттығу, қайталау, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миғашабуыл, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойын, дидактикалық ойынға арналған суреттер,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар оқу қызметі басталысымен залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасыәуенімен қатар түзеп кіреді. Балалар адымдау кезінде денелерін түзу, басын жоғары көтеріп, тік ұстап, тізелерін жоғары көтеріп жүреді. Балалар адым әуенімен залдағы кілемнің ортасына келіп тұрады да, үлкен шеңбер жасайды. Оқу қызметін бастай бергенде педагог жаңбырдың дауысын қояды.

- Балалар, жаңбыр жауып кетті ғой, енді қайттық, тезірек барлығымыз тығылайық, қолшатырдың астына.

Балалар, жүгіріп қолшатырларды алады.

- Балалар, жаңбар неге пайдасы бар? Қалай ойлайсыңдар?

- Иә, жақсы, егін алқабын суарады.

- Балалар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

Балалар, қазір Е. Андосовтың «Біз билейміз» музыкалық-ырғақтық шығармасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренуді жалғастырамыз.Е. Андосовтың шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.
«Біз билейміз» әуенімен денелерін тік ұстап, шеңберді айнала жүріп, вальс сипатындағы ырғақты қимылдар жасайды. Орындарында тұрып, педагогтің көрсетуімен екі аяқтарын кезек-кезек алмастырып, орындарында тұрып айналады, қайтадан залды айналып шеңбер бойымен жүріп, орындарында тұрып, вальс элементтерін көрсетеді. Осылайша педагогтің көмегімен 2-3 айналым жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап, гүлдің бейнесін жасап,биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,

денемізді еркін ұстаймыз.
Басында Қамажайдың бір тал үкі
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі
Айрылып Қамажайдан отырғанда Келеді
қай жерімнен ойын-күлкі Ахау
хайлилайым, лилилайым, Қамажай
қалдың кейін сәулетайымҚолында
Қамажайдың алтын жүзік Қамажай отыр
ма екен көзін сүзіп
Көрмесе жарта сағат тұра алмаушы едАпырмай кетті
ме екен күдер үзіп
Ахау хайлилайым, лилилайым, Қамажай
қалдың кейін сәулетайым.

- Кәне, балалар, шапалақтап отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет! Ән өте керемет екен, балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

- Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша!

- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? Қамажай туралы.

- "Қамажай" әнінің әуенін жазған кім? Халық. Жарайсыңдар!

- "Қамажай" әнінің әуенін халық жазған деп неге айтамыз? Себебі, халық арасынан шыққан ән.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуғакөмектеседі.
Ойынның шарты: Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенің балалар табуқажет.

- Балалар, сендерді орман тұрғындарымен таныстырғым келеді. Тыңдап,олардың әуендерің естеріне сақтап алыңдар.

- Балалар, сендер барлық орман тұрғындарының әуендерін таба алдыңдар ма?

- Жарайсыңдар!

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?

- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.

- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.Тоқ-тоқ, тоқылдақ,

Жерден тары шоқып ап,
Тоқылдайды тоқылдақ,
Тоқ-тоқ-тоқ.
Ахау ,егигай,
Ән сал бозторғай,Біз
әніңді үйреніп,
Күнде ән сап жүрейік.

- Тамаша.

- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
Аралар,

Арамыз, біз арамыз,
Әнге салып барамыз.
Жу-жу-жу-жу-жу-жу!
Қызыл, жасыл гүлдерден,
Балды сорып аламыз.
Жу-жу-жу-жу-жу-жу!

- Жарайсыңдар!

2.4. Ән салу. Е. Хасанғалиев «Ақ жаңбыр» әні.

- Балалар, бүгін біз «Ақ жаңбыр» әнін айтуды үйренеміз.

- Қәне, бәріміз, екі қолымызды алдымызға қойып, денемізді бос ұстап, әндіалдымен тыңдап алайықшы!

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ

қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте жеңіл ән балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

Музыка жетекшісі балаларға әнді 2-3 рет айтқызып, қайталатып, өзі бірге әндіайтып шығады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау.

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қайбөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.

- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:

- Шығарма қалай аталады? Калинка.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. "Бізге келген қонақтар" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай, аспаптық әуенді ажырата білугеүйрету.
Ойынның көрнекілігі: аңның, құстың, қоянның бет пердесі.

Ойынның шарты: алдын-ала бір бала керменің артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды (дабыл, сылдырауық, металлофон) алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю

келсе, жуан дыбыстар, қоян келсе, секіртпелі дыбыстар, торғай келсе, жіңішке дыбыстарды соғу керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтауүшін музыка жетекшісі:

- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?

- «Қамажай» әнін.

- Қандай ән айтуды үйрендік?

- «Ақ жаңбыр» әнін.

- Балалар, нан неден жасалады? Ұннан жасалады екен.

- Ұн қайдан пайда болады? Бидайдан. .

- Бидай қайда өседі? Егістікте. К.

- Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!

- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

– Қандай ән айттық? "Ана тілім" әнін.

– Бүгін сендермен өткен оқу қызметі маған сондай ұнады.

– Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Ұшағым

3.11.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыкажетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге жаттықтыру.

Сөздік жұмыс
"Айгөлек", "Айдың жүзі", "Билейміз дөңгелеп", "Менің көлігім", "Ұшағым" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттау, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, керібайланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын топтамасының суреттері (мысық, қонжық, нан, балабақша көрінісі бар сурет, күз), құстар мен аңдардың суреттері, ұшақ суреті

2. Үлестірмелі материалдар

құстар мен аңдардың суреттері

Е. Тиличеева «Марш» шығармасы
Т. Алинов «Бақа» музыкалық-ырғақтық қимылБ.
Байқадамов «Айгөлек» әні (ән тыңдау)
Т. Тайбеков «Ұшағым» әні (ән айту)

«Көлеңке» дидактикалық ойыны

«До – ре – ми» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен балалар залға қатар түзеп кіреді.Музыка жетекшісі балалардың адымдау кезінде денені түзу, басын жоғары көтеріп, тік ұстау қажеттігін және тізені жоғары көтеру керектігін ескертеді.
Балалар адым әуенімен залдағы кілемнің ортасына келіп тұрады да, үлкеншеңбер жасайды.
Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін бақшаға немен келдіңдер?

- Қандай көлікпен келдіңдер?

- Балалар, көлік дегеніміз не?

- Балалар, бәрің тақтаға қараңдаршы?!

- Ұнай ма, көлік түрлері, балалар?

- Балалар, бізге көлік керек пе екен?

- Олай болса, балалар, алдымен бізді балабақшаға жеткізген көліктерімізбен сәлемдесіп алайық:

- Көлік бізге керек-ақ (балалар қолдарын жанына жібереді),

- Жеткізеді жедел-ақ (балалар қолдарын алдына жаяды).

- Күнде сәлем береміз (балалар иіліп, тәжім етеді),

- Көліктерге мініп ап! (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады). Балалармузыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.

- Бәрекелді, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сайырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі:

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

-Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Бақаны. Жақсы.

- Балалар, біз бүгін бақа туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.Музыка басталмай тұрып, орнымызда бақаның қимылдарын жасап, жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз. Т. Алиновтың «Бақа» шығармасы бойынша балалар музыкалық- ырғақтық қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыка сипатына сай бақаның қимылдарын жасауды балаларға

үйретіп, қимыл мен музыканың үйлесімділігін сақтауларын бақылайды. Балалар бақа секілді екі жаққа кезек секіреді, орындарында тұрып, екі жанына кезек тербелу қимылдарны жасайды.Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым "твист" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, бір орында айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым "твист" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңілсекіріп, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісімен бірге балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадан кімдерді көріп тұрсыңдар?

- Балалардың көңіл-күйі қалай?

- Балалар қуаныштан секіріп ойнап жүр.

Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, сендер қандай сәттеріңде қуанасыңдар?

- Олай болса, өздеріңнің бақытты сәттеріңді бейнелейтін қандай өлең білесіңдер?

- Балалар, сендердің сондай бақытты кездерің туралы «Айгөлек» деген әдемі ән бар, естіп көрейікші? Б. Байқадамовтың әні "Айгөлек".

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

- Көлдей шалқып жас өмір,

- Тасып жатқан шағында

- Кемерінен шалықтап,

- Асып шатқан шағында

- Ойын ойнап, ән салмай,

- Өсер бала болар ма?

- Күміс күлкі көрмей ол

- Кемеліне толар ма?

- Айгөлек-ау, айгөлек,

- Айдың жүзі дөңгелек,

- Айдай толған кезімде

- Би билеймін дөңгелеп.

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет! Ән тамаш, балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.
Музыка жетекшісіәнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.

- «Айгөлек» әнін жазған сазгер кім? Б. Байқадамов.

- Балалар, бұл әнді кім орындайтынын білесіңдер ме?

- Балалар, бұл әнді қазір қай әнші орындады?

- Енді, балалар, «Айгөлек» әнін тағы да тыңдаймыз.

- Сендер қай әнші орындап жатқанын мұқият тыңдаңдар.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдата отырып, әннің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, әнді қай әнші айтты?

- Роза Рымбаева екен.

- Әуенін жазған сазгер кім?

- Сазгер Б. Байқадамов.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Көлеңке» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: «Көлеңке» әніне әндете жүріп, әртүрлі құстар мен аңдардыңқимыл-қозғалысын келтіру.
Ойынның барысы: тәрбиеші осы өлеңді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кішібаладан қатар-қатар тұрғызады (кішісі көлеңке). Барлығы шеңбер жасайды. Көлбең көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Қане қатар тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық, - деп әндете жүріп, үлкен шеңбер құрады. Әрі қарай балалармен бірге әндете жүріп, өлеңде аталатын құстар мен аңдардың қимыл-қозғалысын келтіреді.
Көлбең – Көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Бүркіт қалай бүреді?Кім
көрсете біледі?
Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жертірейді.
Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды.
Көлбең – көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Қасқыр қалай жүреді,

Кім көрсете біледі?
(Қасқырдың жүрісін бейнелейді)
Көлбең – көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Аю қалай жүреді, Кім
көрсете біледі?
(Балалар көлеңкелеріне аюдың жүрісін көрсетеді)

Осы аңдардың, құстардың орнына басқа да құс аңдарды қойып, ойынды жалғастыра беруге болады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:

- Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік? Балалар орындықтың шетіне отырады.

- Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).

- Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа

кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:

- Уууааааоо.

- Уууууууууу,

Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:

- Га-га-га,

- Ду-ду-ду,

- Ко-ко-ко,

- Ля-ля-ля.

- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

Т. Тайбековтың «Ұшағым» әні (әні: Т.
Тайбековтікі).
Музыка жетекшісі ән айтудың алдында алдымен балалардың өлеңге қызығушылықтарын арттыру мақсатында өлеңді тыңдатады

- Балалар, не туралы ән естіп отырсыңдар?

- Ұшақты бәрің жақсы көресіңдер ме?

- Балалар, ойыншық ұшақтарың бар ма?

- Тақтаға қараңдаршы?

- Ойыншық ұшақтың өзі шын ұшаққа ұқсайды, солай ма, балалар?

- Балалар, енді осы әнді үйреніп алайық?!

- Т. Тайбековтың әні «Ұшағым», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. "Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

- Балалар, қолдарыңдағы «әдемі көңілді шарларды» алып, маған қарай ойыналаңына келіңдер. Жарайсыңдар.

- Қазір біз "Ән салған кім?" ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: әннің шумағында

«әдемі көңілді шарларды» арттарыңа тығып шеңбер бойымен жай жүресіңдер, ал қайырмасында «әдемі көңілді шарларды» қолдарыңмен музыка ырғағына сайбір-біріне соғасыңдар. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Балаларұстаған шарлардың ішінің кейбіреуінде дыбыс шығаратын қоңыраулар бар.
Балалар сол қоңыраулар үнін анықтап табулары керек.

- Ал, балалар, бастаймыз.

- Достығымыз жараса,

- Асыр салып таласа

- Ойынды тез бастайық,

- Шартын қатаң сақтайық

- Бір, екі, үш,

- Ойын баста, ұш!

Педагог балалар ойынын музыка жетекшісімен бірге бақылап, арасында ескертужасап отырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар, сендер бүгін оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар.

- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? "Айгөлек" әнін.

- Қандай әдемі ән айттық? "Ұшағым" әнін.

- Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Ал сендерге ұнады ма,оқу қызметі? Тамаша!

- Кәне, балалар, оқу қызметі де аяқталды! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыздар!

Музыка: Ән салған кім?

8.11.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыкажетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Айгөлек", "Айдың жүзі", "Билейміз дөңгелеп", "Менің көлігім", "Ұшағым" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттау, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, керібайланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, бейнежазба, әндер мен әуенді жазбалар, музыкалық-дидактикалық ойын топтамасы, фланелеграф, паровоз және пароходтың суреттері.
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен балалар залға қатар түзеп кіреді.Музыка жетекшісі балалардың адымдау кезінде денені түзу, басын жоғары

көтеріп, тік ұстау қажеттігін және тізені жоғары көтеру керектігін ескертеді.
Педагог пианино әуеніне сүйемелдеп балалармен амандасады.

– Сә-ле-мет-сің-дер-ме!

– Сә-ле-мет-сіз-бе!, - деп жауап қайтарады.
Педагог:

– Балалар, енді менен қайталаңдар! Біз
досымызға алақанымызды береміз,
Күлімсіреп "Сәлем" әнін айтамыз!
Қайырлы күн! Қайырлы күн! - деп

Біз шаттық шеңбер құрамыз! (2 рет)

Сәлем! Сәлем!

Педагог алдын ала қолдан жасалған ұшақтарды таратады.

– Балалар, бәріміз мына жасалған ұшақтарды алып, ұшырайықшы.

– Ендеше, бәріміз қолымызды жанымызға созып, ұшақ секілді ұшайық.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сайырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі:

– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Бақаны. Жақсы.

– Балалар, біз бүгін бақа туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.

– Музыка басталмай тұрып, орнымызда бақаның қимылдарын жасап, жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз. Т. Алиновтың «Бақа» шығармасы бойынша балалар музыкалық- ырғақтық қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыка сипатына сай бақаның қимылдарын жасауды балаларға үйретіп, қимыл мен музыканың үйлесімділігін сақтауларын бақылайды. Балалар бақа секілді екі жаққа кезек секіреді, орындарында тұрып, екі жанына кезек тербелу қимылдарны жасайды.Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым "твист" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, бір орында айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларынжасайды. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді,аяқтарымен қарапайым "твист" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңілсекіріп, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісімен бірге балалардың назарын тақтаға аударады:

– Балалар, сендердің сондай бақытты кездерің туралы «Айгөлек» деген әдемі әнбар, естіп көрейікші? Б. Байқадамовтың әні ""Айгөлек"".

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз

– Көлдей шалқып жас өмір,

– Тасып жатқан шағында

– Кемерінен шалықтап,

– Асып шатқан шағында

– Ойын ойнап, ән салмай,

– Өсер бала болар ма?

– Күміс күлкі көрмей ол

– Кемеліне толар ма?

– Айгөлек-ау, айгөлек,

– Айдың жүзі дөңгелек,

– Айдай толған кезімде

– Би билеймін дөңгелеп.

– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет! Ән тамаш, балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.

Музыка жетекшісіәнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

– Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.

– «Айгөлек» әнін жазған сазгер кім? Б. Байқадамов.

– Балалар, бұл әнді кім орындайтынын білесіңдер ме?

– Балалар, бұл әнді қазір қай әнші орындады?

– Енді, балалар, «Айгөлек» әнін тағы да тыңдаймыз.

– Сендер қай әнші орындап жатқанын мұқият тыңдаңдар.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдата отырып, әннің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

– Балалар, әнді қай әнші айтты?

– Роза Рымбаева екен.

– Әуенін жазған сазгер кім?

– Сазгер Б. Байқадамов.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Ритмнен қалма" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: Ритмды ұғынып, сезіну, ритмнен қалмауға дағдыландыру. *Ойының шарты:* Музыка жетекшісі музыкалық кестелерді көрсетеді және әуендіқосады, ритм бойынша балалар шапалақтап, аяқпен топылдатады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:

– Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік? Балалар орындықтың шетіне отырады.

– Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).

– Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқакедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:

– Уууааооо.

– Уууууууууу,

Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:

– Га-га-га,

– Ду-ду-ду,

– Ко-ко-ко,

– Ля-ля-ля.

– Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу. Т. Тайбековтың «Ұшағым» әні.

Музыка жетекшісі ән айтудың алдында алдымен балалардың өлеңге қызығушылықтарын арттыру мақсатында өлеңді тыңдатады.

– Т. Тайбековтың әні «Ұшағым», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. «Пароход не жоғалтты?» музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: ырғақ сезімін дамыту.

Ойын материалы: Демонстрация: фланелеграф, паровоз және пароходтыңсуреттері. Раздаточный: карточки (30х9см) и по три полоски из картона: широкие (3х6см) –долгий звук, узкие (1,5х6см) – короткий. Один комплект готовится на каждого ребёнка. Әр балаға бір жиынтық дайындалады.

Ойын барысы: Педагог: Қараңдаршы, балалар, теңіз арқылы қандай әдемі пароход жүзіп жүр. Ол сізді өзінің көңілді әуенімен қарсы алғысы келеді. (Пароходты фланелеграфқа бекітеді). Міне осылай! (фортепианода ырғақты суретті бейнелейді). Балалар ырғақты қағып, оны карточкаларына жолақтарменқояды. Сол сияқты ойын паровозбен өткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

Балалар, сендер бүгін оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар.

– Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? "Айгөлек" әнін.

– Қандай әдемі ән айттық? "Ұшағым" әнін.

– Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Ал сендерге ұнады ма,оқу қызметі? Тамаша!

– Кәне, балалар, оқу қызметі де аяқталды! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыздар!

Музыка: Құлан

10.11.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасынэмоционалды қабылдауды үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауды жаттықтыру.

Сөздік жұмыс
"Жабайы табиғат әлемі", "Түлкі мен қаздар", "Ақсақ құлан", "Кірпі", "Керемет!","Бақа" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Психологиялық көңіл күй, түсіндіру, жаттығу, қайталау, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, жабайы табиғат әлеміндегі аңдардың суреттері, қаттыкартоннан істелінген сағат, дидактикалық ойын топтамасы, түрлі түсті картоннан жасалған моншақтар

2. Үлестірмелі материалдар

Түрлі түсті картоннан жасалған моншақтар.Е.
Тиличеева «Марш» шығармасы.
К. Қуатбаев «Түлкі мен қаздар» музыкалық-ырғақтық қимыл.

«Ақсақ құлан» күйі (күй тыңдау).

Ш. Қалдаяқов «Бақа» әні (ән айту)

«Музыкалық сағат» дидактикалық ойыны.

«Музыкалық моншақтар» музыкалық-дидактикалық ойын.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық көңіл күй.

Балалар залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен қатар түзеп,адымдап кіреді.
Музыка жетекшісі:

- Балалар, денені түзу, басты жоғары көтеріп, тік ұстаймыз. Тізені жоғары көтеріп адымдаймыз. Жүріп келе жатқанда арақашықтықты сақтаймыз. Міне,жарайсыңдар!

Балалар адымдай жүріп, залдың ортасына келіп тұрады.Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, күздің соңғы айы. Жабайы табиғат әлеміндегі жануарлар да адамдарсияқты қысқа өз қамдарын жасайды.

- Оларға адамдардан басқа ешкім қамқор бола алмайды. Сондықтан, балалар,осы жабайы табиғат өкілдеріне психологиялық көңіл күй сыйлайық:

  - Күлдіреміз әлемді (балалар қолдарын жоғары көтереді),

  - Күлкімізбен жайнатып (балалар қолдарын жандарына жібереді).

- Жабайы аңдар әлемі (балалар сәлем бергендей иіледі),

- Күлдіреді, ойнатып! (балалар қолдарын жоғары көтереді).Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

- Бәрекелді, балалар!

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Түлкі мен қазды. Жақсы.

- Түлкі мен қаз не істеп тұр? Құшақтасып тұр.

- Балалар, біз бүгін түлкі мен қаздар туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасаудыүйренеміз. Музыка басталмай тұрып, орнымызда түлкі мен қаздың қимылдарын жасап, жаттығып алайық.

- Кәне, балалар, бәріміз жұптасамыз, бір түлкі және бір қаздан.

- Балалар, тақтаға қарап, түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстаймыз. Жарайсыңдар! Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйренеміз. К.Қуатбаевтың «Түлкі мен қаздар» шығармасы.

бойынша балалар музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыка сипатына қарапайым вальс қимылдарын жасауды балаларға үйретіп, қимыл мен музыканың үйлесімділігін сақтауларын бақылайды. Балаларекі жұптан орындарында тұрып айналады, орындарында тұрып, екі жанына кезек тербелу қимылдарны жасайды. Шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым "галоп" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл айналады. Орындарындатұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, бір орында айналады. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым "галоп" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл айналып, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударады:

- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?

- Құланды. Жақсы.

- Балалар, құлан қандай аң?

Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

- Балалар, тағы да суретке қараңдаршы, құланның түрі қандай аңға ұқсайды?

- Жартылай жылқыға және жартылай есекке ұқсайды.

- Балалар, құланды үй жануары деп атай аламыз ба?

- Балалар, далада өз еркімен тіршілік ететін жануар. Бұл жануар жазық даладаүйірімен жүреді.

- Суретке қараңдаршы, балалар, құландар үйірі қалай жүгіріп бара жатыр?

- Балалар, осы жануар туралы күй бар, сол күйді естіп көрейікші?

- Балалар, ақсақ құлан туралы ертегі де бар, үйде бос уақыттарыңда көруге деболады.

- Мына суреттен сол ертегіден үзінді көруге болады.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға «Ақсақ құлан» күйінің әуеніне жазылғанбейнебаянды көрсетеді, балалар күйді қабылдағанша тыңдатады.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, күй қандай аспапта орындалған? Домбырада. Тамаша!

- Күй не туралы? Ақсақ құлан туралы. Жарайсыңдар!

- Балалар, бұл күйді кім шығарғанын білесіңдер ме?Балалар үндемей қалады.

- Балалар, бұл халық күйі. Сондықтан халық арасынан шыққан күй деп айтамыз.

- Енді, балалар, «Ақсақ құлан» күйін тағы да тыңдаймыз!

Музыка жетекшісі балаларға күйді тыңдата отырып, күйдің сипаты менмағынасын түсіндіреді.
- Балалар, біз бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.

- Күйді шығарған кім? Халық.

- Күй қандай аспапта орындалады? Домбырада.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Музыкалық сағат» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: есту зейінін, еске сақтау, ойлауды дамыту.Ойынның жабдығы:
қатты картоннан істелінген сағат.
Ойынның барысы: музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағаттілімен көрсетуді ұсынады.
Ойналатын әуендер: «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр», «Сылдырмақ». Әннің басынтыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі дауыс жаттықтырудың алдында балаларды орындықтарғаыңғайлы отырғызып, дауыс жаттығуларын жасатады:
- Балалар, дауыс жаттығуларын менімен бірге қайталаймыз. Алдымен, араларболайық.

Аралар.

- Арамыз, біз арамыз,

- Әнге салып барамыз.

- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

- Қызыл, жасыл гүлдерден,

- Балды сорып аламыз.

- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар!

- Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.

- Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы гүлдіүрлеу арқылы сыртқа шығара отырып үрлейміз. Жарайсыңдар!

- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

- Жарасып тұр сәніміз,

- Ән шырқайық бәріміз.

- Естіген жұрт таң қалсын,

2.4. Әдемі ән шырқалсын. Тамаша!Ән салу

Ш. Қалдаяқов «Бақа» әні.(әні: Ш.
Қалдаяқов).
Музыка жетекшісі ән айтудың алдында алдымен балалардың өлеңге
қызығушылықтарын арттыру мақсатында бақаның суретін көрсетеді

- Балалар, тақтадан не көріп отырсыңдар?

- Бақа қандай табиғат әлеміне жатады?

- Балалар, бақалар жабайы табиғат әлемінен болса да бақаларға арналған"Бақа" әні бар, сол әнді үйреніп алайық?!

- Ш. Қалдаяқовтың әні «Бақа», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық.

- Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?

- Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.

- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қаттышығармаймыз.

Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, қайырмасынтоппен қосылып орындауды үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз. Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыка жетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағыаудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. «Музыкалық моншақтар» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: балаларға қысқа және ұзақ дыбыстарды ажыратуды үйрету.Ойынның жабдығы: түрлі түсті картоннан жасалған моншақтар.

Ойынның барысы: музыка жетекшісі үлкен және кішкентай моншақтарды балалардың қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданады. Музыкажетекшісі шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ырғақтық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кішкентай моншақтардыңкөмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – ұзақ дыбыстар, кішкентай моншақтар – қысқа дыбыстар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.

- Сендер қандай ән үйрендіңдер? «Бақа» әнін.

- Кәне, балалар, әнді тағы бір қайталап жіберейікші! Жарайсыңдар!

- Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Бәрі тамаша болды,балалар!Оқу қызметі осымен аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Музыкалық сағат

15.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауды пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Жабайы табиғат әлемі", "Түлкі мен қаздар", "Ақсақ құлан", "Кірпі", "Керемет!","Бақа" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемесу, түсіндіру, жаттығу, қайталау, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, керібайланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, жабайы табиғат әлеміндегі аңдардың суреттері, қаттыкартоннан істелінген сағат, дидактикалық ойын топтамасы, түрлі-түсті картоннан жасалған моншақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен қатар түзеп,адымдап кіреді.

– Балалар, денені түзу, басты жоғары көтеріп, тік ұстаймыз. Тізені жоғары көтеріп адымдаймыз. Жүріп келе жатқанда арақашықтықты сақтаймыз. Міне,жарайсыңдар! Балалар адымдай жүріп, залдың ортасына келіп тұрады. Музыка жетекшісі:

– Балалар, мен сендерді музыка залында көргеніме қуаныштымын. Балалар менжұмбақ жасырамын, сендер тауып көріңдер.

Ұзын мойын екі ішек,
Қатарөқатар тепкішек. Басып
қалсаң бірөбірлеп,
Күй шығады күмбірлеп.(Домбыра)Саусақ
байпас түтіктен.
Сандуғаш құс сайрайды.(Сыбызғы)Сексен бес
тілі бар,
Әр тілдің өзіне тән үнә бар.(Күйсандық)

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

–Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Түлкі мен қазды. Жақсы.
– Түлкі мен қаз не істеп тұр? Құшақтасып тұр.

– Балалар, біз бүгін түлкі мен қаздар туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз. Музыка басталмай тұрып, орнымызда түлкі мен қаздыңқимылдарын жасап, жаттығып алайық.

– Кәне, бәріміз жұптасамыз, бір түлкі және бір қаздан.

– Балалар, тақтаға қарап, түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстаймыз. Жарайсыңдар. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйренеміз. К.Қуатбаевтің «Түлкі мен қаздар» шығармасы **~~(Аудиозапись. ""Лиса и гуси"" К.Куатбаева)~~**

бойынша балалар музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыка сипатына қарапайым вальс қимылдарын жасауды балаларға үйретіп, қимыл мен музыканың үйлесімділігін сақтауларын бақылайды. Балаларекі жұптан орындарында тұрып, айналады, орындарында тұрып, екі жанына кезек тербелу қимылдарны жасайды. Шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым
"галоп" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл айналады. Орындарындатұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, бір орында айналады. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым

"галоп" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл айналып, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі көздерің жұмыду ұсынады.
– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз, көзімізді жұмып, әнді тыңдаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға «Ақсақ құлан» қазақ халық әуеніне жазылған бейнебаянды көрсетеді және балалар күйді қабылдағанша тыңдатады.
– Балалар, мына әуенді тыңдап отырып көз алдарына не елестеттіңдер?

– Иә, жарайсыңдар, құланды. Бұл әнді бірнеше рет тыңдаған болатынбыз, көзалдарына құланды елестеткен боларсыңдар.

– Балалар, құлан қандай аң? Қандай аңға ұқсайды?

– Иә, жылқыға.

– Балалар, күйді ойнағанда құланды қалай сипаттаған?

– Иә, дұрыс айтасыңдар, ақсақ.

– Ақсақ құлан ертегісі бар екенің алдыңғы оқу қызметінде айттым, иә? Сендер көрдіңдер ме?

Балалардың жауаптары.
– Енді, балалар, «Ақсақ құлан» күйін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға күйді тыңдата отырып, күйдің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

– Балалар, біз бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.

– Күйді шығарған кім? Халық.

– Күй қандай аспапта орындалады? Домбырада.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Малды төлін емізуге шақыру» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойын жүргізушісі:
– Кәне балалар бәріміз дауыстап 4 түлік малды төлін емізуге бәріміз бірдейдауыстап шақырамыз. Ойынды көрнекіліктер пайдалана отырып, өткізуге болады.

Мысалы: Биені құраулап,
Түйені көс-көстеп, Сиырды
аухаулап, Ешкіні шөрелеп,
Шақырып аламыз, Сауамыз,
бағамыз.
Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс тазалығына, сөздерді анықайтуға көңіл бөлеміз.
Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі дауыс жаттықтырудың алдында балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып, дауыс жаттығуларын жасатады:
– Балалар, дауыс жаттығуларын менімен бірге қайталаймыз. Алдымен араларболайық:

Аралар

– Арамыз, біз арамыз,

– Әнге салып барамыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

– Қызыл, жасыл гүлдерден,

– Балды сорып аламыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.

– Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.

– Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы гүлдіүрлеу арқылы сыртқа шығара отырып үрлейміз. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Жарасып тұр сәніміз,

– Ән шырқайық бәріміз.

– Естіген жұрт таң қалсын,

– Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.3. Ән салу. Ш. Қалдаяқов "Бақа" әні.

Музыка жетекшісі ән айтудың алдында алдымен балалардың өлеңге қызығушылығын арттыру мақсатында бақаның суреітін көрсетеді.

– Ш. Қалдаяқовтың әні «Бақа», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық

– Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.4. "Ритм бойынша анықта" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойын материалы: балаларға таныс әннің ырғақты суреті бейнеленген карталар,жарты беті бос. Бұл әндерді, музыкалық аспаптарды суреттейтін суреттер: қасықтар, үшбұрыш, балғалар,
барабан.
Ойын барысы: жетекші бала бір аспапта әннің ырғақты сызбасын орындайды.Ырғағы бойынша балалар әнді анықтайды және картаның бос жартысын суретпен жабады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қалай өтті?
Балалардың жауаптары.

– Қандай күй тыңдадық?
"Ақсақ құлан" күйі.

– Сендер қандай ән үйрендіңдер? «Бақа» әнін.

– Кәне, балалар, әнді тағы бір қайталап жіберейікші! Жарайсыңдар!

– Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Бәрі тамаша болды,балалар!

– Оқу қызметі осымен аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Ертегі желісін жалғастыр

17.11.2022

22.11.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың көңілді музыкаға деген қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айтуқабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыруды пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Ерден атайдың ертегісі", "Ерте, ерте , ерте екен..", "Ешкі жүні бөрте екен...","Тұла бойды ерітеді", "Керемет!", "Ертегілер әлемі" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар залға Е.Арненің "Адыммен айналу" шығармасы желісімен кіреді. Музыка жетекшісінің айтуы мен көрсетуі бойынша музыка әуенімен денелерін тік ұстап, тізелерін жоғары көтеріп, тік ұстаймыз. Тізені жоғары көтеріп адымдаймыз.

Жүріп келе жатқанда арақашықты сақтаймыз. Міне, жарайсыңдар! Балалар адымдай жүріп, залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгін бізге қонаққа ғажайыптар әлемінен қонақ келді."Үш аю" ертегіні кім біледі?

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

– Балалар, алдыңғы оқу әрекетінде біз К. Қуатбаевтің «Түлкі мен қаздар» шығармасы желісінде түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстап, жұппен билеудің қимылдарын үйренгенбіз. Бүгін де жұппен билеу қимылдарын үйренеміз. Алдымен әуен басталмас бұрын жұппен билеу элементтерін қайталап алайық.Музыка жетекшісі балаларды жұппен тұрғызып, «Күн пен түн» қазақ халық әуенінің сипатына сай жұптық қимылдарды жасауды үйретеді. Ұл балалар "түн" болып, қолдарымен қыз балаларды биге шақырып, иіліп тағзым жасайды.Ұл балалар қолдарымен қыз балалардың белдерінен ұстап, педагогпен бірге жұппен айналу адымдарын жасайды. Ұл балалар орындарында тұрады, қыз балалар "күн" болып, өзі тұрған орнын айналып, шағын шеңбер бойымен жұп адымын жасайды. Жұптар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді,

түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оңжаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, қолдарын жанына созады.

Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.Қимылдар мен музыка үйлесімділігі музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. Музыка жетекшісі балалардың қимыл мен әуенді үйлесімді қабылдау қабілеттеріне де көңіл бөледі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

– Е. Хасанғалиев әні «Ерден атайдың ертегісі».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

– Кел балалар, тұрмаңдар,
Бізде қызық думан бар.
Атамыздың алуан

– Ертегісін тыңдаңдар.

– "Ерте,ерте, ерте екен,

– Ешкі жүні бөрте екен..."

Ертегі сөз қашан да

Тамашаның көркі екен.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

– Балалар, қандай сипатта орындалған?

– Әнде не туралы айтылады?

– Енді, балалар, «Ерден атаның ертегісі» әнін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдата отырып, әннің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

– Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? «Ерден атаның ертегісі».

– Әнді жазған кім? Е. Хасанғалиев

– Керемет, балалар!

2.2. «Музыкалық үйшік» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердіңкөлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.

Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеукерек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

– Балалар, орманда бір саршұнақ келе жатып гүлді кездестіреді. Оның гүлге

қызыққаны сондай қасына барып, мұрнымен ұзақ иіскейді. Балалар суретке қарайықшы?!

– Балалар, саршұнақ сияқты гүлді иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оңжәне сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, саршұнақ иіскеген гүл де қоңырауға ұқсайды, солай ма? Бірақ,ол гүл қоңыраугүл емес.

– Балалар, меніиен бірге қайталаймыз.

– Қоңыраулар "дин" дейді,

– Сыңғырлайды, "дин" дейді,

– Сыңғырлайды қоңырау,

– Дин-дин-дин дейді қоңырау. Тамаша, әрі қарай жалғастырамыз.

– Ахау, егигай,

– Ән сал бозторғай,

– Біз әніңді үйреніп,

– Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.

– Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!

– Аралар,

– Арамыз, біз арамыз,

– Әнге салып барамыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

– Қызыл, жасыл гүлдерден,

– Балды сорып аламыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу. Е. Елгезеков «Ертегілер әлемі» әні.

- Е. Елгезековтің «Ертегілер әлемі» әні , бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық

– Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

– Енді, балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, әнді еркін қимылдармен билер тұрып, айтамыз.

2.5. "Сиқырлы аспап" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: Балалардың музыкалық аспаптарының дыбысын ажыратуда балаларды жаттықтыру. Тембрлік есту қабілетін дамыту.

Сипаттамасы: Экран, балалар музыкалық аспаптары: сыбызғы, сылдырмақ,қасық, қоңырау, металлофон, шытырлауық, үшбұрыш, металлофон.

Ойын барысы:

1 нұсқа. Экранның артында жүргізуші кезекпен балалар музыкалық аспаптарында ойнайды.

Балалар аспапты дыбыспен болжайды. Тұсаукесерді нұқу арқылы музыкалықаспаптың тиісті суреті пайда болады.

2 нұсқа. Тұсаукесерді нұқу арқылы музыкалық аспаптың суреті пайда болады. Балалар ұсынылғандардан ұқсас құралды таңдайды, оны атайды және ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма?

Балалардың жауаптары.

– Балалар, біз қандай әнмен таныстық?«Ерден атайдың ертегісі»әнімен.

– Қандай ән айттық? «Ертегілер әлемі» әнін.

– Бүгін оқу әрекетінде бәрі ғажап, әдемі болды!

– Балалар, бүгін оқу әрекетіне бәрің жақсы қатыстыңдар.

– Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Желдің әнімен тербелейік

24.11.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру;әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамытып пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Желтоқсан", "сабырлы", "ырғақты", "Қысқы қоңыраулар үні", "сазды", "Аппаққыс" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын топтамасы, қоңыраулар аспабы, әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші қаршалар картотекасы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға Е.Тиличееваның"Марш" шығармасымен салтанатты адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жасаған адамдарына қарап:
– Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз. Жарайсыңдар.

Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, маған осындай хабар келді, ноталардың барлығы жан-жаққа тарапкетіпті, енді оларды бір жерге жинау үшін көмек керек болып жатыр, музыка залындағы барлық ноталарды жинап алу керек.

Ал мен қазір сендерге көңілді әуен қосамын, ал біз не істейміз?Балалар ноталарды жинап алады.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:

– Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасымен би элементтерін үйренуді әрі қарай жалғастырамыз.

М.Старокадомскийдің «Қысқы би» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңберадымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, солжаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасы бойынша музыка жетекшісі қарапайым вальс элементтерін енгізеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

– Ән тыңдау.

– Балалар, алдыңғы сабақта қандай ән тыңдадық?
Балалардың жауаптары.

– Олай болса, балалар, желтоқсан айы туралы әдемі шығарма бар, естіпкөрейікші?
П.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы.

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, шығарманы тағы да қайталап тыңдайықшы!

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатып, әнге қатысты ойқозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.

– Қандай сазгерлерді білеміз? Нұрғиса Тілендиев, Қуат Шілдебаев, Өтебай Байділдаев. Жарайсыңдар.

– Әннің сөзін кім жазады? Ақын. Жақсы.

– Әнді орындайтын адамды кім дейміз? Әнші. Керемет.

– Балалар, қандай ырғақты әндерді білеміз? "Әй-әй, бөпем", "Күз", "Бақшаға барамын". Тамаша, балалар. Педагог балаларға ән тыңдап болған соң, сұрақтарқояды:

– Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық? Желтоқсан туралы.

– «Желтоқсан» шығармасы қандай сипатта орындалды?

– Сабырлы сипатта орындалды.

– Шығарманы жазған кім? П.Чайковский.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.1. «Музыкалық моншақтар» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойын материалы: Түрлі – түсті картоннан жасалынған моншақтар.

Ойын барысы: Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағыұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.

2.2. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Біз көңілді балалармыз,

– Бір орында тұрмаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

– Біз сабырлы балалармыз,

– Біз апайды тыңдаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Жарайсыңдар, балалар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.

– Аспан ашық, дала кең,

– Кел, қоныңдар тырналар.

– Мен сендерге жем берем,

– Дос болайық, тырналар.

– Трау-трау-трау-трау!

– Тамаша.

2.3. Ән салу.

Б. Бейсенова «Аппақ қар» әні.

Педагог интербелсенді тақтадан бейнежазбаны көрсетеді.

– Алдымен балалар, әнді тыңдап алайық.

– Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.4. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:

– Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

– Балалар, қоңырауларды алайық, балалар! Енді балалар, музыка тыңдай отырып, қыс қызығын тамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қысмезгілінен көрініс көрсетеді.

– Қандай керемет, қыс көрінісі, қараңдаршы, балалар! Енді музыканы тыңдайотырып, менімен бірге қоңырауларда ұрамыз.

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
– Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.

– Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар.

– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.5. "Аққала" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: музыканың негізгі жанрлары туралы түсініктерін дамыту, ән,марш, би және бесік жырын ажырата білу.
Ойынның шарты: Аққала қимыл іс әрекетін музыканы жанрына байланысты неістеп жатқандығын айтады.
– Балалар, сендерді досым аққала досыммен таныстырғым келеді. Ол ән айтқанды, би билегенді, марш жасағанды ұнатады, ал шаршаған кезде ұйқтапдемалғанды ұнатады. Қанекей, балалар, аққала не істеп жатыр екен?

Педагог интербелсенді тақтадан көрсетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында музыка жетекшісі:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма сендерге?
Балалардың жауаптары.

– Балалар, бүгін қандай шығарма үйрендік?

– Балалар, біз бүгін оқу әрекетінде қандай ән тыңдадық және қандай ән айтудыүйрендік, кім айтады?

– Желтоқсан айы туралы ән тыңдап, аппақ туралы ән айтуды үйрендік.

– Бүгін сендер өте белсенді болдыңдар, балалар, рақмет!

– Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Отаным

29.11.2022
1.12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың бойында туған жеріне мақтаныш сезімін ән айтқызу арқылы қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуендегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратабілуге жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Алатау", "Алып тау", "Алты жасар Алпамыс", "Абылай хан даңғылы", "Гоголькөшесі", "Отаным" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойыны.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, қоңыраулар аспабы, қояндардың билеп жатқан суреті, қояндардың ұйықтап жатқан суреттері, әртүрлі реңктегі карточка жаймалары

2. Үлестірмелі материалдар

Әр балаға арналған қоңыраулар аспабы, әр балаға әртүрлі реңктегі карточкажаймалары

Д.Шостакович «Марш» шығармасы
А. Мельникова «Жаса, елім» (жұптасып) музыкалық-ырғақтық қимылдар

В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын қоңырауларда ойнау (папка)Нұрғиса Тілендиев «Алатау» әні (ән тыңдау)
К. Қуатбаев «Отаным» әні (ән айту)
«Қояндар» дидактикалық ойыны
«Ақырын қатты» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар залға Д.Шостаковичтің «Марш» шығармасы желісінде салтанатты адыммен кіріп, Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғанда орындарынан тұрып, тағзым жасап, оң қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранғақосылады

Әнұран аяқталғанда музыка жетекшісі:
- Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?

- Осы желтоқсан айында біздің еліміздің тәуелсіздік алған күні тойланады.

- Енді, балалар, еліміздің тәуелсіздігіне тағзым берейікші:

- Тәуелсіз елім (балалар қолдарын жоғары көтереді),

- Кең байтақ, жерің (балалар қолдарын жанына жібереді).

- Сәлем ал, менің (балалар қол білезіктерін айналдырады),

- Жасарған елім (балалар қолдарын жанына жібереді).

- Балалар, жарайсыңдар! Тамаша!

Музыка жетекшісі балалармен бірге тақпақ пен қимылдарды қайталайды.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аударып:
- Балалар, қазір А. Мельниковаңың «Жаса, елім» музыкасымен жаңа жұптасыпбилеудің элементтерін үйренеміз

(Аудиозапись песни А. Мельниковой "Да, здравствует страна").
А. Мельниковаңың «Жаса, елім» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңберадымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды
бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап,гүлдің бейнесін жасап, биді аяқтайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Ненің суретін көріп тұрсыңдар?

- Алатау тауын қай қаладан көруге болады?

- Алматы қаласында тұратын адамдар Алатау тауын жақсы біледі.

- Балалар, осындай әдемі тауға арналған ән бар, білесіңдер ме?

- Сазгер Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әні .

- Сазгер Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әні өткен ғасырдың 70-ші жылдары жарық көріп, халық арасына кең тарады. Өйткені, ырғақты әрі ойнақы ән тыңдаған жанның бірден жадында қалады. Ән 1977 жылы көрерменге ұсынылған «Алты жасар Алпамыс» фильмінде қолданылды. Сазгер бұл шығарманы Алматы қаласындағы Абылайхан мен Гоголь көшелерінің қиылысында тұрып жатқан кезінде жазған. «Сол үйдің балконынан алып Алатаудың ерекше көрінісін тамашалауға болатын еді», - деген сазгердің сөзі ел есінде болатын.

- Балалар, мына картинадан Алпамыс рөлінде ойнаған баланы көруге болады.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

- Алып тұлға байсалды,

- Манаураған Алатау.

- Қызыл-жасыл гүлдерің,

- Алаулаған Алатау.

- Манаураған Алатау,

- Алаулаған Алатау.

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет!

- Ән өте көңілді балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады және әнге қатысты ойқозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? "Алатау" туралы.

- Әуенін жазған сазгер кім? Нұрғиса Тілендиев.

- Ән қандай күнге арналған? Көңілді күнге.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Қояндар» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерінажырата білуге баулу.
Ойынның барысы: Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп

(қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қараймузыка жетекшісі балалардан сурет бойынша қояндардың не істеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- га-га,

- ду-ду,

- ко-ко,

- ля-ля. Жарайсыңдар.

- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.
  Лағым

- Шөре-шөре, лағым,

- Тентек болма, шырағым,

- Секектеме, деміңді ал,

- Селтеңдемей құлағың. Тамаша.

- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек

- Ағашта биік,

- Бір құсты көрдік.

- Сайрайды сол құс,

- Сайрайды талмай.

- Кө-кек, кө-кек,

- Аты оның содан,

- Атанған кө-кек.

- Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

К. Қуатбаев «Отаным» әні(әні: К.
Қуатбаевтікі).
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударады:

- Балалар, Отан дегеніміз не?

- Біздің туған жеріміз Отан деп атала ма?

- Олай болса, балалар, Отанға арналған "Отаным" деген ән бар, сол әнді үйреніпалайық?!

- К. Қуатбаевтің әні «Отаным», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә. Қоңырауларды алайық, балалар! Енді балалар, музыканы тыңдай отырып, еліміздегі мерекенітамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, еліміздің тәуелсіздікке арналған көріністерінен сурет көрсетеді

- Қандай керемет, отшашулар, қараңдаршы, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларда ұрамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры»шығармасы

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

- Балалар, біз бұл қоңырауларды еліміздің тәуелсіздік мерекесіне арнап ойнап жатырмыз, солай ма? Балалар бастарын изейді.

- Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен әндітыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Ақырын қатты» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балалардың тембрлік есту қабілеттерін дамыту. Ойынның барысы: балаларға бір түсті, бірақ әртүрлі реңктегі карточкажаймалары беріледі. Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа.
Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты және орташа орындайды.Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы таңбалауыштарымен карточкаларды жабады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, бүгін оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар. Балалар қуанып қалады.

- Қоңырау аспабында қалай керемет ойнадыңдар! Тамаша болды.

- Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық?

- Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін тыңдадық.

- Қандай ән айттық?

- К. Қуатбаевтің әні «Отаным» әнін айттық. Жарайсыңдар.

- Балалар, бүгінгі оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Оқу қызметі сендерге ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Көк тудың желбіреген
6.12.202

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларда ән арқылы туған жерге мақтаныш сезімін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуеннің ырғағын сын-сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Алатау", "Алып тау", "Алты жасар Алпамыс", "Абылай хан даңғылы", "Гоголькөшесі", "Отаным" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойыны.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Педагог алдын-ала балаларға жалаушаларды таратады.
Балалар залға Д.Шостаковичтің "Марш" ырғағымен, қолдарында жалаушаларыбар, адымдап кіреді, жарты шеңберге тұрады.
Педагог ҚР әнұранын қосады, балалар жүрек тұстарына қолдарын қояды.

– Балалар, біз қай елде тұрамыз?

– Біздің мемлекет қандай? Иә, тәуелсіз мемлекет.

Педагог өлеңді оқып береді, интербелсенді тақтадан көк тудың желбіреп тұрған бейнежазбаасын көрсетеді.

"Көк тудың желбірегені" Алмас Ахметбекұлы

– Көк тудың желбірегені
Қазақтың асқақ беделі.
Махаббат, қайрат екеулеп,
Шымырлатқаны денені. Көк
тудың желбірегені - Жаныма
қуат береді. Таласқа түссе
жан мен ту Жан емес,

Маған керегі-
Көк тудың желбірегені.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аударып:
– Балалар, қазір А. Мельниковаңың «Жаса, елім» музыкасымен жаңа жұптасыпбилеудің элементтерін үйренеміз.

А. Мельниковаңың «Жаса, елім» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап,гүлдің бейнесін жасап, биді аяқтайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:
– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

Нургиси Тлендиева «Алатау».
– Алып тұлға байсалды,

– Манаураған Алатау.

– Қызыл-жасыл гүлдерің,

– Алаулаған Алатау.

– Манаураған Алатау,

– Алаулаған Алатау.

– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет!

– Ән өте көңілді балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады және әнге қатысты ойқозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

– Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? "Алатау" туралы.

– Әуенін жазған сазгер кім? Нұрғиса Тілендиев.

– Ән қандай күнге арналған? Көңілді күнге.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Ұрмалы аспаптар" музыкалық-дидакткалық ойын.

Ойынның мақсаты: ұрмалы аспаптар түрлерін таныстырады, естеріне түсіреді.Дыбыстарын есте сақтайды.

Ойынның шарты: Педагог алдымен ұрмалы аспаптардың түрімен таныстырады.Бір бала ортаға шығады, педагог әуенді қосады, бала тыңдап қай аспаптың дыбысы екен анықтап, үстелдегі суретті таңдап тақтаға жабыстырады.

Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– га-га,

– ду-ду,

– ко-ко,

– ля-ля. Жарайсыңдар.

– Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

– Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым

– Шөре-шөре, лағым,

– Тентек болма, шырағым,

– Секектеме, деміңді ал,

– Селтеңдемей құлағың. Тамаша.

– Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

– Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек

– Ағашта биік,

– Бір құсты көрдік.

– Сайрайды сол құс,

– Сайрайды талмай.

– Кө-кек, кө-кек,

– Аты оның содан,

– Атанған кө-кек.

– Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.3. Ән салу. К. Қуатбаев «Отаным» әні.

– К. Қуатбаевтің әні «Отаным», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.4. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп:

– Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә. Қоңыраулардыалайық, балалар! Енді балалар, музыканы тыңдай отырып, еліміздегі мерекенітамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, еліміздің тәуелсіздікке арналған көріністерінен сурет көрсетеді

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде

қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

– Балалар, біз бұл қоңырауларды еліміздің тәуелсіздік мерекесіне арнап ойнапжатырмыз, солай ма? Балалар бастарын изейді.

– Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.

– Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар.

– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен әндітыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.5. "Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны

– Балалар, тақтаға қарайықшы, тақтада әртүрлі үйлердің суреттері бар

Қазір әуен ойналған кезде сол әуеннің сипатына қарай тақтадағы қай үйдің көңіл-күйіне сәйкес келетінін айтып беріңдер, келістік пе? Жарайды. Музыка жетекшісі тақтадан балаларға әуендердің ойналуын көрсетеді. Ж. Қалжановаңың «Елімізді сүйеміз» (марш), А. Еспенбетованың «Күзге сәлем!»(вальс), халық әні «Әлди»(бесік жыры) әндері орындалады. Балалар ойын шартыбойынша әртүрлі әуендердің сиптына қарай тақтадағы үйлердің көңіл-күйін табады. Балалардың жауаптары дұрыс болса, көңілді әуен ойналады, ал жауаптары дұрыс болмаса, ренжу әуені орындалады.

– Балалар, әуендерді асықпай тыңдайық, сипатын ажыратайық.Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында балаларды мақтайды және қорытындылайды.

– Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық?

– Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін тыңдадық.

– Қандай ән айттық?

– К. Қуатбаевтің әні «Отаным» әнін айттық. Жарайсыңдар.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Оқу қызметі сендерге ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Жаңа жыл келді

8/12.2022

13.12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындауды, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуені мен ырғағына сай орындау қабілеттерін жетілдіру; музыка ырғағын, сипатын сезіне білуге ынталандыру,түйсігін дамыту.

Сөздік жұмыс

"Құт-береке", "Суық", "Ай жарқырап тұр", "Қаһарлы қыс", "Жаңа жыл" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойын, сылдырауық аспабы, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер, әуендер.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар залға кіре бергенде музыка жетекшісі Н. Надененконың «Адымдау жәнежүгіру» шығармасын ойнайды. Балалар залды айнала жүріп, салтанатты адымдайды және музыканың жеңіл де жылдам ойналған сипатына сай жүгіреді. Музыка жетекшісі:
– Балалар, музыканы тыңдаймыз, денемізді тік ұстаймыз, тіземізді жоғары

көтереміз, жеңіл жүгіреміз. Міне, жарайсыңдар!
Балалар музыка аяқталғанда залдың ортасына келіп тұрады.
– Балалар алдында сендердің дайындықтарынды Аяз ата естіп, жолға шығыпты.Педагог боранның әуенің қосады.

– Балалар, қараңдаршы, бізге кім келген?

– Иә, Ақшақар.

– Ақшақар боран кезінде Аяз атадан адасып қалыпты.

– Балалар, ендеше Ақшақарға Аяз атаға қалй дайындалғанымызды көрсетейік.

– Дайынсыңдар ма?
Балалардың жауаптары.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында:
– Балалар, Жаңа жыл жақындап қалды, сондықтан қазір А. Бестібаевтің «Вальс» музыкасымен жұптасып билеудің басқа да элементтерін үйренеміз

А. Бестібаевтің «Вальс» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен

жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңілсекіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларынжасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап, гүлдің бейнесінжасап, биді аяқтайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.
– Балалар, әуен қандай?

– Иә, сезімге толы, нәзік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:
– Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қыс туралы қандай ән тыңдадық?

– Қыс туралы әуенді.

– Қыс шығармасының авторы кім?

– А. Вивальди.

м Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз. Антонио Вивальдидің «Қыс» шығармасы.
– Балалар, шығарма қалай аталады? Қыс.

м "Қыс" шығармасының авторы кім? Антонио Вивальди.
– Балалар, қайталайықшы, италиялық композитор Антонио Вивальди. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, тақтадағы суретке қарай отырып, шығарманы тыңдаймыз.Балалар тақтадағы суретке қарай отырып, Антонио Вивальдидің «Қыс» шығармасын ықылас қоя тыңдады. Музыка жетекшісі арасында музыканыңсипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

- Кәне, балалар, кім айтады, шығарма қалай аталады? Қыс. Тамаша.
– Шығарма авторы кім? Антонио Вивальди. Жарайсыңдар, балалар.

2.2. "Шырша ойыншықтары" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: аспаптарды және аспаптардың әуенің еске сақтауға үйрету.
Ойынның шарты: Педагог шыршаның ойыншықтарын алдын-алы іліп қояды, әр ойыншықтың артында музыкалық аспаптар болады. Сол музыка аспабының атауын естеріне түсіру керек. Тапқаннан кейін, балаларға әр аспаптың әуенің қосады, қай әуен қай аспапқа сәйкес екенің айтады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі ән салар алдында балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

Педагог балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра,қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.

– Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар қуанып қалады.

–Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.

–Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

– Бастаймыз, балалар.

– Домбыраны қолға алып,

– Ән айтамыз толғанып.

– Дан-диги-дан.

– Қобыз аспап киелі,

– Оны бәрі сүйеді.

– Пара-ри,пара-ри.

– Сыбызғыны үрлейміз,

– Жалқаулықты білмейміз.

– Ду-ду-ду.

– Трам-та соқса барабан,

– Қызыға жұрт қараған.

– Трам-та-та.

– Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу.

Б. Бейсенова «Келді, міне, Жаңа жыл!» әні.Музыка жетекшісі:

– Балалар, музыка залымыз қандай әдемі. Қандай мереке келе жатыр?

– Иә, жарайсыңдар, жаңа жыл мерекесі.

–Балалар, жаңа жыл мерекесін үлкен дайындықпен күтеміз, иә?
Балалардың жауаптары.

– Ал біз әндерді тыңдап және үйреніпте алдық. Олай болса бәріміз біз қандай ән дайындадық, кім айтады, әнің атауы қалай?

– "Келді, міне жаңа жыл" әні.

– Балалар, бұл әннің авторы кім?

– Иә, дұрыс, Бота Бейсенова.

– Б. Бейсенованың әні «Келді, міне, Жаңа жыл! », бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Балалар оқу қызметінде отырғанда «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніестіледі.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр! Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп сылдырауықтарды алып кіреді:

– Балалар, қараңдаршы, бізге көп сылдырауықтар алып келіпті. Сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді балалар, жаңа ән тыңдай отырып, сылдырауық аспабында ойнайық! Орыс халық әуені «Ай жарқырап тұр» деп аталады. Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» орыс халықәуенін балаларға тыңдатады.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

– Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

– Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен әнді тыңдайотырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. "Шуыл мен әуен" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: балаларда шу мен музыкалық дыбыстарды ажырата білуқабілетін дамыту.

Ойынның шарты: шу мен музыкалық дыбысытар қосылады, балалар дыбыстарды ажыратып атайды.

Балалар шулы дыбыс екенің анықтаса аяқтарымен топылдатады, ал егер әуенекенің анықтаса онда шапалақтайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:
– Балалар, бүгін Ақшақар сендерге риза болды, Аяз атаны тез-тез тауып сендерге жақсы көңіл-күй мен сыйлықтар сыйлауға асығыс болып кетті.

– Кім маған айтады, қандай ән тыңдап, қандай әнді үйрендік?

– «Қыс» шығармасын тыңдадық және «Келді, міне, Жаңа жыл!» әнін айтуды үйрендік.

– Балалар, ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Аяз ата

15/12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың Аяз ата туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесеән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілеті мен би элементтерін орындауда ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.

Сөздік жұмыс

"Аяз ата", "көптен күткен", "сағынып жеткен", "Аяз ата сыйлығы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы,теңіздің әртүрлі толқыны бейнеленген карточкалар, үлкен және кіші шыршалар картотекасы, «Әнші құстар» макеті

2. Үлестірмелі материалдар

әр балаға теңіздің әртүрлі толқыны бейнеленген карточкаларИ.
Гуммель «Жүгіру» шығармасы
«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар
«Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенін сылдырауықтарда ойнау
П.И.Чайковский «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдау (ән тыңдау)
С. Мұхамеджанов «Аяз ата» әні (ән айту)
«Теңіз» дидактикалық ойыны
«Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Жаңа жылдық ертегі ".

Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға И. Гуммельдің «Жүгіру» шығармасымен жеңіл жүгіріп кіреді. Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жүгірген қимылдарына қарап:

- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз, жеңіл, әдемі,ырғақты жүгіреміз.

- Балалар, қар қалай әдемі ұшады, солай әдемі қалықтап жүгіреміз. Жарайсыңдар. Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдардыменімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, екі қолымызды жоғары көтеріп, әдемі айқастырып, аяқтың ұшыменқалықтап, ақырын оң жаққа айналамыз. Жарайсыңдар. Енді осы қимылдарды аяқтың ұшымен қалықтап, ақырын сол жаққа айналамыз. Тамаша.

- Орнымызда тұрып, музыка әуенімен қолымызды шынтағымызбен бүгіп, бірге қозғаймыз және қол білезіктерін айналдырамыз, тамаша.

- Енді орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағымызбен бірге қозғаймыз, жарайсыңдар.

- Орнымыздан оң жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз,

- Енді орнымыздан сол жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз.

- Ақырын аяқтың ұшымен, екі тіземізді кезек көтеріп, қолымызды бүгіп, тіземіздіңүстіне қойып, орнымызда тұрып айналамыз. Жарайсыңдар.

Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.

- Балалар, тамаша болды, рақмет.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін біз «Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар жасап, жұптасып билеудің басқа да элементтерін үйренеміз

«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасы бойынша музыка жетекшісі балаларды екеуден жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып,вальс адымдарын жасайды да шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл, қалықтап жүгіреді. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары

көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Соңында әрқайсысы жеке-жеке өз алдарына тұрған орындарында айналып, аяқтың ұшымен жеңіл адымдар жасап, жұппен бірігіп, шеңбер айналып, қайтадан қол ұстасып, жеңіл жүгіріп барып, тоқтап, бір-біріне қарама-қарсы қарап, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар?

- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді сурет көріп отырсыңдар. Музыка жетекшісі балетке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

- Балет дегеніміз не, балалар?

- Қимылмен берілетін би жанры, солай ма?

- Балалар, П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне барып көрдіңдер ме?

- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне арналған керемет шығарма бар, сол шығарманы тыңдап көрейікші?! -

Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзіндішығарма

- Балалар, шығарма қалай аталады? «Щелкунщик».

- "Щелкунщик" шығармасының авторы кім? П.И.Чайковский.

- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканыңсипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

2.2. «Теңіз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыканы есту, тыңдау, көру қабілеттеріндамыту.
Ойынның барысы: балаларға үнтаспадан теңіздің дыбысы қосылған әуенді естірту. Әуенді тыңдап болған соң балалар әуеннің мінез -құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. Музыка жетекшісі композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әртүрлі көңіл-күйіне балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын, бірде қатты, бірде жәй естіледі. Содан соң музыка жетекшісі балаларды картинкада көрсетілген теңіздің әр түрлі толқынымен таныстырады.Музыка жетекшісі балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әртүрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:
- Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік? Балалар орындықтың шетіне отырады.

- Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға

бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).

- Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа

кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:
- Уууааааоо.

- Уууууууууу,

Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:
- Га-га-га,

- Ду-ду-ду,

- Ко-ко-ко,

- Ля-ля-ля.

- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

С. Мұхамеджановтың «Аяз ата» әні
(әні: С. Мұхамеджановтікі).
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, жақында қандай мейрам болады?

- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар? Аяз Атаны. Дұрыс.

Музыка жетекшісі Аяз Атаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Аяз Ата кім, балалар? Сыйлық алып келетін Ата. Дұрыс.

- Балалар, жылда Жаңа жылда Аяз Атадан сыйлық күтесіңдер ме? Иә.

- Балалар, Жаңа жылда Аяз Атадан басқа кімнен сыйлық күтесіңдер?

- Балалар, Аяз Ата туралы керемет шығарма бар, сол шығарманы айтып, үйренейікші?!

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- С. Мұхамеджановтың «Аяз ата» әні

(Аудиозапись произведения С. Мухамеджанова «Дед Мороз»).
- Балалар, шығарма қалай аталады? «Аяз ата».

- "Аяз ата" шығармасының авторы кім? С. Мұхамеджанов.

- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканыңсипатына

көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші шыршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әншіқұстар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, кеше біз көп сылдырауықтар аспабында ойнадық!

- Қандай әуенге сылдырауықтар аспабында ойнадық?

- «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніне. Жарайсыңдар.

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенінбалаларға тағы да тыңдатады
Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

- Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

- Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

- Тамаша, балалар, бүгін кешегіден жақсы ойнадыңдар! Педагог балаларменәнді тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатады.

2.6. «Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын (тембрді айыруүшін арналған ойын)

Ойынның мақсаты: балаларды дауыс тембрін ажырата білуг үйрету.
Ойынның барысы: балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақтағы балаларға сыртын беріп отырған бала ән салған баланың дауысын тануы керек.Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.
- Көп бала бар бөлмеде,

- Бірі ғана ән салады.

- Ал сырттағы
- Кім екен деп тамсанады
- Бір бала былай деп әндетеді.
- Мен бақытты бөбекпін,
- Таудай биік талабым,
- Ән мен күйге зерекпін,
- Бірден қағып аламын.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі көтеріңкі көңіл-күймен:

- Балалар, біз қандай көңілді шығарма тыңдадық?
- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді шығарма тыңдадық.
- Бүгінгі оқу әрекетінде айтқан әніміз не туралы болды? Аяз ата туралы болды.
- Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар, ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: «Щелкунчик» балеті

20.12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сыр-сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру; музыка ырғағын, сипатын сезіне білуге ынталандыру, түйсігін дамыту.

Сөздік жұмыс

"Аяз ата", "көптен күткен", "сағынып жеткен", "Аяз ата сыйлығы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын, әуендер, музыкалық аппаратура,

тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға кіреді. И. Гуммелдің "Жүгіру" шығармасын жеңіл жүгіріп кіреді.

Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жүгірген қимылдарына қарап:

- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз, жеңіл, әдемі,ырғақты жүгіреміз.

- Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдардыменімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін біз «Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар жасап, жұптасып билеудің басқа да элементтерін үйренеміз.

«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасы бойынша музыка жетекшісі балаларды екеуден жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып,вальс адымдарын жасайды да шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл, қалықтап жүгіреді. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Соңында әрқайсысы жеке-жеке өз алдарына тұрған орындарында айналып, аяқтың ұшымен жеңіл адымдар жасап, жұппен бірігіп, шеңбер айналып, қайтадан қол ұстасып, жеңіл жүгіріп барып, тоқтап, бір-біріне қарама-қарсы қарап, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?

- "Щелкунщик" шығармасын.

- Авторы кім?

- П.И.Чайковский.

- Балалар, П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне барып көрдіңдер ме?

- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне арналған керемет шығарма бар, сол шығарманы тыңдап көрейікші?!

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Балалар, шығарма қалай аталады? «Щелкунщик».

- "Щелкунщик" шығармасының авторы кім? П.И.Чайковский.

- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканыңсипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

2.2. "Үйшікте не істеп жатыр?" музыкалық - дидактикалық ойыны. *Ойынның мақсаты:* Ойын балаларда музыканың негізгі жанрлары (ән, би, марш,бесік жыры) туралы идеяны дамытады. Қарапайым музыкалық-аналитикалық ойлауды - әр түрлі сипаттағы музыканы тыңдау және салыстыру қабілетін дамытады.

Ойынның шарты: Үйдің ішінде орман тұғындарын әуенге байланысты қандайқимыл іс-әрекет жасап жатқандары туралы табу керек.

- Балалар, орманда бір әдемі үйшік бар екен, (осы кезде интерактивті тақтаданбалаларға көрсете бастайды) бірақ күнде неше түрлі әуендер сыртқа естіледі екен, барлық басқа орман тұрғындары таңданып, кім біледі "Үйшікте аңдар не істеп жатыр?" деп бір-бірінен сұрайды екен.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:

- Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік? Балалар орындықтың шетіне отырады.

- Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).

- Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқакедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:

- Ууууаааооо.

- Уууууууууу,

Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:

- Га-га-га,

- Ду-ду-ду,

- Ко-ко-ко,

- Ля-ля-ля.

- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу. С. Мұхамеджановтың «Аяз ата» әні.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай ән үйрендік?

- Аяз ата әнің.

- Аяз атаның авторы кім?

- С. Мұхамеджанов.

- Балалар, шығарма қалай аталады? «Аяз ата».

- "Аяз ата" шығармасының авторы кім? С. Мұхамеджанов.

- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканыңсипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші шыршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әншіқұстар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, кеше біз көп сылдырауықтар аспабында ойнадық!

- Қандай әуенге сылдырауықтар аспабында ойнадық?

- «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніне. Жарайсыңдар.

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенінбалаларға тағы да тыңдатады.
Педагог

- Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

- Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

- Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

- Тамаша, балалар, бүгін кешегіден жақсы ойнадыңдар! Педагог балалармен әнді тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатады.

2.6. "Көңілді ноталар" дидактикалық ойыны.

Ойынның шарты: нотаны түстермен құрастыру арқылы кемпірқосақ бейнесін шығару.

- Балалар, тақтадағы суреттен ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? Кемпірқосақтың.Дұрыс.

- Кемпірқосақта неше түс бар? Жеті түс бар. Жақсы.

- Балалар, біздің музыка әлемінде де 5 қара сызықтың бойындағы скрипкакілтінде 7 нотаның түсі осы түстермен белгіленеді.

- 1 - нота қызыл түс

- 2 - нота қызғылт сары түс

- 3 - нота сары түс

- 4 - нота жасыл түс

- 5 - көгілдір түс

- 6 - көк түс

- 7 - күлгін түс

- Балалар, осы ноталар өздеріне сәйкес дыбысталады. Бұлттарда ноталар шашылып жатыр, оларды ретімен апарып орналастырайықшы?! Балалар дақызығып қалады.

- Бәріміз шеңбер құрып отырамыз, берілген түстерді ретімен қоямыз. Әр балағажеті нота салынған каптамалар беріледі, балалар ноталарды өз түсінгендері бойынша және түсінбеген жағдайда жетекшінің айтуымен орналастырады.

Соңғы нота қойылған соң орындарынан тұрады.

- Балалар, қараңдаршы, біздің құрастырған түстерден ненің бейнесін көріптұрмыз? Кемпірқосақтың. Тамаша.

- Балалар, нота орналастырылған кемпірқосақ қалай көңілді билеп тұр, қараңдаршы?

- Балалар, бәріміз орындарымыздан тұрып, көңілді кемпірқосақпен бірге қимылдар жасайық. Балалар да педагогпен бірге әуенге сай қимылдар жасайды.

- Жарайсыңдар, балалар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, біз қандай көңілді шығарма тыңдадық?

- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді шығарма тыңдадық.

- Бүгінгі оқу әрекетінде айтқан әніміз не туралы болды? Аяз ата туралы болды.

- Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар, ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Аппақ әлем

22.12.2022

Мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.

Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейнеңіmазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстардыажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысынажырату. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріпжүгіруді орындау. Би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.

Түсінеді: бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу.

Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Қ. Шілдебаевтың суреті, интерактивті тақтаданқыс көріністерін бейнелейтін суреттер, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: қар – снег – snow.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды музыка залында көңілді музыка әуенімен қарсы алу.

Айналамда ұшып жүр,Ақ мамық
қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бірАқ
қанатты көбелек.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені(өңдеген Т. Ломова).

Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.

Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев).

Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру.
«Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.

- Балалар қыс көріністерінің бейнелейтін суреттерге көз салыңдаршы,қандай құбылысты байқадыңдар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс сендерге несімен ұнайды?

Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов).

Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, денені тік ұстап,ережені еске түсіру. Әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару.
Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.
«Қыс келді» әнін (Б. Жұмабекова) сөздерін анық айтуға, ән ырғағыменорындауға баулу.

Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев).

Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді.

Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады.
Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады.Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.
Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке»соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.

Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі оқу қызметінде жылдың қай мезгілін әңгімеледік?
Қандай әуенге қимылдар жасадық? Балаларды мадақтау.

Музыка: Қыс әлемі
27.12.2022

Оқу қызметінің мақсаты
балаларға аппақ қыс әлемі туралы әннің сыр-сипатын түсіндіру, ән айтуға ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырату дағдысын дамыту; музыкадағы ырғақты сезінуді, музыкалық аспапта ойнау қабілетінжетілдіру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс
"Қыс қызығы", "Аяз ата", "Ақшақар", "қаңтар", "сыйлықтар", "аппақ әлем" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, керібайланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-аппаратура, аспаптар бейнеленгенкартотекалар, музыкалық-дидактикалық ойындар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жылқы адымы" жаттығуын жасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:

Амансыңба, алтын күн,
Амансың ба, көк аспан
Амансың ба, достарым
Сендерді көрсем қуанам.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
- Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.

«Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбергетұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойыменжүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді.
Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады.
Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.
Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс

халық әуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату","аяқты қайшылау".

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударады:
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды.
- Балалар, шығарма ақырындап басталып, орта шамасына келгенде үдей бастайды, бұл музыка сипаты да қаңтар айының суып бара жатқанын аңғартады.

- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет!

- Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға туралытүсінік береді:
- Балалар, бұл шығарма орыстың композиторы - П.Чайковскийдің шығармасы. Ол классик сазгер, яғни, композитор болып табылады. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар!

- Классик композитор дегеніміз - музыкалық шығармаларымен бүкіл әлемгетанылған композитор. Қайталайықшы, балалар. Жақсы.

Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:
- Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық? Қаңтар айы туралы.

- Әуенін жазған сазгер кім? П.Чайковский.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.

Ойынның шарты:
1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма танысболса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды.

2. Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл-күйін ажыратып әуенге сай гүлдіалып шығады.

Ойын құралдары: картоннан жасалған үш гүл (гүлдің ортасында көңілді, көңілсізжәне ұйықтап жатқан «тұлғаның» суреті салынған), (гүлдердің орнына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады), бұл суреттер әуеннің үш көңіл-күйін көрсетеді, жәй әуен, көңілсіз әуен, көңілді әуен жазбалары.
Үш гүлдің көңіл-күйлерін бейнелейтін картиналар.

- көңілді гүл.

- көңілсіз гүл.

- ұйқыдағы гүл

Үлестірмелі жабдықтар: Әр балаға әуеннің көңіл-күйін білдіретін бір гүлденберіледі.
Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қазір біз "Үш гүл" ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша алдарыңда жатқан гүлді ойналатын әуеннің сипатына сай көрсетесіңдер. Егер,әннің аталауы мен әнді шығарған сазгерді білсеңдер, орындарыңнан тұрып айтуға болады. Педагог музыка жетекшісімен біріге отырып, балалардың назарына бес-алты әннің вариантын тыңдауға ұсынады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.
- Балалар, алдымен ақырын "ауууу" дейміз. Кәне бәріміз, ақырын "ауууу" дейміз.Балалар қайталайды.
- Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да"ауууу"

дейміз. Балалар қайталайды.

- Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ

"ауууу" дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде "ауууу" деген жаңғырық естіледі.
- Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар таңырқапқалады.

- Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.

- Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

- Бастаймыз, балалар.

- Домбыраны қолға алып,

- Ән айтамыз толғанып.

- Дан-диги-дан.

- Қобыз аспап киелі,

- Оны бәрі сүйеді.

- Пара-ри,пара-ри.

- Сыбызғыны үрлейміз,

- Жалқаулықты білмейміз.

- Ду-ду-ду.

- Трам-та соқса барабан,

- Қызыға жұрт қараған.

- Трам-та-та.

- Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Ә. Бейсеуов «Аппақ әлем» әні.

- Ә. Бейсеуовтің әні «Аппақ әлем», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

- Ақ мамық гүлдей себелеп,

- Әлемді тұтас қар басты.

- Ұшқандай мың-мың көбелек,

- Бір шеті жермен жалғасты.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

- Үйректің дауысы қандай? Жуан.

- Балапанның дауысы ше? Жіңішке.

- Музыканың сипаты қандай? Жуан.

- Балапан қалай дыбыстайды? (балапанның дауысын салу)

- Балалар, жарайсыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар бүгін оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық?

- С.Майкапардың әні «Вальс» әнін.

- Сендер қандай ән айтуды үйрендіңдер?

- Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әнін.

- Балалар, бүгін қандай аспаптарда ойнадық?

- Сылдырауықтар аспабында.

- Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Сауысқан
Құстартармен бірг жырлайық
19.01.2023
24.01.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру;әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру;жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу.

Сөздік жұмыс

"Қараторғай", "Ұштың зорға-ай", "Қанат қағып", "Маржан тағып", "Сәулем едің", "Сауысқан" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, сылдырауықтар, үлкен (бүркіт, қарға, сауысқан, тырна, үйрек) және кішкентай (торғай, қарлығаш, сарнауық құс, сары шымшық, суықторғай) құстардың суреті, әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қарғалар мен кішкентай торғайлар картотекасы, «Әнші торғайлар» макеті, түлкі мен қаздың бет пердесі.

2. Үлестірмелі материалдар

әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қарғалар мен кішкентай торғайларкартотекалар
Р. Глиэр «Байсалды қолдар» әуені "Ламбада"
музыкалық-ырғақтық қимылыАқан сері
«Қараторғай» әні (ән тыңдау)
«Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнауР.
Байқоңыров «Сауысқан» әні (ән айту)
"Құстың дауысын тап" дидактикалық ойыны
"Түлкі мен қаздар" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Құстар әні"

Оқу қызметі басталысымен балалар залға өздеріне таныс әуен Р. Глиэрдің «Байсалды қолдар» әуені шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісініңкөрсетуімен "байсалды қолдар" жаттығуын жасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, мойнымызды тік, денемізді түзу ұстаймыз, жүріп келе жатып, қолдарымызбен ырғақты қимылдар жасаймыз. Жарайсыңдар. Балалар қол қимылдарына байланысты жаттығуларды жасай жүріп, жай адыммен залдың ортасындағы кілемнің үстіне келіп тұрады.

Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы!Міне, тамаша!
-Балалар, құстар қанаттарын қалай қағады, көрсетейікші?! Балалар қолдарыменқанат қаққандай қимылдар жасайды.
- Сендер құстардың әнін тыңдап көрдіңдер ме?

- Олай болса, алдымен торғайдың әнін тыңдап көрейікші!

- Алдымен бәріміз осы шеңберді сақтаған күйімізде кілем үстіне отырамыз. Балалар шеңбер жасап отырады. Педагог интербелсенді тақтадан құстардыңәнін тыңдатады

- Балалар, бәрің көздеріңді жұмып, өздеріңді орманда құстардың ортасында

жүргендей сезініңдер.

- Қандай керемет! Құстар қалай тамаша ән салады! Көзімізді ашпаймыз. Ақырынорманнан шығып, залға кіреміз. Балалар көздерін ашады.

- Балалар, құстар қалай керемет айтады әнді? Өздері кішкентай болса да нәзікүнімен шырқап жатыр.

- Ұнады ма, құстардың әні, балалар? Иә.

- Балалар, орнымыздан тұрып, шеңбер құрамыз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балаларға алдыңғы оқу қызметі туралы естеріне салып:

- Балалар, біз бүгін "Ламбада" би қимылдарын үйренуді әрі қарай жалғастырамыз, бәріміз шеңберге тұрайық, енді маған қараймыз. Менімен біргеқимылдарды қайталап, жаттығып аламыз. Содан кейін музыка әуенімен жүріп, билейміз. "Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимыл бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді

Балалар шеңберде жүріп келе жатып, қолдарын белдеріне қойып, денесімен ирелеңдеп, ырғақты қимыл жасап жүреді. Музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша "Бірігеміз" дегенде жүріп келе жатып, шеңберде бір-бірінің белдеріненұстап жүріп, билейді. "Ажыра" дегенде балалар шеңберде өздері жеке ирелеңдеу қимылдарын жасап жүреді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, қимылдарды көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, ирелеңдейді. Балалар шеңберде ирелеңдеп жүргенде адымдары жерге сүйретілмей, қимыл жеңіл орындалады. Бүгінгі оқу қызметінде музыка жетекшісі бидің көш жетекшісіне пысық баланы тағайындайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:алалар, ненің суреті?

- Қандай құстың суреті?

- Қара торғай екен.

- Балалар, қара торғай қыста бола ма?

- Мына суреттерге қарайықшы?!

- Әр құстың өзіне тән өмір сүру ерекшелігі бар.

- Балалар, біз құстар туралы әнді білеміз.

- Балалар, ертеде шыққан бір ән бар, сол әнді тыңдап көрейікші!

- Ән тыңдайтын кезде қалай отырушы едік? Жақсы.

- Ақан серінің әні «Қара торғай» деп аталады.

- Балалар, тақтаға назар аударайық.

- Ақан серінің суреті. Ақан сері - ақын, әнші, композитор.

- Балалар, әннің шығу тарихын тыңдайық.

- Ақанның Әлібек батырдан алған Қараторғай атты бүркіті

берірек келген соң қартайып, қанаты бүтін болғанымен құйрығының қауырсынытүсіп, азайып, жерге жақындап келгенде біраз уақыт қона алмай жүретін болды. Өйткені, халық аузында «Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады» деудің белгілі мәні бар мәтел болса керек. Қараторғай шырылдап, айналғанда қонуғақорқады екен. Шаршап барып жерге жақындап, құйрығымен ешнәрсе істей алмай құлайды. Міне, осы аянышты суретті көрген Ақан құсына арнап ән шығарады.

- Балалар, ән қара торғай құсына емес, Ақан серінің "Қара торғай" деп аталатынбүркітіне арналған екен.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

- Келеді қараторғай қанат қағып,

- Астына қанатының маржан тағып.

- Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,

- Айрылдым қапылыста сенен нағып.

- Қараторғай,

- Ұштың зорға-ай.

- Бейшара, шырылдайсың,

- Жерге қонбай.

Музыка жетекшісі балаларға әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларғасұрақтар қояды:

- Балалар, әнде не туралы айтылады?

- Балалар, ән қандай қарқында орындалады?

- Балалар, әнде құсқа деген аяныш бар, солай ма?

- Енді, балалар, «Қара торғай» әнін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасынтүсіндіреді.

- Балалар, әнді жазған сазгер кім? Ақан сері.

- Керемет, балалар!

2.2. "Құстың дауысын тап" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстардыажырату және есту қабілетін қалыптастыру.
Ойынның көрнекілігі: үлкен (бүркіт, қарға, сауысқан, тырна, үйрек) және кішкентай (торғай, қарлығаш, сарнауық құс, сары шымшық, суық торғай)құстардың суреті.
Ойынның шарты: құстардың суреттері балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку депқұстар сияқты әндетеміз.Үлкен құстар - жуан дауыспен әндетеді, кішкентай құстар - жіңішке дауыспен әндетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- Ооо,ооо, ооо,

- Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.

- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.

- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми"(екі рет қайталанады). Жақсы.

- Досымызға айтамыз,

- Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.

- Досым менің ол, ол,

- Дейді маған "соль", қайталаймыз.

- Біз бәріміз әндетіп,

- Ән саламыз "ля-ля-ля".

- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

Р. Байқоңыров «Сауысқан» әні(әні: Р.
Байқоңыровтікі).
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мына суретке қарайықшы, нені көріп тұрсыңдар?

- Сауысқан екен.

- Балалар, қыста құстарға қатты суықта оңай болмайды.

- Сондықтан балалар, қыста құстарға қамқор бола білуіміз керек, солай ма?

- Балалар, сауысқан туралы ""Сауысқан"" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!

- Р. Байқоңыровтың әні «Сауысқан», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қарғалар мен кішкентай торғайларға қарап, әннің ырғағын дәлсақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлардың» өздері де келді. Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балалармен біргеәнді қайталап, ән салуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Калинка.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. "Түлкі мен қаздар" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: кейіпкер рөліне еніп, музыкалық дыбыстарды мәнерлеуқұралдарын жетілдіру.

Ойынның көрнекілігі: түлкі мен қаздың бет пердесі.
Ойынның шарты: түлкінің бет пердесін киген бала әндете, музыка әуеніне сайбилей қазға келеді.
Қаз бейнесіне енген бала әндете жауап береді. Түлкі қазды қуады. Ұсталған қазәнмен, тақпақпен айыбын өтейді.
Түлкі:
- Қаңқ,,қаңқ, қалың қаз,

- Ұстап жеймін қарным аш!
Қаздар:

- Қой, қой түлкі, сұм түлкі,

- Балапандар әлі жас!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі тақтадан қыстайтын құстардың бейнесі көрсетеді:

- Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қыстайтын құстарға арналды.

- Балалар, бүгін оқу қызметі қалай өтті деп ойлайсыңдар? Өте жақсы.

- Қандай ән тыңдадық? Қара торғай туралы әнді.

- Қандай ән айтуды үйрендік? Сауысқан туралы.

- Балалар, бүгін оқу қызметіне жақсы қатысып, белсендлілік көрсеттіңдер. Менде сендерге сондай риза болдым. Қазір оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Комбайншы

02.02.2023
07.02.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін дамыту; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Комбайыншы", "комбайн", "кәсіп", "мамандық","қызмет", "егістік" сөздерінпайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, суреттер көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура.
2. Үлестірмелі материалдар

Әр балаға арналған балға.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар оқу қызметінің басында залға В.Тюльковтың «Марш» шығармасы («Марш» В.Тюльканова) әуенімен адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардыңкөңіл-күйін көтеру үшін:

- Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды түзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз. Балалар зал бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды. Музыка жетекшісі Г. Абдрахмановаңың

«Сәлемдесу жаттығуы» әуенін ойнайды.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғандаменімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз.

Н.Шахинаның «Қандай ырғақ?» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркінұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-тік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады.
Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңыздыекендігін ескертеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау.

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтаға назар аударайықшы?!

- Балалар, мына суреттен кімді көріп тұрсыңдар?

- Балалар, суретте адамдар не істеп тұр?

- Келін түсіріп жатыр, солай ма?

- Балалар, жаңа түскен келінді қазақта қалай атайды?

- Жаңа түскен келінді қазақта келіншек деп атайды.

- Балалар, келіншек туралы күй тыңдайық.

- Күйдің авторы халық, яғни, халық арасынан шыққан күй.

- Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған.

- «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс-тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.

- Сол күйді тыңдап көрейікші, балалар!

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Балалар, күй қалай аталады?

Музыка жетекшісі балаларға күйді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Балалар, халық күйі дегенді қалай түсінесіңдер?

- Біз тыңдаған күй қалай аталады?

- Жарайсыңдар.

2.2. "Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету. *Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді,екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді.
Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- Біз көңілді балалармыз,

- Бір орында тұрмаймыз.

- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
- Біз сабырлы балалармыз,

- Біз апайды тыңдаймыз.

- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

- Жарайсыңдар, балалар.

- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.

- Аспан ашық, дала кең,

- Кел, қоныңдар тырналар.

- Мен сендерге жем берем,

- Дос болайық, тырналар.

- Трау-трау-трау-трау!

- Трау-трау-трау-трау!

- Тамаша.

2.4. Ән салу. Д. Ботбаевтың «Комбайыншы боламын» әні.

- Балалар, комбайнды көргендерің бар ма?

- Мына суреттегі комбайн, солай ма?

- Комбайн жүргізетін адам туралы не білесіңдер?

- Комбайн жүргізетін адам комбайыншы деп аталады.

- Комбайыншы кәсіп иесі бола ала ма?

- Комбайыншы егістікте жүретін нағыз керек маман иесі.

- Комбайыншы егістікте жүріп астық орады, жинайды, қамбаға апарады.

- Балалар, комбайыншы туралы ән де бар екен, сол әнді айтып, үйренейік.

- Д. Ботбаевтың әні «Комбайыншы боламын».

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кішкентай қаршаларғақарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.

- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:

- Шығарма қалай аталады? Калинка.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. - Қазір балалар, бәріміз құрылысшы боламыз. «Музыкалық балға»музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойын шарты: Ән-күй жетекшісі балаларға музыкалық балғаны таратады, балаларға карточкадағы көрсетілген ырғақты музыкалық балғамен бірге соғуғаұсынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін оқу қызметі көңілді өтті, солай ма, балалар? Иә.

- Сендерге оқу қызметі ұнады ма? Иә.

- Қандай күй тыңдадық? «Келіншек» күйін.

- Қандай ән айтуды үйрендік? «Комбайыншы» әнін.

- Қандай ойын ойнадық? «Көңілді ноталар» дидактикалық ойынын.

- Балалар, бүгін оқу қызметінде белсенді болғандарың маған қатты ұнады.

Музыка: До-Ре-Ми Бағдаршам
9.02.2023
14.02.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу, ән айтукезінде әуеннің мағынасын эмоционалды қабылдай білу, топпен ілесе білу қабілетін жетілдіру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.

Сөздік жұмыс
"Техника", "Тұрмысқа қажет заттар", "Көмек береді", "Бағдаршам" сөздерінпайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл,кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар.
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын,
Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залғакіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге отырғызып:
- Балалар, біз барлық аспатарды білеміз бе?

Педагог интербелсенді тақтадан музыка аспаптарының бейнежазбасын көрсетеді.
- Көрдіңдер ме балалар, музыкалық аспаптардың түрлері өте көп және әрқайсысының үні әдемі.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен балаларды шеңбергетұрғызады:
- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдардыорындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтыққимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:
Бота Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әні.
- Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Балалар, ән қалай аталады? Бағдаршам.

- Балалар, әннің әуенін жазған Бота Бейсенова.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте қызық ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Балалар, әнін жазған сазгер кім?

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Бағдаршам

2.2. «Музыкалық аспаптың даусын анықта» музыкалық-дидактикалықойыны.

Мақсаты: Әуенді салыстыруға, аспаптар үнің ажырата алуға үйрету.
Ойын шарты. Балалар көздерін жұмып тұрады, тәрбиеші музыкалық аспаппенойнайды,

балалар қай аспаппен ойнағандығын табуы керек.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі ән салар алдында балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар қуанып қалады.

- Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.

- Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

- Бастаймыз, балалар.

- Домбыраны қолға алып,

- Ән айтамыз толғанып.

- Дан-диги-дан.

- Қобыз аспап киелі,

- Оны бәрі сүйеді.

- Пара-ри,пара-ри.

- Сыбызғыны үрлейміз,

- Жалқаулықты білмейміз.

- Ду-ду-ду.

- Трам-та соқса барабан,

- Қызыға жұрт қараған.

- Трам-та-та.

- Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. И. Сапарбаев «Ойыншықтар» әні.

- Балалар, ойыншықтарға да арналған "Ойыншықтар" әні бар, сол әнді үйреніпалайық?!

- И. Сапарбаевтің әні «Ойыншықтар», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі балалардың бәріне дабылды үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына дабыл аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

- Балалар, дабылды алдымызға ыңғайлы қояйық, балалар! Енді балалар, дабылда ойнауға дайындалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, дабылдың суреті мен дауысын көрсетеді.

- Нені көріп тұрсыңдар, балалар! Дабылды. Дұрыс.

- Енді дабылдың дауысын тыңдайық!? Балалар тыңдайды. Тамаша.

- Енді жаңағы дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге дабылда ойнаймыз. Алдымен дабылды бірге ұруды үйреніп алайық. Содан кейін Д. Кабалевскийдің

«Труба мен дабыл» шығармасына сай дабылдар оркестрін құраймыз,металлофонда ойнаймыз.
Педагог балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде дабылда ойнау керектігін айтады. Дабыл аспабында ойнап болған соң,музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығарма не туралы? Труба мен дабыл туралы.

- Шығарма авторы кім? Д. Кабалевский.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге дабылда ойнаймыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып,дабылды бірге ойнатып жаттықтырады.

2.6. «Көңілді ноталар» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Бәріміз шеңбер құрып отырамыз, берілген түстерді ретімен қоямыз. Әр балаға жеті нота салынған каптамалар беріледі, жетекші айтуымен орналастырады. Сонғы нота қойылған сон орындарынан тұрады. Балалар, қарандаршы,біздің құрастырған түстерден ненің бейнесін көріп тұрмыз? Енді балалар, осы түстерді,яғни ноталарды аяқ қимылы арқылы тауып алайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:
- Балалар, бізге бүгін қуыршаққа қандай жақсылық жасадық?

- Ән тыңдаттық. Жақсы.

- Қандай ән тыңдадық, балалар?

- «Бағдаршам» әнін.

- Қандай ән айтуды үйрендік?

- «Ойыншықтар» әнін.

- Қандай ойын ойнадық? «Күннің көзі және бұлт» ойынын.

- Балалар, бүгін қандай техника түрі туралы білдік? Үтік туралы. Сендерге оқуқызметі ұнады ма? Иә.

- Оқу қызметі де осымен аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Біз шадыман баламыз

16.02.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; биэлементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Дені сау адам", "жаны сау", "күлкі - шаттық шуағы", "күлкі әлемі", "Біз шадыман баламыз" сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, суреттер көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, сылдырауықтар аспабы, қоңыраудың үш түрі (үлкен, орта және кіші).

2. Үлестірмелі материалдар

әр балаға сылдырауықтар, балалардың әрқайсысында қоңыраудың үш түрі(үлкен, орта және кіші)

Е. Тиличеева «Марш»
М.Старокадомский «Қысқы би» (Пр.48) музыкалық ырғақтық-қимылБ.
Жүсіпалиев «Көңілді марш» әні (ән тыңдау)
Ә. Бейсеуов «Біз шадыман баламыз» әні (ән айту)
«Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау"Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны
«Bells» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Қысқы көктем".

Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасымен салтанатты адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жасаған адымдарына қарап:

- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз. Жарайсыңдар.Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, біз қимыл жасаған сайын денсаулығымыз шыныға түседі, солай ма?Иә. Деніміз сау болса, жанымыз да сау болады, дұрыс па? Иә.

- Олай болса, балалар, кілемнің үстіне шеңбер жасап отырамыз, қазір ойналатын музыкамен бірге көзімізді жұмамыз. Қимылдарды менімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қазір қыс мезгілі болса да көңілімізде көктем.

- Көздеріңді ашпай, мен айтып отыратын қимылдарды жасаймыз, қолымызды жанымызға жіберіп, алақанымызды сәл бүгіп, ұстап отырамыз, жарайсыңдар.

- Қолымызды сол күйінде ұстап, алдымызға алып, келіп, ұстап отырамыз.

- Қолымызды сол ұстаған күйінде жанымызға қарай, сәл жоғары көтереміз.

- Ақырын қолымызды бүгіп, тіземіздің үстіне қойып, көзімізді ашамыз, бір-бірімізге қарап, күлімсіреміз. Жарайсыңдар.

Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.

- Балалар, тамаша болды, рақмет.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:

- Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасымен би элементтерін үйренуді әрі қарай жалғастырамыз

М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды.
Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңберадымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, солжаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасы бойынша музыка жетекшісі қарапайым вальс элементтерін енгізеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балаларды шеңбер бойынша орындықтарға отырғызып:

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Кімнің суретін көріп тұрсыңдар? Балалардың.

- Балалар не істеп тұр? Адымдап жатыр.

- Балалар қалай адымдап жатыр? Дұрыс адымдап жатыр.

- Балалар, сендер де дұрыс адымдауды білулерің ерек. Сондықтан қазір біз Б.

Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әнін
(Аудиозапись песни Б. Жусипалиева "Веселый марш")
тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Балалар, ән қалай аталады? Көңілді марш. Дұрыс.

- Балалар, әннің әуенін жазған Б. Жүсіпалиев, қайталайық. Жарайсыңдар.

- Адымдаймыз алға,

- Бұрыламыз солға.

- Бұрыламыз оңға,

- Салтанатпен алға.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Бәрің орындарыңнан тұрыңдар, балалар? Әнді бәріміз тағы да қосылыптыңдаймыз, енді орнымызда тұрып, әннің әуенімен адымдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Балалар, әнін жазған сазгер кім? Б. Жүсіпалиев. Дұрыс.

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Көңілді марш. Жарайсыңдар.

2.2. "Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны

- Балалар, тақтаға қарайықшы, тақтада әртүрлі үйлердің суреттерібар. Қазір әуен ойналған кезде сол әуеннің сипатына қарай тақтадағы қай үйдіңкөңіл-күйіне сәйкес келетінін айтып бересіңдер, келістік пе? Жарайды. Музыка жетекшісі тақтадан балаларға әуендердің ойналуын көрсетеді. Ж. Қалжановаңың «Елімізді сүйеміз» (марш), А. Еспенбетованың «Күзге сәлем!» (вальс), халық әні «Әлди» (бесік жыры) әндері орындалады. Балалар ойын шартыбойынша әртүрлі әуендердің сиптына қарай тақтадағы үйлердің көңіл-күйін табады. Балалардың жауаптары дұрыс болса, көңілді әуен ойналады, ал жауаптары дұрыс болмаса, ренжу әуені орындалады.

- Балалар, әуендерді асықпай тыңдайық, сипатын ажыратайық.

Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады. аңбалауыштарыңды салыпқойыңдар.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- га-га,

- ду-ду,

- ко-ко,

- ля-ля. Жарайсыңдар.

- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.
Лағым

- Шөре-шөре, лағым,

- Тентек болма, шырағым,

- Секектеме, деміңді ал,

- Селтеңдемей құлағың. Тамаша.

- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек
- Ағашта биік,

- Бір құсты көрдік.

- Сайрайды сол құс,

- Сайрайды талмай.

- Кө-кек, кө-кек,

- Аты оның содан,

- Атанған кө-кек.

- Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

Ә. Бейсеуовтің әні «Біз шадыман баламыз»(әні: Ә.
Бейсеуовтікі).
Музыка жетекшісі ән айтудың алдында балалардың өлеңнің атына сай сурет
көрсетеді
- Балалар, суретте кімдер бейнеленген?

- Балалар не теуіп бара жатыр?

- Балалар, шаңғы тепкен жақсы ма?

- Сендер шаңғы тебе аласыңдар ма?

- Шаңғының қандай пайдасы бар?

- Дені сау болады, аз ауырады, солай ма?

- Балалар, осындай балаларға арналған "Біз шадыман баламыз" әні бар, сол әндіүйреніп

алайық?!

- Ә. Бейсеуовтің әні «Біз шадыман баламыз», бәріміз орындықтың шетіне отырып,кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

- Балалар, шадыман деген сөз көңілді, шымыр, қайратты деген мағынаныбілдіреді.

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып,менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Қамажай.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. «Bells» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетін дамыту.

Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қоңырауларды пайдалану.
Музыка жетекшісі балаларды үш командаға бөледі, балалардың әрқайсысында қоңыраудың үш түрі (үлкен, орта және кіші).
Егер, кең өлшемдегі әуен естілсе, ойыншылар үлкен қоңырауды көтеруі керек,қалыпты әуенге орташа, ал егер тыныш, ақырын ойналатын әуенге кішкентай қоңырауды көтеріп, сылдырлатуы керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің қорытынды бөлімінде музыка жетекшісі:
- Балалар, бізге бүгін оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер.

- Сендерге риза болып отырмын. Балалар қуанып қалады.

- Балалар, бүгін көңілді ән тыңдап, шана туралы жаңа ән үйрендік. Қызықойындар ойнадық.

- Оқу қызметі ұнады ма, балалар? Иә.

- Оқу қызметі аяқталды, балалар, сау болыңдар!

-

Музыка: Үлкен қоңырауды көтерейік
21.02.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айжыратып, топпен әндібір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу, би элементтерін музыка ырғағынасай жасай білу, музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін шыңдау; музыканы есту қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Дені сау адам", "жаны сау", "күлкі - шаттық шуағы", "күлкі әлемі", "Біз шадыман баламыз" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, суреттер көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасымен салтанатты адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жасаған адымдарына қарап:
- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз. Жарайсыңдар.

Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіптұрады).

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
Қайырлы таң балалар! Сәлем
бердім саған елім!Тал бесігім
туған жерім. Сәлем бердім
бәріңізге!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
- Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасымен би элементтерін үйренуді әрі қарай жалғастырамыз.

М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды.
Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, солжаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.
М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасы бойынша музыка жетекшісі қарапайым вальс элементтерін енгізеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әнін.
тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Балалар, ән қалай аталады? Көңілді марш. Дұрыс.

- Балалар, әннің әуенін жазған Б. Жүсіпалиев, қайталайық. Жарайсыңдар.

- Адымдаймыз алға,

- Бұрыламыз солға.

- Бұрыламыз оңға,

- Салтанатпен алға.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Бәрің орындарыңнан тұрыңдар, балалар? Әнді бәріміз тағы да қосылыптыңдаймыз, енді орнымызда тұрып, әннің әуенімен адымдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Балалар, әнін жазған сазгер кім? Б. Жүсіпалиев. Дұрыс.

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Көңілді марш. Жарайсыңдар.

2.2. "Сиқырлы қорапша" музыкалық-дидактикалық ойын. *Мақсаты:*
тыңдау арқылы дыбыстық қабылдауын қалыптастыру, қолмоторикасын жетілдіру, ойлау қабілетін дамыту.

Шарты: Ойынға бірнеше баланы шығарып, олардың алдына аспаптар салынғанбірнеше қораптар қойылады. Балалар сол қорапшаларға қолдарын созып, ішіненне байқағанын, қандай дыбыс шығарғанын білу. Соңынан баланың дұрыс жауапбергенін білу үшін аспапты шығарып көрсету.

2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- га-га,

- ду-ду,

- ко-ко,

- ля-ля. Жарайсыңдар.

- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым

- Шөре-шөре, лағым,

- Тентек болма, шырағым,

- Секектеме, деміңді ал,

- Селтеңдемей құлағың. Тамаша.

- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.

- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек

- Ағашта биік,

- Бір құсты көрдік.

- Сайрайды сол құс,

- Сайрайды талмай.

- Кө-кек, кө-кек,

- Аты оның содан,

- Атанған кө-кек.

- Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Ә. Бейсеуовтің әні «Біз шадыман баламыз».Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын -

хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып,менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау.

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Қамажай.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. «Музыка бояулары» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Музыка сипатын ажырату. Ән, Би, Вальс, Марш жанрларын ажырата білуге ықпал ету. Түрлі-түсті желпуіштердің түсіне қарай жанрларды ажырату.
Ойынның шарты: Жасыл түс - ән айту, қызыл түс - көңілді билеу, сары түс - вальс ырғағы, көк түс - марш ырғағы екенін түсіндіру. Музыкалық шығарма тыңдалады, бірнеше рет қайталап, желпуіштермен жаттығу жасай білуге үйретеді. Балалар түрлі жанрдағы музыканы тыңдап, желпуіштерді көтеруге үйренеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:

- Балалар, бізге бүгін оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер.

- Сендерге риза болып отырмын. Балалар қуанып қалады.

- Балалар, бүгін көңілді ән тыңдап, шана туралы жаңа ән үйрендік. Қызықойындар ойнадық.

- Оқу қызметі ұнады ма, балалар? Иә.

- Оқу қызметі аяқталды, балалар, сау болыңдар!

Музыка: Көктем әні керемет
23.02.2023
28.02.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың көктем туралы әннің сипатын ажыратау білу, дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу, әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалықаспапта шығарманы ойнай білу қабілеттерін жетілдіру; эстетикалық талғамындамыту.
Сөздік жұмыс
"Көктем жаршысы - құстар", "Келді құс та ән салып","Ана-көктем", "Құттықтаймыз!", "Керемет күн!", "Анажаным" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, сурет көрсету, пысықтау, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалықойындар картотекасы.
Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жылқы адымы" жаттығуын жасайды.Музыка жетекшісі балаларға:
– Балалар, мойнымызды сәл иеміз, енді жылқы сияқты жүріп келе жатып, ырғақты секеңдейміз. Жарайсыңдар. Балалар жылқы адымынан кейін жайадымға ауысып, залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі:
Ән саламыз күнде біз,
Шаттық толы іргеміз.

Біз мәңгіге достармыз.
Біз мәңгіге біргеміз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
– Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.

«Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбергетұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзітұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарындатұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарыменсол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс халықәуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату", "аяқты қайшылау".

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

– Ә. Бейсеуовтің әні «Көктем».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды.
– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатып, әнге қатыстыой қозғау мақсатында балаларға түсінік береді:
– Балалар, "Ана" деген сөз қасиетті мағынаны білдіреді, солай ма, балалар? Иә.Тамаша.

– Анамыз болса, біз бақыттымыз. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар.

– Әлемдегі барлық әндер анадан басталады. Сондықтан біз аналарымызды құрметтеп, қадірлеуіміз керек.

Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:
– Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ана туралы.

– Әуенін жазған сазгер кім? Ескендір Хасанғалиев.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Ырғақты қайтала" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.
Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар. *Шарты:* Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәлсол аспапта ырғақты

қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.

– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Біз көңілді балалармыз,

– Бір орында тұрмаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

– Біз сабырлы балалармыз,

– Біз апайды тыңдаймыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Жарайсыңдар, балалар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Балалар, енді біз анамыздың тілін қалай аламыз, көрейік.

– Біз көңілді баламыз,

– Ана тілін аламыз.

– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

– Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля.

– Тамаша.

2.4. "Ән салу. Б. Бейсенова «Анажаным» әні.

– Б. Бейсенованың әні «Анажаным», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап,

бірге аяқтауларын қадағалайды.
–
Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен алма, кішкентай алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:
– Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

– Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, ал

сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
– Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып,менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Айгөлек» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау.

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканыңқай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
– Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы аналарғаарнаймыз, солай ма? Иә.

– Балалар, аналарға әлемдегі бар байлықты тарту етсек те аз болады, солай ма?Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
– Шығарма қалай аталады? Айгөлек.

– Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

– Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.

– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында музыка жетекшісі қорытындылайды.
– Бүгін оқу қызметі сендерге ұнады ма?
Балалардың жауаптары.

– Бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық, балалар?

– «Көктем» әнін.

– Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік? «Анажаным» әнін.

– Қандай аспапта ойнадық? Сылдырауықтар.

– Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе!

– Олай болса, оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Менің сүйікті ауылым

2.03.2023
7.03.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстардыажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе ән айту, музыка әуенімен бірге биқимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру; қазақи әуенге деген қызығушылығын арттыру; туған елге сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жаяу Мұса", "Ақ сиса", "зорлық-зомбылық", "бай", "кедей", "Тамшылар" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

